

*6 63

Ө-43

М. Ш. ӨМІРБЕКОВА



САҚ (СҚУП)
ТАРИХЫ
МЕН МӘДЕНИЕТИ

ALMA-ATAI

Т
000
0-43
43
М. Ш. ӨМІРБЕКОВА

САҚ (ЕКУФ)
ТАРИХЫ
МЕН МӘДЕНИЕТИ

ZIRAI
PRESS

Алматы
2004

**Ә.Х.Марғұлан атындағы археологиялық
институтының Ғылыми Кеңесі ұсынған**


Пікір жазғандар:
профессор З.С. Самашев
профессор Т.Х. Ғабитов

**М.Ш.Өмірбекова. Сақ (скиф) тарихы мен мәдениеті. Оқу
құралы - Алматы: «Зият Пресс», 2004 ж.- 112 б.**

ISBN 5-7667-7902-X

Оқу құралы б.з.б. VIII-I ғ.ғ. өмір сүрген сақ (скиф) тайпа атымен аталған кезеңге арналады. Бұл кітапта ежелгі сақтардың қолөнері, бейнелеу өнері, жазу тарихы қазақ халқымен мәдени-тарихи сабақтастығы жан-жақты қарастырылып, талдау жасалған.

“Сақ (скиф) тарихы мен мәдениеті” атты оқу құралы жоғары және орта оқу орындарының студенттері мен оқушыларына және көпшілік қауымға арналған.



ISBN 5-7667-7902-X

© М.Ш.Өмірбекова, 2004

КІРІСПЕ

“Сақ (скиф) тарихы мен мәдениеті” атты оқу құралы алғашқы рет көпшілікке ұсынылып отыр. Ежелгі кезеңде өркениетті мемлекеттердің бірі болған сақтар (скиф) мен қазақ халқының мәдениеті бір тұтас қарастырылады.

Еуразия құрлығында өмір сүрген сақ (скиф) тайпалары археологиялық деректер бойынша б.з.б. VIII-I ғ.ғ. Оңтүстік Сібір, Орта Азия, Батыс Түркістаннан бастап Балхаш, Алтай, Памирге дейін жерлерді мекендеген. Олар ежелгі өркениетті мемлекеттер - Грек, Қытай, Парсылықтармен мәдени, саяси - экономикалық байланыста болды. Сондықтан сақтар (скиф) туралы тарихи деректер гректер мен римдіктерде (Геродот, Хэрил Самосский, Ктесия, Страбон, Аррион, Птоломей) Бехистун сына жаууларында қытай деректерінде және үнді халқының әдеби ескерткіштерінде (“Рамаяне”, “Махабхарате”) кездеседі. Грек тарихшылары сақтарды өз деректерінде “азиялық скифтер” деп атаса, ал парсылықтар “сақтар”, үнділер “шакья” деп атаған.

Орта Азия, Сібірден бастап Қара теңіз жағалауына дейін өмір сүрген сақ (скиф) тайпаларының тарихы бүгінгі күні өз деңгейінде зерттелген жоқ. Берілген оқу құралында этнографиялық материалдарға этноинтерпретациялық талдау жасалды. Кітапқа енген көне ескерткіштер Таулы Алтайдағы Улаған өзен өңіріндегі Пазырық обаларынан табылған. М.П.Грязнов (1929) пен С.И.Руденконың (1947-49) қазба жұмыстары кезінде табылған көне ескерткіштері қамтылды. Археологтардың тапқан материалдық заттары сақтардың (скиф) салт-дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігіне толық сипаттама бере алмады, сондықтан ежелгі грек тарихшысы Геродоттың деректері пайдаланылды. Геродоттың шығармалары б.з.б. V ғ.ғ. бұрын жазылғандықтан бізге оғаштау исседон, массагет, андрофаг тайпаларының салт-дәстүрлеріндегі өзіндік ерекшеліктер жазылған. Сондай-ақ Геродот шығармасындағы кейінкерлер мифтік дүниетанымнан туған тұлғалар болуы да мүмкін. Соған қарамастан грек ғұламасының шығармасында көшпелілерге қатысты құнды мағлұматтар көп. Сақ (скиф) мәселесін зерттеген ғалымдардың барлығы Геродоттың тарихи деректеріне сілтеме жасады. Ежелгі антикалық кезеңде өмір сүрген көшпелілердің тарихы Геродоттың еңбегінің IV-ші томында кең қамтылған. Геродот сармат, арғишей тайпаларының тілдеріне қатысты сипаттама береді. Скиф

тілі туралы болжамдар болмаса нақты деректер жоқ. Егер антикалық авторлардың шығармаларына сүйенсек бір этникалық топты құрайтын әр тайпаның тілдерінде өзіндік ерекшеліктері болған. Сақ (скиф) тайпалары б.з.б I ғ. этникалық жағынан туыстас тайпаларды біріктіріп өркениетті мемлекет құрады. Сақ (скиф) патшасы Атей б.з.б. 339ж. сақ (скиф) тайпаларын біріктіріп Александр Македонскийге қарсы жорыққа шыққан. Сақтар (скиф) б.з.б.VII ғ.ғ. Кимирейліктермен соғысып жеңіске жетті. Ал, б.з.б. VII ғ.ғ. 70 жылдарында олар Үндістан, Сирия, Палестинаны жаулап алады. Еуразия құрлығында өмір сүрген сақ өркениетті мемлекетінің бейнелеу өнері мен қолөнерінде және жерлеу рәсімінде дәстүрлі тұтастық сақталған. Таулы Алтай өңірінде В.В. Радловтың Қатанды қорғанынан 1865 жылы тапқан құнды заттары көшпелілер туралы Батыс ғалымдарының көзқарастарын өзгертті деуге болады. Сақ (скиф) көсемдерінің бай қорғандарынан олардың жерлеу рәсімі, бейнелеу өнері мен қолөнері туралы мағлұмат алынды. Бүгінгі күні Қазақстанның археологтары да сақтардың қорғандарынан көптеген көне ескерткіштер тауып, дүние жүзінің мәдени коллекциясын толықтыруда. К.Ақышевтың “Есік обасы” мен З.Самашевтың “Берел обасынан” сақтардың (скиф) құнды заттары табылды.

“Сақ (скиф) тарихы мен мәдениеті” атты оқу құралына сақтардың алғашқы “заттық мазмұндағы” жазу тарихы және космогониялық, тайпа таңбалары енді. Бұл таңбаларды көшпелілердің ежелгі рун сына жазуының негізін қалыптастырды деп айтуға болады. Сондай-ақ сақтардың кейінгі ғасырда қолданбай кеткен “аң стилі” мен салт-дәстүрі, қолөнері жан-жақты қарастырылды.

1. САҚ ӨНЕРІ-ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ АРХЕТИПІ

1.1 САҚ ДӘСТҮРІНДЕГІ РӘМІЗДІК ҰҒЫМДАР

Ресей ғалымдарының жүргізген археологиялық жұмыстары сақ мәдениетінің б.з.б. VIII-I ғ.ғ. өте жоғары болғанын дүние жүзіне дәлелдеді. В.В.Радлов 1865 жылы Алтайдағы Қатан өзенінің бойындағы Қатанды қорғанында қазба жұмыстары кезінде көптеген құнды дүниелер тапты. Алтайдағы үлкен Улаған өзен өңіріндегі Пазырық шатқалында сақ (скиф) кезеңдерінен қалған әр түрлі көлемдегі бес обаны 1929 жылы М.П.Грязнов, ал 1947-49 жылдары С.И.Руденко зерттеген. Археологтардың қазба жұмыстары кезінде табылған материалдық заттар сақтар туралы толық мағлұмат бере алмады. Олардың қоғамдағы дәстүрлері мен наным-сенімдерін, сондай-ақ ділін, тілін ежелгі антикалық авторлар жазып кеткен. Темір кезеңінде өмір сүрген сақ (скиф) тайпалары туралы жазылған ежелгі грек антикалық авторлардың тарихи деректерін екі топқа бөліп қарастыруға болады:

I. Ежелгі грек антика тарихшыларының деректері Геродот (б.з.б. V ғ.), Ксенофонт (б.з.б VI - V ғ.ғ.), Птолемей (б.з.б II ғ.)

II. Ахеменидтердің сына (ежелгі парсылықтар) жазулары.

Сақ (сакиф) тайпаларына қатысты Геродоттың "История из девяти книг" деген шығармасының IV томы скифтерге арналған. Геродоттың еңбектерінде сақтар (скиф) мен қазақтардың арасындағы тарихи-мәдени сабақтастық берілген. Ежелгі автор негізінен сақтардың (скиф) қоғамдағы салт-дәстүрі мен ежелгі діни дүниетанымын баяндаса, ал Ктесий еңбектерінде сақтардың (скиф) әскери жорығы мен Мидия, Парсы елдерімен саяси қарым - қатынасы жазылған. С.И.Руденко: "сақтар (скиф) өз территориясында ерекше көшпелі тұрмыс - салтын қалыптастырды" - дейді. Еуразия құрлығында өмір сүрген әр түрлі этникалық тайпалардың құрамында европалық және моңғол типтес нәсілдер сақ (скиф) көшпелілердің біртұтас идеологиясы мен мәдениетін қалыптастырды. Геродот көшпелілер өмір сүрген жерлердің сақ - номад, сақ-егіпші, сақ-аңшы топтарының енісінде болғанын айтады. Ол сондай-ақ сақтарды нәсіпшілігіне қарай Батыста сақ - номадтар, ал Шығыста сақ - егіпшілер өмір сүрген деп бөлген.

Сақ (скиф) тайпалары өмір сүрген жерлер өте құнарлы. Египетте қанша каналдар болса, көшпелілердің жерлерінде де сонша өзендер ағады. Олар: Истр, Тирас, Гипанис, Борисфев, Пантикап, Гипакирис, Герр, Танаис. Ежелгі адамдар өзен-көлдердің жағалауындағы құнарлы

жерлерде қоныс тепкен. Сақтардың (скиф) үй құрылыстары туралы деректер өте аз. Таулы Алтай өңірінде салынған қорғандардың ішкі құрылысы ғалымдардың пайымдауынша сақтардың үйлерінің ежелгі нұсқасы болуы мүмкін. Ауқатты сақтардың үйлері ағаштан, ал шөл далада өмір сүрген сақтардың ғимараттары қыштан салынған. Еуропа сақтар (скиф) қоршалған қамалдардың ішіне үйлер мен мал ұстайтын қораларды бірге салған. Көшпелі тайпалар ежелден тұрмыс - тіршілігіне ыңғайлы киіз үйлер мен киізбен жабылған арба үйлерде өмір сүрген. Мұндай үй Еуропа мен Орта Азия сақтары үшін олардың көшіп - қонуына өте қолайлы болған.

Сақ (скиф) кезеңінде көшпелілер Орта Азия, Тянь-Шаньнің шығысы мен моңғолия даласынан бастап, Қытайдың Солтүстігіндегі Ордосқа дейінгі аймақты алып жатты. Орта Азия, Солтүстік Қара теңіз, Орталық және Батыс Алтайда, Минусинскі, Ордоста археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған көне ескерткіштердің ұқсастықтарын М.И.Артамонов қытай тарихи деректеріне сүйеніп, бұл тайпалардың этникалық тұптамасы бір деп тұжырымдайды. Археологияда бұл кезең “скиф мәдениеті” немесе “скиф - сібір мәдениеті” деп аталып кеткен. Бұл мәдениетпен қатар сақтарға (скиф) туыстас ирандық тайпалар да өмір сүрген. Топономиктердің деректерінде ирандық тайпаларға қатысты географиялық атаулар Оңтүстік Сібірден бастап Енисейге б.з. дейін сақталған. Ал, В.Бартольд: “Орта Азияда арий тайпалары өмір сүрген деп жорамалдағанымен, бұл тайпалар жергілікті тұрғындар ма, әлде басқа жерден ауып келген дер ме? - деген сұраққа нақты жауап жоқ” - дейді.

Көшпелілердің мәдениеті мен тарихының қалыптасуына Ұлы держава идеологиясының кері әсері тиді. Г.Е.Грум-Грижмайло Орта Азияда ақ нәсілді тайпалардың тұрғанын дәлелдеу үшін жиырма бес жыл ғылыми зерттеулер жүргізді. Оның пікірінше: “Орта Азияда жирен шашты, бастары сопақ, ұзын бойлы болып келген динлин европалық нәсілі өмір сүрген” - дейді. Ол динлиндерді (тиглич) ежелгі угро - фин тайпасына жатқызады. Олар Саяно - Алтай, Гоби жерін мекендеген, сондай - ақ Солтүстік Қытайды жаулап алып, Чжоу әулетін құрды деген пікір бар. Қаңлы мен үйсіндер б.з.б III ғасырдың орта шеніне дейін Қытайдың Солтүстігінде мекендеген Орта Азияда этносаяси топтардың бірігуінен пайда болған ежелгі тайпалар. Олардың орталығы Іле өзенінің Оңтүстігіндегі Ақсу қалашығы. Г.Е.Грум - Грижмайло “ақ еуропалық нәсілді” бір тайпаның бойынан ғана емес, ол жеке тайпа көсемінің бойынан да табуға тырысқан. Ғалым б.з.ХІІІ ғасырда өмір сүрген бойы биік, батыр тұлғалы, сақал қойған, ақ құба Шыңғысханды динлиндердің соңғы ұрпағына жатқызады.

Сақ (скиф) қоғамында еуропалық, моңғол нәсілді адамдар аралас өмір сүрген. Олардың қоғамында патриархальды тап болғанына қарамастан сақ әйелдері еркектер мен қатар аң аулап, соғыс жорықтарына қатынасып, елін жаудан қорғаған. Жауынгер әйелдердің соғыс жорықтарына қатысуы археологиялық қазба жұмыстары кезінде дәлелденді, олар қорғандарда соғыс қару-жарақтары мен бірге жерлеген.

Көшпелі өмір сүрген сақтардың негізгі кәсібі мал шаруашылығы болғандықтан оларға үнемі кең алқап, құнарлы жерлер қажет болған. Осындай жерлер үшін сақ тайпаларының арасында жиі қақтығыстар болған. Тайпалардың бір-бірінің малдарын айдап кетуі дәстүрге айналған десек те болды. Мұндай қарақшылық әрекеттер қазақ даласында кейінгі ғасырларда да сақталған. Барымта - бір тайпа, екінші тайпаның малын айдап кету сақ кезеңдерінде пайда болған" - дейді С.И.Руденко. Барымта қазақтарда кеңес үкіметі орнағанға дейін сақталған. Мыңдаған мал ұстаған бай - шонжарлар мен ру арасындағы келіспеушілік кезінде бір-бірінің малын айдап кетіп отырған.

Көшпелі қоғамының әр кезеңінде мал шаруашылығы үлкен рөл атқарды. Тіршілікке қажетті заттардың барлығын малдан өндіріп алатындықтан, олардың байлықтары мал басымен, оның ішінде жылқы басымен есеп-телген. Сақтардың дүниетанымын, бейнелеу өнері мен салт-дәстүрлерін де малмен байланыстырамыз. И.Е.Никонов: "Жылқы көшпелілерде киелі жануар болып саналған. Сондықтан сақтар(скиф) жылқының суретін қолөнер бұйымдарына бейнелеген. Чертомылық обасына табылған алтын жалатқан күміс құмырада жайылып жүрген жылқылар, сол сияқты асау аттың мойнына құрық салып, арқан тартқан үш сақ (скиф) бейнесі ойылып түсірілген. Ол сюжетке қосымша атты тізесіне бүктіріп жаттықтырушы сақтардың да (скиф) суреті берілген" - дейді. Чертомылық қорғанында табылған адам мен жануарлардың суреттерін скифтердің шынайы өміріне қатысты деп қарауға болады. Мифтік ұғымда бейнеленген Фагимасада құдайына тек сақтардың (скиф) патшалары, көсемдері табынған. Днепрдің төменгі ағысында сақтардың (скиф) пашалары жерленген 20 қорған табылды. Қытай деректерінде адам өлтіруші жазаны аттың санымен өтейді. Үйлену кезінде қазақтар мен қырғыздардың салты бойынша қалың малды жылқы басымен төлеген. Жылқы, түйе көшпелілердің ең киелі жануарлары. Сақтардың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі мен шаруашылығы еуропалық және азиялық сақтарға (скиф) ортақ болды.

Көшпелілердің мыңғырған малдарына арнайы шөп дайындалмағандықтан олар жайылымдарын жиі ауыстырып отырған. Көшпелілер

табиғатпен етене бауыр басып кеткен халық. Жерге, өсімдікке деген көзқарас әрбір тайпаның малды белгілі бір жерге жаюды қалыптастырды. Мал жайылымы қымтау, жайлау, көктеу, күзеу деп бөлініп, көшпелілердің жылдың төрт мезгілінде де қоныс тепкен арнайы жерлері болды. Әр тайпаның, әр рудың мал баққан жерлері солардың меншігіне айналды. Бір тайпаның жеріне екінші тайпа мал жаюға немесе рұқсатсыз көшуі үлкен дауға айналған. Сақтар мыңдаған жылқыларын қарақшылықтан сақтап қалу үшін арнайы салт атты жауынгерлер жасақтаған. Сонымен сақтар (скиф) көшіп-қону үшін ең қолайлы жануарлардың бірі жылқыны пір тұтқан. Ал, алтайлықтар болса тек айғырды мініп, олар ешқашанда бие мен тайларды ерттемеген. Жылқының еті мен қымызы сақ кезеңдерінен бері көшпелілердің дәстүрлі тағамы болып есептеледі. Бие сүтінің асқазан ауруларына, ал оның еті атресклероз, рак ауруларынан қарсы шипалық қасиеті бар екені ғылымда дәлелденді. Ғалым - аптекарь И. Сиверс: "көшпелілер жылқы сүтінен қымыз ашытып, шипа ретінде қолданады. Өзінің алтай өңірінде қымыз ішіп көптеген аурулардан жазылғанын айта келе, тері ауру, жұқпалы, туберкулез ауруларының көшпелілерде мүлдем кездеспейді" - дейді. Ата-бабамыздың дәстүрі бүгінгі күнге дейін өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Күзге таман жыл сайын жылқы сойып одан дәстүрлі тағам қазы-қарта, жал-жая дайындайды, ал жылқының қымызын ауру адамдарға шипа ретінде қолданады. Көшпелілердің ауқатты адамдары жылқыны азық етсе, қатардағы көшпелілер қойды азық қылған.

Көшпелілердің өмірінде тағы бір маңызды жануар - қой. Қойдың жүні, сүті, еті қысы жазы оларды асыраған. Сондықтан көшпелілердің дүниетанымында қой тотемдік таңбаға айналып, магиялық әсері болған. Қойға байланысты бейнеленген рәміздік таңбалар - бақ, берекені тұспалдайды. Егер ауқатты сақтардың байлығы ірі қара малмен есептелсе, ал қатардағы сақтар қой, ешкі өсірген. Сол кезеңнің адамдарының киім-кешегі, үй жабдықтары, тіпті ет пен сүті осы қойдың арқасында қамтамасыз етілді.

Сақтар ешкіні үй жануары ретінде қашан қолға үйреткені туралы нақты деректер жоқ, бірақ сақ шеберлерінің бейнелеу өнерінде жабайы тауешкілер түрлі нұсқада көп кездеседі. Археологиялық жұмыстар кезінде ешкінің терісі V Пазырық қорғанынан табылған. Алтай шеберлері грифон құсына тауешкінің мүйізін, қораздың айдарын қондырып қиялдан туган құстардың мүсіндерін түрлі мәнерде жасаған.

Таулы Алтайлықтар үй құстарынан қораздарды асыраған туралы деректерді сақ шеберлерінің бейнелеу өнерінен көруге болады. Сақтарда

(скиф) үй құстары сирек кездеседі. Шеберлер қораздың нақты және стилизацияланған бейнесін былғарыдан ойып, сондай-ақ қос қораздың нақты бейнесімен құмыраның сыртын әшекейлеген. Алтайлықтардың тұрмыс - тіршілігінде қораздар қандай рөл атқарғандығы туралы біздерде нақты деректер жоқ, ал парсыларда бұл құс киелі саналған. Парсылықтардың дүниетанымында от, ит, және қораз айналадағы жын-шайтаннан қорғаушы және жақсылықтың нышаны деп ұққан. Сондықтан қораз дауысымен жын-шайтандарды үркітеді деген ұғым ежелден қалыптасқан. Пазырық бұйымдарына бейнеленген қораз бейнесінен, үй құсы Таулы Алтайда б.з.б IV ғасырда пайда болған.

Көшпелілердің құрметтейтін құсы - аққу. Аққу-тазалықтың, сұлулықтың, махабаттың символы. Аққу құсына байланысты халық арасында сақталған мақал - мәтелдер мен наным-сенімдер көп. Соның ішінде әйелдің сұлулығын, нәзіктігін, сондай-ақ тазалығын аққуға "аққудай ару" деп теңейді. Адам жаны қиналып, көңілі құлазығанда аққу қайтып оралмаған құлазыған көлдей болдым - дейді. Бұл теңеуден көшпелілердің айналасындағы құстар мен аңдардың психологиялық күйіне қаншама қанық болғанын көрсетеді. V Пазырық қорғанынан ақ киізден тігіліп, ішіне бұғының жүні тығындалып жасалған аққу құсы шатырды тіреп тұрған төрт диңгектің төбесіне қондырылған. Көшпелілердің діни дүниетанымында құс адамның жанын төйірге жеткізеді деген ұғымды білдірген. Төбесін түскіізбен жапқан мұндай шатырды сақтар белгілі діни рәсім өткізу үшін қолданған. Ғалымдардың пайымдауына шамаңдар бұл рәсім кезінде төңірмен тілдескен. Сақтардың "аң стилінде" ақ, құс, жануар негізгі элемент болып бейнеленеді. Қолөнер мен бейнелеу өнеріндегі б.з.б. VIII-I ғ.ғ. бұл мәнер кейіннен ғұндар мен түріктерге мұра болып қалды. Тек б.з. VIII ғ. Ислам идеологиясының әсерінен өзгеріске ұшырады.

[Сақ (скиф) тайпаларының малға деген құрметі, жерлеу рәсінде ерекше орын алады. Х.Аргынбаев: "Түліктің өзіне төн ерекшеліктеріне қарай әр түрлі құбылыстарынан жаралады. Мәселен: жылқы-желден (жел аяқ, жүйрік болғандықтан таза ауаны сүйетіндіктен), түйе - сордан (сорлы жерді төуір көретіндіктен), сиыр-судан сасық (судан да жері-мейтіндікте, қой оттан жаралады)" - дейді. Этнограф ғалымның төрт түлік малға берген мінездемесі малдарға дәл тауып айтылған. Жылқы, сиыр, қой барлық жерде бейімделіп өмір сүрсе, шөл далаға ең төзімді мал түйе. Түйе шөл далада жүріп-тұру үшін таптырмайтын көлік. Ол киелі жануарлардың бірі. Сақтардың жерлеу рәсінде де төрт түлік малды қабірге салған. Көшпелілердің мұндай ғұрышын "мәңгілік өмір сүретін" көсемдеріне о дүниеде де киелі жануарлардың

қажеттілігі болады деп ұққан. Ежелгі адамдардың дүниетанымында адам “мәңгі өмір сүреді” деген ұғым қалыптасқан. Мұндай көзқарас Египеттіктерде ғасырлар бойы сақталды. Адамның өміршеңдігін Египеттегі пирамидалар мен патшалардың денесіне май жағып, келтіру (мумифицирования) сақтау ғұрпы дәлелдейді. Олардың жерлеу рәсіміне қатысты жүргізілген күрделі рәсімдеріне қарап, оларға о дүниелік адамның денесінің сақталуы өте маңызды болған. Египеттіктер сияқты сақтар (скиф) да көсемдерін “мәңгілік өмір” сүреді деп денелерін келтіріп (мумифицирования), биік қорғандардың ішінде өмірдегідей арнайы бөлмелер салған. Сақтардың (скиф) көсемдері “мәңгілік өмір” сүрмегенімен, олардың мұндай жерлеу дәстүрі қазіргі ұрпаққа сол кезеңнің тұрмыс-тіршілігімен таныстыруда этнографиялық тұрғыдан үлкен көмек беріп отыр. Олардың дүниетанымында “мәңгілік өмір” сүру ұғымы болашақ ұрпаққа өздері туралы ақпарат берумен ұштасып жатыр.

Сақтардың (скиф) жерлеу рәсінде б.з.б. VIII-I ғ.ғ. патшаларын о дүниеге шығарып салу үрдісі өте күрделі жолдармен іске асқан. Олар мифтік көзқараспен тылсым күштерді материалдық өміріндегі рәсімдермен тығыз байланыстырды. Олардың діни дүниетанымы күрделі рәсімдер арқылы жүзеге асырылды. Сақ тайпаларында ата-баба рухына табыну, оны пір тұту бірінші орында тұрды. Қазір бұл құндылықтар бірте-бірте жойылып барады. Патриархальды қоғамда өмір сүрген сақтарға өлген адамға үлкен құрметпен қарап, оларды жерлеу үшін арнайы күрделі рәсімдер өткізген. Бұл идеологиялық көзқарас өлген адамның жаны, оның қорғаушы тотемі, сондай - ақ отбасы-рулық қорғаушының тығыз байланысы жерлеу рәсінде анық байқалады. Мұндай біртұтас идеологиялық көзқарас өсіп-өну мен ұрпақ жалғастығын білдіреді. Жерлеу рәсінде сақтар (скиф) обаларға байлығының қомақтысын салуға тырысқан. Қорғандарға биік қабырғалар тұрғызып, тұрмыс-тіршілікте қолданған заттарды қабірге көптеп салған. Жетісу, Орталық және Батыс Қазақстан, Сырдария, Жоңғар Алатау мен Тарбағатайда археологтар диаметрі 160, биіктігі 20 метр, сақ қорғандарын тапты. Жетісу мен Тоқраул, Қара-шоқы, Көрпетайда 37 жауынгер жерленген ру көсемдерінің обаларынан табылған. Жерленген мәйітпен бірге тұрмыста қолданған көптеген құнды заттар б.з.б. V ғ. салынған және б.з.б. IV-III ғ.ғ. асыл бұйымдар жерленген сақтардың хандары жерленген бай қорғандарда көп кездеседі. Олардың едені ағаштан төселіп, беті ағашпен жабылған. Сақтардың (скиф) жерлеу дәстүрін салтанатты өткізілуі сақ мемлекетінің өркендеу кезеңіне сәйкес келеді. Сақ қорғандарының барлығында сол кезеңнің ауқатты хан - көсемдері мен олардың жақын туыстары жерленген.

Қорғандарда кездесетін асыл заттардың мөлшері әрқилы. Обаларға мәйітпен бірге жерленген байлыққа қарап, сақтардың (скиф) ирархиялық басқару құрылымының алғашқы қалыптасу кезеңі деп қарастыруға болады. Бүгінгі күні қазба жұмыстары жүргізілген бай қорғандарға әр аймақта бірен-сарандарын жатқызамыз.

Египеттіктер сияқты көсемдерін мәңгілік сақтау үшін мәйітті бальзамдап, оның денесінің ұзақ сақталып қалуына әрекет жасаған. Мәйіттің кептірген (мумифицирования) денесіндегі бальзамдау тәсілі әр түрлі жасалған. Мәйіттің денесін сақтау үшін жасалған үрдістен кейін (мумифицирования), бұлшық еттерін сыдырып алып тастап, оны туыстары мен жақындары жеген. Олардың мұндай ғұрыпы өлген адамның рухымен бірігеміз деген ұғымды білдірген. Мәйітті қорғанның Оңтүстігіне арқасына шалқасынан жатқызып, ал оның қолын айқастырып басын Шығысқа қаратады. Таулы Алтайлықтардың ғұрыпында мәйітпен бірге алдын-ала өлтірілген жылқыларды 2-4 қатар қылып қояды. Олардың саны әр-түрлі 7, 9, 10, 14, 16 т.б. Сақтардың (скиф) әйелдері қоғамда лауазымды қызмет атқарғандықтан күйеуі қайтыс болса, олар өлтірілмеген. О дүниелік көсемнің жанына қылқындырылған көңізек (уақытша әйелдерінің бірі жерленеді. Жерлеу рәсімдері арқылы сақтар кейінгі ұрпаққа өздерінің дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы туралы ақпарат қалдыруға тырысқан. Мәйіт қойылатын бөлмеге іші оның тірі кезіндей безендірілген. Қорған бөлмесіндегі бұл көрініс жазба деректеріндегі сақтардың тұрмысынан көп мағлұмат береді. Геродот сақтардың жерлеу рәсімі кезінде қабірге бірге салынатын отбасылық үлесі туралы деректерді келтірген. Қайтыс болған көсемнің өзінің таптық шеніне қарай оның үлесі қорғанға салынған. Геродоттың пайымдауынша көсемнің байлығының қомақты үлесі өзімен бірге жерленетін. Ал, қалған бөлігі отбасы мен ұлдарына мұра болып қалатын. Бұл жерден сақ кезеңінде адамның жекеменшік құқығы өзіндік дәстүрмен реттеліп отырғанын көреміз. Сақ қорғандарында жиһаздар мен асыл заттардың көптеп кездесуі, тайпа көсемінің байлығының үлкен мөлшерінің жерленуіне байланысты.

Сақтар (скиф) өз қорғандарын сондықтан мақтан тұтқан. Мұндай бай қорғандар Египеттегі фараондардың пирамдаларынан кем түспейді. Ақышев К. :” б.з.б.VIII-IV ғ.ғ. Жетісу территориясын мекендеген сақтар (скиф) “патшаларының” қабірлерінің күрделі құрылысы табылды. Тянь-Шань қарағайынан істелген қабірдің камерасының астында жан-жаққа тарап жатқан лабиринт жолдары болған”- дейді. Мұндай лабиринт жолдарды жаудан жасырыну үшін бе, әлде тонаушылар

қорғаннан асыл заттарды алып шығу үшін қазды ма? оған қазірше анықтама жоқ. Геродоттың жазба деректерінде: "Идан-фирстің Дарияға, егер сен соғысты тез бастағың келсе, ата-бабамыздың қорғандарын тауып, тиісіп көр. Сонда көресің қалай соғысатынымызды"- дейді. Көсемнің Дарияға қаһарлы сұс көрсетуінен ата-баба рухына сақтар үлкен құрметпен қарағанына көз жеткіземіз. Қазақтардың жеті атасын білу керек деген дәстүрлі нақыл сөзі сақ кезеңінен бастау алады. Геродот: "Скифтер өздерінің патшаларының генеалогиясын жақсы білген. Ол парсы патшасымен б.з.б 514-ші жылы соғысқан Иданфирстен басталып, Спаргаписпен аяқталатын. Сақтардың (скиф) алғашқы патшасы Таргитай болған, гректер оны адам кейпіндегі Геракл құдайына теңеген. Яғни, сақтар өздерінің ата-бабасының тұптамасын біліп, құрмет тұтқан.

Сақтар (скиф) өмір сүрген территорияда табылған қорғандардың жерлеу рәсімі барлық сақ тайпаларына ортақ болғанымен, сондай-ақ аймақтық ерекшеліктер те кездеседі. Оны Таулы Алтай өңіріндегі көсемдердің жерлеу рәсімдерінен байқаймыз. Мұндағы басты ерекшелік мәйітпен бірге жылқылардың көмілуі. Келесі ерекшелік қорғанның ішіндегі төрт қабырғаға кілем, түскізідер ілініп, еденге киіз төселуі. Мәйіт салынған саркофақты (ағаш табыт) "аң стиліндегі" элементтермен әшекейлеп, ағаштан ойып көркемдеп жасаған. Қабырғаларға киіз бұйымдар іліп, безендіру тек алтайлықтарға ғана тән дәстүр. Олар жерлеу рәсімін салтанатты түрде өткізетінін дәлелдейтін заттар археологиялық қазба жұмыстары кезінде қорғаннан көп табылған. Жылқыны безендіруге арналған әшекей заттар былғары, қайыңның қабығынан ойылған немесе алтын қаңылтырмен қапталған. Алтайлықтар мәйітпен бірге қабірге көркемделген ат - әбзелдерді атқа кигізіп бірге жерлеген. Қорғандарда жерленген аттардың саны біркелкі емес. Бұл аттардың сандары 7,13, тіпті Орал қорғанында 400 жылқы жерленгені археологтардың деректерінен белгілі болды. Мәйітпен бірге жерленетін жылқылардың саны көсемнің қоғамдағы орнына байланысты болуы мүмкін. Өйткені жерленген аттардың ендері әр түрлі болып шыққан.

Ғалым М.П.Грязнов І Пазырық қорғанынан табылған аттардың еніне қарап, олардың әр түрлі екенін дәлелдейді. Ғалымның пайымдауынша "Скиф қорғандарында жерленген аттар тайпалық құрылымның, тайпалық одақтың болғанын дәлелдей түседі"-дейді. Қорғанда көмілген аттарды одақтас тайпалардың сыйы ретінде қарастыру керек. Жерленген көсемнің қарауындағы одаққа болжаммен қанша тайпаның кіргенін жылқының ендері арқылы анықтауға болады. Қорғанда

жерленген аттардың әр түрлі таңбасы әр тайпаның меншігінде болғанын дәлелдейді. Төрт түлік малға ең салу ежелден бергі келе жатқан дәстүр екенін қорғанда жерленген жылқылардың енінен көруге болады. Ежелгі көшпелілер мындаған төрт түлік малдарын жайылымда бағу үшін құлақтарына ең салған. Олар “аяқты мал” делінетін жылқы мен түйеге ру таңбаларын басатын, жылқы мен түйе төлдері екі жасқа толысымен сан мен қолдың қалың етіне қыздырылған темір таңбаны басып, терісін күйдіретін. Мұндай таңбалар ең уақытта өшпейтін. Сондай - ақ төрт түліктің құлағына ең салу кезінде ел арасында дәстүрге айналған жәйт, малдың құлақ қиындыларын құмырсқа илеуінің жеті шұңқырына салған. Халық түсінігінде құлақ қиындыларын аяққа баспай, илеуге тастаса төлдің құлағы жылдам жазылып, мал құмырсқаша көбейеді” - дейді А.Х.Аргынбаев.

Ең таңбалар жиынтығы Орта Азия, Сібір, Қара теңізге дейінгі өмір сүрген сақтардың басқару жүйесінің бір одаққа бағынғанын дәлелдейді. Сондай-ақ сақтар өз көсемдерін ара қашықтыққа қарамай хан қорымдарына әкеп жерлеген. Хан обаларының белгілі бір аймақта шоғырлануы да сақ (скиф) тайпаларының бір одаққа бағынып, бір құрылым болғанын анықтай түседі.

Көшпелілердің өз меншігіндегі малға ең салу дәстүрі бүгінде қазақ арасында сақталған. Малға салынған ең мал араласып кеткен жағдайда немесе қарақшылар ұрлап кеткен малдарын қайтарып алуға ең таңбалар үлкен септігін тигізген. Біріншіден қорғанда табылған жылқылардың әр түрлі ендеріне қарап ғалымдар екі түрлі пікір айтады. Біріншісі қазақ халқында бүгінгі күнге дейін сақталған, адам қайтыс болған үйге көмек көрсету, мал беру гүрышы, яғни сый арқылы келген мал. Ал, екіншісі қайтыс болған адамға барымта жолмен келген малдың болуы да мүмкін дейді ғалымдар. Биік қорғандарда көсемдер, батырлар және олардың туыстары жерленген. Одақтас тайпалардың әкелген аттар-ды мәйітпен бірге салу, Таулы Алтайлықтардың жергілікті дәстүріне айналған деп болжауға болады. Егер рулық одақтың болғанын есепке алатын болсақ, онда жерленген жылқылар қайтыс болған адамға дәстүрлі сый арқылы келген.

Жерлеу рәсіміне қатысты Таулы Алтайлықтардың тағы бір өзіндік ерекшелігі жылқыларға көркемделген ат-әбзелдерді, кигізіп, сән-салтанатты қылып безендірген. Салтанатты өшекейленген жылқыларға шегілген ағаш арбаның үстіне мәйітті отырғызып ел аралаған. Мұндай қайың ағашынан жасалған ағаш арбаның нұсқасы Пазырық қорғанынан табылды. Қорғанда төрт ат жегілген ағаш арба жерленген. Бұл ат - арбаның дөңгелегіне дейін қайың ағашынан жасалған. С.А.Семенов:

“арба жерлеу рәсімінде қолданған, сондай-ақ бұл ұзақ қолдануға жарамайтын дөңгелегіне дейін қайың ағашынан жасалған арбаны үйлену тойларымен көшпелілердің бір жылда бір тойланатын наурыз мейрамдарында да қолданған”- дейді. Жоғарыда айтылған жерлеу рәсіміне қатысты дайындықтардан сақтардың өмірінде мәйітті жерлеу күрделі рөл атқарғанын көруге болады. Сондықтан сақ тайпалары жерлеу рәсіміне үлкен көңіл бөлген. Олардың мәйітті ерекше дәстүрмен шығарып салу ғұрыпы тек жоғары тап өкілдеріне қатысты. Ондай ілтипат қатардағы сақ адамына көрсетілмеген.

Алтайлықтардың көсемдеріне арнайы қазылған обалардың қабырғалары биік, кең төртбұрышты болып жасалған. Оның тереңдігі 4 метр, ауданы 50 метр қабырғасы мен едені қатар - қатар бөренелермен қаланып, төбесі қырық қабат кәрі қайың қабықтарымен жабылады (II



1-сурет. Сақтардың (скиф) көсемдерін жерлеу рәсімінен көрініс


Башадыр қорғанының беті киізбен жабылған). Көсемдер мен олардың туыстарын жерлегенге дейін сақтардың оған қатысты өткізетін рәсімдері көп болған. Сол тарихи деректер Геродоттың жазбаларында келтірілген. Қазіргі уақытпен б.з.б. VIII-I ғ.ғ. арасының алшақтығына қарамастан, сол салт-дәстүрлердің көпшілігі қазір ел арасында өзектілігін жоғалтқан жоқ. Геродоттың кейбір тарихи деректеріндегі дәстүрлер бізге аңыздай көрінеді. Әр кезеңдегі қоғамдағы мәдени құндылықтар көшпелілердің салт-дәстүрінің қалыптасуына үлкен әсерін тигізді.

Көшпелілердің қайтыс болған адамды жерлеу рәсімінің өзгеруін ғалымдардың археологиялық қазба жұмыстарынан көреміз. Геродот өз тарихи деректерінде сақ (скиф) тайпаларының жерлеу рәсімі туралы көп жазған. Геродот: “ Скифтердің көсемі қайтыс болғанда төртбұрышты кең шұңқыр қазады. Қазылған қабір дайын болғанда мөйітті ағаш арбаға отырғызып, денесіне май жағып, асқазанын кеседі. Тазаланған асқазанға ұнтақталған жұпар иісті кипером мен селерей, анистің дәнін салады” - дейді. Мөйіттің ас қазанына салынатын аниш шөбінің жұпар иісі көпке дейін сақталады. Бұл шөп адам ағзасын емдеу үшін қазірде қолданады. Бұл жерде сақтар аруды емдейтін дәрі шөптердің түрлерін емге пайдаланғанын көруге болады. Олар адам ағзасын жақсы білген. Мұндай рәсімдерден кейін алтайлықтар мөйітті ағаш арбаға отырғызып алып, оған қарасты басқа тайпаларды аралаған. Бұл жерде қайтыс болған патшаның қарауындағы адамдар жоқтауды ерекше білдіреді. Олар бір құлақтарын, бір уыс шаптарын кеседі, денесін тілгілеп, сол қолын садақпен шап-шыл, бет-аузын қан шыққанша тырналайды. Сақтардың өз денелерін тілгілеп, кесіп қан шығару рәсімі көсемдеріне деген көрсетілген құрмет. Жерлеу рәсіндегі бұл ғұрып көшпелілердің өмір сүрген басқа кезеңдерінде де сақталған. Орта ғасырда түріктердің көсемі - Түркісаф Византия делегациясының дипломатына оларға этнографиялық тұрғыдан жат рәсімді жасатқан. Түркілердің қағаны Түркісаф: “Сіздер менің қайғыма ортақтасып келіп отырсыңдар. Менің әкем- Сильзибулас қайтыс болды. Сіздер римдіктер, біздің дәстүрімізді орындайсыңдар” - деген. Сонда сасқан римдіктер беттерін пышақпен қан шыққанша тырналай бастаған. Ежелгі көшпелілердің салт-дәстүрлерінде рәміздік ұғымдар көп, сондай наным-сенімдер қазір мүлдем қолданбайды деп айтуға болмайды. Оның шығу тарихы адамзатқа белгісіз болғанымен наным - сенімдердің барлығы адамгершілікке тәрбиелейді. Ол өзінің өзектілігін қазірде жоғалтқан жоқ. Бұл ежелгі адамдардың құқықтық реттеу кодексі іспеттес. Осындай рәсімдер, салт-дәстүрлер мен наным-сенімдер арқылы қоғамдағы жағдайларды реттеп отырған.

Жерлеу рәсімінде кездесетін тағы бір ғұрып мәйіттің бетіне маскі кигізу. Ежелгі адамдардың жерлеу рәсімінде мәйіттің бетіне маскі кигізу рәміздік ұғымды білдірген. Маскілер тек мәйіттің бетіне ғана кигізіліп қана қоймай, ондай маскіні тірілерде киген. Камеруна негрлерінде, калюжилерде, алеуттарда, тайтиде жерлеу рәсімінде әшекейлі маскілерді киіп, өлген адамның қорғау-шысын түспалдайды. Ежелгі адамдар маскінің сиқырлы қасиеті адамға магиялық күш береді деп ұққан. Ондай маскінің рәміздік ұғымы өлген адам құдаймен кездесіп, “мәңгілік өмірге” ие болады дегенді білдіреді. Мұндай маскілерді варварлар мен гректердің пайдалану идеясы бір болғанымен, рәсімдерінде айырмашылықтар кездеседі. А.В.Адрианов 1883 ж Енисей өзенінің жағасындағы Тагардан және Оглахты ауылынан гипстен жасалған дүние жүзінде аналог жоқ маскілер табылғанын жазады. Сонымен ежелгі адамдардың ұғымында мәйіт-тің бетіне маска құдаймен тілдесу, жақындасу үшін қажет. Сондықтан олар мәйіттің бетіне әшекейленген маскі кигізілген.

Екінші жерлеу рәсіміндегі дәстүр салтанатты түрде безендірілген ат - арбамен өзіне қарасты ел-жұртты аралау. Ағаш арбаға отырғызылған мәйітпен ел аралап болған соң, көсемдер жерленетін обаға жеткізіледі. Ондай қорымдардың шоғырланған жерлерін ғалымдар “хан обасы” деп атаған. Қабірді алдын - ала қазып дайындап қояды. Сақтар мәйітті қамыстан жасалған төсенішке салып, екі жағына найза қадап көрге түсіреді. Қорғанға патшамен қатар алдын - ала қылқындырылған әйелдерінің бірін, аспазшыны, шарапшыны, оның қарауылдарын, аттарды, үй жануарларының бәрін бір-бірден өлтіріп, тұрмыста қолданған заттарын мәйітпен бірге жерлейді. Олар көсемнің алтыннан, күмістен, қоладан жасалған зергерлік бұйымдар мен қару - жарақтарын салады. Бәрін салып болған соң үстіңгі бір қабатын ағашпен, ал екінші қабатын қамыстан жасалған төсенішпен жауып, бетіне топырақты неғұрлым биік болғанша үйе береді. Үйілген топырақтардан биік қорғандар пайда болады.

Қорғандардың сыртқы нұсқасы әр түрлі болғанымен, дүние жүзінде салынған қорғандардың жасалуы бір-біріне ұқсас. Орта Азия, Сібірден бастап Қара теңізге дейін салынған қорғандар әлемнің төрт бұрышында да кездеседі. Қорғандарға салынған асыл заттар мен бұйымдарға бейнеленген геометриялық ою-өрнектер сол кезеңдегі ежелгі адамдар біртұтас кеңістікте өмір сүргенін көрсетеді. Осы кезеңнің жазба деректері туралы әлі бір жақты пікірлер жоқ. Ежелгі өркеннетті елдердің рәсімі бәріне ортақ болған. Көсемді қорғанға салғаннан кейін сақтарда бір жылдан соң жерлеу рәсіміне қатысты тағы да шара



2-сурет. Сақ скиф обасын күзеткен 50 жауынгер

508669
өткізіледі. Геродоттың деректерінде олар патшаға құлшылық еткен 50 жас жігітті қылқындырып өлтіріп, ең әдемі деген елу аттарын мерт қылады. Өлтірілгендердің ішек қарнын тазалап, ішін шөппен толтырғаннан кейін, елу жігітті салтанатты безендірілген аттарға отырғызады. Аттарды аяқтарынан тік тұрғызу үшін көлденеңінен найза өткізіп, өлтірілген жігітерді аттың денесіне тікесінен қадалған найзаға отырғызады. Сақтар өлтірілген жасақпен қорғанды айналдыра қадап орналастырады. Патша обасына бір жылдан соң елі жасақтан күзет қою, оның жылына өткізілетін салтанатты рәсім. Орта ғасырдан бастап бүгінге күнге дейін қайтыс болған адамның жылын өткізіп, оған құрбандыққа мал шалу ғұрыпы сақталған. Сақтардың көсемдеріне арнайы жылдығына шаралар өткізу Геродоттың тарихи деректерінде келтірілген.

Сақ хандары Новочеркасск пен Күл - Оба қорғандарында да жерленген. Бұл асыл заттар көп салынған бай хан обаларының бірі болып саналады. Керчтегі 1830 жылдары табылған Күл-Обаның жерлеу рәсімін сақтарға (скиф) жатқызады. Бұл обада Қырым өңірін билеген сақ (скиф) ханымен қатар әйелі және оның құлдары жерленген. Мәйітпен бірге көптеген бұйымдар салынған. Олар: "аң стилі" бейнеленген қола қазанның тұтқасы; әйелдің бас жағынан табылған

өрнектелген қола айна; көсемнің мойнындағы алтын алқаның екі ұшына салт атты сақтың (скиф) мүсіні түсірілген; ал мәйіттің бас жағына скифтің кішкентай алтын мүсіндері қойылған. Бұл қорғаннан сақтардың (скиф) өмірінен маңызды ақпарат беретін алтын мен күмістің қосындысынан жасалған құмыра табылған. Құмырада бейнеленген композицияның 1-сюжетінде сақ (скиф) көсемі хабар жеткізген шабарманның сөзін мұқият тындап отыр, 2 - сюжетте жараланған досының аяғын таңып отырған сақ(скиф) бейнеленген, 3-сюжетте жараланған әскердің жағын түзетіп, тісін жұлып жатқан сақ (скиф) және садақ тартып оғаштау отырған жауынгер бейнеленген. Құмырадағы суреттер сақ (скиф) өмірінен едәуір ақпарат береді. Мұндағы үшінші композицияда жауынгердің жағын түзетіп, тісін жұлған сақтың (скиф) қимылынан сол кезеңде мединалық жолмен емдегенін көреміз. Сақтар (скиф) емдік шөптердің қасиетін біліп, оны күнделікті өмірде қолданған.)

Құмырадағы суреттерде (скиф) киім үлгісі этнографиялық тұрғыдан дәл берілген. Сақтардың (скиф) шаштары ұзын, түр - әлпеті европалық нәсілге келеді. Олардың бастарындағы конус тәрізді бас киім үлгісін Орта Азия сақтарынан да көреміз. Үстіне қысқа бешпент, аяғына қонышы қысқа жұмсақ былғары етік киген. Шалбары денесіне шақ қылып тігілген. Мұндай киім үлгісі барлық аймақта өмір сүрген қарапайым сақтарға тән. Күл - оба сияқты бай қорғандардың бірі Хохолачтан сармат ханшайымы табылған. Новочеркаскідегі Хохолач қорғанында асыл заттар көп салынған. Ел арасындағы аңызға қарағанда мұнда сарматтың ханшайымы жерленген. Ақсүйек тұқымынан шыққан бұл әйелдің киіміне 700 “аң стиліндегі” алтын қаңылтырмен бағдарланған (алтынға ойып өрнек салу) әшекейлер, ал кварцтан жасалған диадемаға әйелдің кескіндемесі салынған. Тәждің дәл ортасына бейнеленген өмір ағашының екі жағына симетриялы түрде бұғылардың кескіндемесі түсірілген. Тәж(диадема) алтын моншақ, маржан, асыл тастар, шынылармен безендірілген. Ханшаның қолындағы орам жасаған білезіктің ұшында бірінен соң бірі жорғалап бара жатқан құбыжықтардың мүсіні ойылған. Обадан жұпар піс суды әйелдер қолданғанын дәлелдейтін бетіне зооморфты бедерлі сурет салынған шыны ыдыс табылды. Алтыннан жасалған сақтардың скиф сыйынатын кішкентай адам мүсіндері қорғандарда жиі кездеседі.

Жалпы қолөнер бұйымдарының тұтқасын “аң стилінде” жасау сармат мәнеріне жатқызуға болады. Жоғарыда айтылған асыл бұйымдарды тек сақ (скиф) патшасы жерленген қорғандардан табылған. Ал, қатардағы сақтар (скиф) қайтыс болса, жақын туыстары мен

жолдастары мәйітті арбаға салып тайпаларды аралап 40 күн жүреді. Ас беріп, сақтар бір-бірін қонақ етеді. Геродоттың деректерінде сақтар мәйітті жерлегеннен кейін, өздерін жуып тазартады. Геродот: "Мәйітті жерлегеннен кейін сақ(скиф) арнайы монша жағады. Олар үш дінгекті бір-біріне түйістіріп, оның үстін киізбен жабады. Үйдің ортасына ішінде қыздырылған тастары бар мыс ыдысты қояды. Ол тасқа арнайы шөптер салып лашықтың ішін түтінге толтырады. Түтін араласқан ысыған лашықтың ішінде сақтар басын жуып, ал денесін моншаның буымен тазартады. Мұндай моншадан кейін олардың денсі жалтырап тұрады деген Геродот. Жерлеу рәсімінен кейін сақтардың моншаға келіп өздерін тазартуы діни дүниетанымынан туған құбылыс.

Адам о дүниеге аттанғанда "мәңгілік өмір сүреді" деген көзқарас көптеген философтардың пайымдауларында да кездеседі. Мұндай көзқарас адамдардың "болашақ өмірге" деген ұмтылысын, өлгеннен кейінгі тылсым кеңістікті білуге құлшынысын арттырған. Адам эволюциясындағы мұндай көзқарас тек алға жылжытып отырған. Адамның тылсым дүниені түсінуге ұмтылу салдарынан ғылым пайда болды. Сол сияқты ежелгі адамдардың дүниетанымында космогониялық және діни ұғым негізгі рөл атқарды. Адамдардың күнделікті өмірінде "адамгершілік" пен "зұлымдық" қатар жүреді. Белгілі бір қоғамда өмір сүрген адамның тағдырын ешкім қайталамайды. Адамның сыртқы факторлардың әсерінен өмірі қателікпен өкінішке, сол сияқты қуанышқы толы. Адам өмірінде адамгершілікпен қатар, зұлымдыққа да барады. Сондықтан о дүниелік адамның "жұмаққа" немесе "тұмаққа барады" деп алдын-ала болжаған этикалық көзқарастар сол кезде қоғамда қалыптасқан.

Ежелгі адамдардың түсінігінде "мәңгілік өмір сүретін" адамдардың қатарына тек патшалар мен көсемдер жатады. Перу мен инкілерде тайпа көсемдері туралы "күн адамдары", "күнде өмір сүреді" деген ұғым қалыптасса, Египеттіктерде де ғасырлар бойы үстем тап өкілдерінің "өміршендігі" туралы көзқарас сақталған. Сақтарда, түріктерде көсемдер, патшалар құдайдың адамы болып есептелген. Орта ғасырда өмір сүрген түркі қағаны Күлтегін мен Шыңғысхан образдарынан көруге болады.

Өміршендіктің нышандық белгісі артындағы ұрпақтарына өздері туралы ақпарат қалдырумен ұштасады. "Мәңгілік өмірдің символы" - адам ой-өрісін рухани тазалықпен байланыстырады. Біздің заманымызда мұндай этикалық рухани тазалық жайында философ Спиноза: "Мәңгілік формадағы адам денесіндегі рух өткенді еске алып, қиялдайды. Осындай жағдайдағы рух адам денесімен бірге жойылмайды, ол "мәңгілік" болып қалады" - дейді. Ал, Корлисс

Ламонт: “Нағыз философ өзінің ой-өрісіне өмірінде қиялдың арқасында мәңгілік дәрежесіне жетеді. Бұл Аристотель мен Платонның пайымдауларына жатпайды. Аристотельдің пайымдауынша жеке “мәңгілік өмір” жоқ, бірақ ақыл - ой мәңгі өлмейді. Ғұлама философ адамның өмірінің “мәңгілік” болтынына сенбесе де, оның ақыл - ойы мәңгілік болатынын дәлелдейді. Ғасырлар бойы озық ойлар мен халықтың ауыз әдебиетіндегі құнды мұралар ұрпақтан - ұрпаққа жалғасып келеді. Ата-бабамыздың ұрпақтарына қалдырған нақыл сөздері мен өсиеттері олардың өздері өлгенімен ойларының мәңгілік өлмейтінін дәлелденді. Бұдан Аристотель қағидаларының ғасырлар өтседе өзектілігін жоғалтпағанын көреміз.

Адам “мәңгілік өмір сүреді” деген көзқарастар дін мен философияны қалыптастырды. Сократ “барлық адамдар өледі силлогизмі”, “Сократ - адам, сондықтан ол өледі”. Бұл силлогизмнің қандай ұғым білдіретінін? - зерттеуге философтар көптеген ғылыми тұжырымдамалар жазды. Философияның логика саласында бұл силлогизмі адам ойларының ең бір биік қорытындыланған түрлеріне жатқызылды. Шын мәнінде Платонның диалогына сүйенсек рухтың өміршеңдігі туралы концепцияны алғашқылардың бірі болып Сократтың ұсынғанын айтады. Иов:” Егер адам өлсе қайтадан өмір сүре ме? Адам өлімі мен өлімнің құпиясы философтардың зерттеулерінде ғасырлар бойы маңызды мәселеге айналған. Адам ”мәңгілік өмір сүреді” деген қарама-қарсы пікірлер мен пайымдаулар философия ғылымының алғашқы қадамын қалыптастырды. Адам өлгеннен соң да басқа кеңістікте өмір сүреді деген қағида философтардың пайымдауларында екі ұшты ұғымды білдірді.

Сақтардың (скиф) дүниетанымында адам өлгеннен соң да өз өмірін басқа кеңістікте жалғастырады деген пікірлер талас тудырмаған. Бұл қалыптасқан дүниетанымының белгілерін біз жерлеу рәсімінен анық көреміз. Олар өз қоғамында “адам мәңгілік” деген қағидаға философтар секілді екі ұшты пікір білдірмей, барлық дәстүрінде о дүниелік адам басқа кеңістікте “мәңгілік өмір сүреді” деген қағиданы ұсталған. Ежелгі адамның мұндай концепциясы жерлеу рәсімі арқылы анық көрсетіледі. Сақтардың (скиф) ғасырлар бойы сақталған “хан обаларын” ежелгі сәулет өнерінің алғашқы үлгісі деуге болады. Сақ шеберлері ат-әбзелдерді айналдыра алтыннан, ағаштан “аң стилінде” жасалған салпыншақтарды қадап, көркемдеп талғаммен безендірген. Өшекейленген ер-тұрмандар алтайлықтардың жерлеу рәсімін, сол сияқты наурыз мейрамын салтанатпен өткізетіндерін көрсетеді. Мәйітпен бірге ат-әбзелдерден басқа, ыдыс-аяқ, киім-кешек, зергерлік бұйымдарды бірге көміп отырған. Сондай - ақ қорғанның

төрт қабырғасына жүннен жасалған тұскиіздер, кілемдер ілініп, еденге киіз төселуі де жергілікті дәстүр деп айтуға болады. Алтайлықтардың қорғанға мәйітпен бірге тұрмыс-тіршілікте қолданған заттарын салуы, о дүниеде қажет болады деген мифтік дүниетанымынан туган ұғым.

Дүние жүзіне белгілі Египет пирамидасының қабырғаларына түрлі таңбалар, суреттер, қару-жарақтар, зергерлік бұйымдар бейнеленген. Таулы Алтайлықтардың олардан өзгеше тұсы, қабырғаға ерекше таңбалар мен діни көзқарастарын меңзейтін тұскиіздер мен кілемдер ілуі. Бұл бұйымдарда бейнеленген түрлі космогониялық таңбалар сақтардың төңірге табынғанын көрсетеді. Ежелгі дәуір мәдениетінің дүниетанымы - миф. Олардың алғашқы діндері анемизм, тотемизм, фетишизм. Бұл діни ұғымда адам мен табиғаттың байланысы ерекше дәріптелді. Оны сақтардың бейнелеу өнеріндегі “аң стилінен” байқаймыз. Э.Б.Тайлор мифтердің мынандай түрлерін атап өтеді:

- 1.Философиялық немесе түсіндірмелік мифтер;
- 2.Нақтылы,бұрмаланған деректерге сүйенген мифтер;
- 3.Тарихи және аңыздық тұлғалар туралы мифтер;

Ежелгі сақтардың дүниетанымындағы тарихи тұлғалар туралы мифтер және космогониялық Әлем олардың төңірлік діни идеологиясында қалыптасқан. Төңірлік негізі адам баласының үнемі туу, өлу үрдістерінің (процесс) үздіксіз жүріп отыратындығымен байланыстырылады. Ежелгі адамдар Көкті құдіретті санап Төңірге табынған. Ай, Күн, Жұлдыз олардың табыну нысандары болған. Көшпелілер космогониялық таңбаны өздерін қоршаған заттардың бөріне бейнелеген. Дүниеде тіршілік үшін ең маңызды рөл атқаратын Күн.Археологиялық және этнологиялық деректерде Күн басты антропорфтық адамдар петроглифтерде көрсетілген. Күн бейнесі көшпелілердің ғасырлар бойы қолданған рәміздік белгісі, ал Ай бейнесін кейінгі мұсылман дінімен байланыстырамыз. Ай мұсылман мешіттері мен бейіттердің төбесіне қойылатын әруақтармен жалғастырушы деген рәмізді атқаратын белгі. Ай, Күн, Жұлдыз космогониялық таңбалар кеңістікте тұрақтылық рәмізін білдіреді. Аспан денелерімен адамдардың өмірі тығыз байланысты болған. Аспандағы аққан жұлдыз наным-сенімдерде адам өмірінің сөнуін тұспалдайды. Сақтардың қорғандарынан табылған қола айналар күннің дөңгелектігін, яғни солярлік рәміздік ұғымды береді. Кейіннен бұл үрдіс басқа кезеңдерде де жалғасқан. Қожа Ахмет Исауи: “Өлмес бұрын өлу философиясына төн хикметтері Өлмес бұрын өлудің нәпсіден арылуы және Хаққа қаушудың шарты, “мәңгілік өмірге” қаушу екендігін көруге болады”-дейді. Исауи дүниетанымында физиологиялық өлім жоқ, ол жай

ғана рухтың тәннен айырылып, басқа халге ауысуы. Ежелгі адамдар өздерінің табынған солярлік ұғымына байланысты қорғандарды дөңгелек қылып салып, кіре берісін күннің шығысына қаратып жасаған. Олар өздерінің құрбандыққа арналған жылқысын да, осы қорғанның шығыс жағына әкеп шалған.

Күн нұсқасындағы қола айналар обалардың бөріне мәйтпен бірге салынған. Бұл дәстүр ме, әлде қорғанға арнайы салынатын қосымша зат па, бұл туралы нақты деректер жоқ. Мұндай қола айналар Сібір, Таулы Алтай өңіріндегі барлық қорғандарда көп кездеседі. Сақтар айнаны жүздерін көру үшін ғана емес, сондай - ақ олар балгерлікте де қолданған. Шамандар қола айна арқылы жын-шайтандарды қуса, көріпкелдер соғысқа аттанған әскердің тағдырын қола айнаға қарап болжаған. Сақ шамандары, көріпкелдері қола айнадағы тылсым күшке сенген. Ежелгі адамдардың өмірінде бақсылар мен шамандар негізгі рөл атқарған. Қола айна мен қысқа таяқшаларға қарап шамандар (көріпкелдер) болашақты болжаудан басқа, олар адам емдеумен де шұғылданған. Ежелгі сақтардың (скиф) балгерлері қатар қойылған ағаш шыбықтарды кезекпен - кезек алып соған қарап бал ашқан. С.С.Бессонова: "Айна, дөңгелек ыдыс, шаманның дөңгелек дабылы (музыка аспабы) әлемдік символды білдіреді" - дейді. Мұндағы айна, дөңгелек ыдыс және дабыл күнді тұспалдайды. Ежелгі адамдар күнге, отқа табынған.

Сақ (скиф) патшасы ауырса ең мықты деген үш балгерді шақыртып, олардан болашақта оны не күтіп тұрғанын білгісі келген. Егер балгердің айтқаны сәйкес келмесе, басын шауып, оның мүлкін қалған екі балгерге таратып береді. Патшаға бал ашардың алдында шамандар (бақсылар) оттың жаныныда тұрып, құдайға шын ниетімен сыйыну тиіс. Егер олардың ниеті жалған екенін патша түсініп қалса, балгердің жоғарыда айтылғандай басын шауып тастайды Геродоттың деректерінде скифтер жеті құдайдың ішінде от құдайына табынған. От қатал табиғатта тіршілік еті үшін ежелгі адамдарда маңызды рөл атқарған (Мұндай ұғым Зороастризм дінін қалыптастарды). Ал, бал ашуға қолданған қола айнаның нұсқалары бір-бірін қайталамайды. Бұқтырманның Чернова жерінен табылған қола айнаның шеті күрделі оюлармен жиектелген. Ғалымдардың пайымдауынша қола айнада бейнеленген оюда, тұспалданған аң мен айдаһар өзінің жеміне ұмтылған. Бұл тек пайымдау, ал шын мәнінде қанша қарасаңызда ондай шырмауықталған өрнектерден сіз ешқандай аң мен айдаһарды көре алмайсыз. Жергілікті жерде қола айна жасалған ба? - деген сұрақтарға, ғалымдар әр түрлі болжам айтады. Кейбір ғалымдар қола

айналар қытайдан әкелінген десе, С.И.Руденко қола айналар жергілікті жерлерде жасалған деп тұжырымдайды. Таулы Алтай өңірінде жасалған қоланың құрамы қытай қоласының құрамынан өзгеше. Ежелгі Таулы Алтайдағы қоланың құрамында қызыл мыс, 0.1 пайыз күміс қосылған: күміс, мысты қолаға мұндай мөлшерде қосу, қорғандарда табылған қола айналардың барлығында сақталған. С.И.Руденконың деректеріне сүйеніп айналарды жергілікті шеберлер жасаған деп болжауға болады. Ал, В.В.Радлов: "Қоладан құйылған мүсіндер көшпелілердің мәдениеті туралы ақпарат береді" - дейді.

Сақтар темірден гөрі алтын, күміс, қоланы көп қолданған. Қорғандарда темір заттардың кездеспеуі, сақтар темірден жасалған заттарды мүлдем қолданбады деп үзілді-кесілді пікір айтуға болмайды. Темірден сақтар негізінен қару-жарақтар жасаған.

Сақ (скиф)кезеңдерін зерттеген ғалымдар жергілікті ерекшеліктеріне қарай бірнеше кезеңге бөліп қарастырады.

М. М.П.Грязнов Таулы Алтай қорғандарын б.з.б VIII ғ.ғ., Пазырық-б.з.б.V- IIIғ.ғ., Шібе б.з.б.II ғ..

И. С.В.Кисилев Маиемер кезеңі: ерте б.з.б VII-VI ғ.ғ.; көне б.з.б.V-IV ғ.ғ., б.з.б.III-I ғ.ғ. Пазырық қорғандары.

С.В Кисилев Таулы Алтай мәдениетінде ерекше бөліп көрсеткен кезеңі - Маиемер. Ол сол кезеңінің айрықша белгілері:

1. Ер - тұрман жасаудағы өзіндік тәсілдер;
2. Қоладан жасалған айнаның бейнелеу мәнері;
3. Қорғанда темірден жасалған бұйымның кездеспеуі.

Мұнда "қорғандарда темірден жасалған бұйымдар кездеспейді" - деген С.В.Кисилевтің пікіріне күмән келтіруге болады. Сақ шеберлері қару-жарақтарды темірден жасаған. Сақ обаларының ғасырлар бойы тоналғанын ескерсек, ең алдымен темірден жасалған қару -жарақтар қолды болған деп айтуға болады. Ал, Таулы Алтай өңірінде табылған ат - өбзелдердің жасалу тәсілдері еліміздің басқа аймақтарына төн мәнер.

Ғалым С.И. Руденконың пікірінше скиф-сармат немесе сармат мәдениеті археологиялық деректер бойынша б.з.б. VIII- I ғ.ғ. деп белгілейді. Сондықтан М.П.Грязнов келтірген белгілерді С.И.Руденко темір дәуірінің ерте кезеңдеріне сай келеді деп пікір айтады. Ал, С.В.Кисилев Пазырық қорғанындағы ғұн-сармат кезеңдерін моңғол жеріндегі Ноин - ула мен салыстырмалы түрде қарастырған деп қарсы пікір айтады. Пазырық, ғұн-сармат кезеңдерін, Ноин - ула, моңғол кезеңдерімен салыстыра отырып, мынандай ортақ белгілерді С.В.Кисилев келтіреді:

- 1.Таулы Алтайда орналасқан Пазырық қорғандары мен моңғол

жеріндегі Ноин - ула қорғандарының ұқсас белгілерінің бірі жерлеу рәсімі, ал айырмашылығы Пазырық қабірінде мәйітпен бірге жылқылардың көмілуі;

2. Киімдерінің сыртқы пішінінің ұқсастығы;

3. Тұскиіз, сырмақ, кілемдердің жасалу тәсілдері мен оған бейнеленетін ою-өрнек элементтерінің ұқсастығы;

4. Құрбандық табақтарының бірдей болуы;

5. Жерлеу рәсімінде бұрымдарды киып, оны мәйітпен қатар көмуі.

Сақ ою-өрнек элементтерінің көшпелілердің бөріне ортақтығын Забайкалядағы гүн қорғандарындағы Дэрестуискиден табылған жәдігерлер дәлелдей түседі. Ал, Минусинскідегі Таштық жерлеу рәсімі алтайлықтармен ұқсас жақтарымен қатар өзгешеліктері де кездеседі:

1. Таштық жерлеу рәсімінде мәйіттің бетіне оюланған маскіні кигізуі;

2. Ағаштан ойып жасалған ожауға ұқсас ыдыстар;

3. Аттың басын егіз мәнерде бейнелеу;

4. Мәйіттің басына (мидың алынып тасталуы)трепанация жасау;

Сақ қорғандарының ішінде мәйітке маскі кигізу тек Таштық обасында табылған. Оюланған маскіні мәйіттің бетіне кигізіп жерлеу ежелгі адамдардың түсінігінде оның құдаймен тілдесуіне мүмкіндік береді деп ұққан. Мүсіндерді егіз мәнермен жасау барлық аймақтарда кездеседі. Адамның басына (мидың алынып тасталуы)трепанация жасауды да сақтардың(скиф) жерлеу рәсімімен байланыстыруға болады.

Таулы Алтай өңіріндегі Пазырық қорғанында жерленген еркектер мен әйелдердің шаштары тықырланып алып тасталған. Шаш еркектердің желке тұсында, ал әйелдердің төбесінде қалдырылған. Алтайлықтардың шашты тықырлап алып тастау дәстүрі жерлеу рәсіміне қатысты болған. Мұндай құбылысты бальзамдау кезінде бастан миды алып тастаумен байланыстыруға болады. Олардың тірі кезінде шаштарының ұзын болатындығын дәлелдейтін шашты жинайтын түйреуіштер обалардан табылды. Н.Я.Бичурин: “Уханьдықтар бастары жеңілдеу үшін шаштарын тықырлап алып тастайды, ал олардың әйелдері күйеуге шығардың алдында шаштарын өсіріп, екіге бөлінген бұрымының үстінен бас киім киген” - дейді. Н.Я.Бичуриннің тарихи деректерінде сақ әйелдерінің шаштары ұзын болатындығы жазылған. Ал, әйелдер жерленген қорғандарда кесілген ұзын бұрымдар табылған. Таулы Алтай, Таштық, Ноин-ула обаларынан табылған заттарғы этноинтерпретация жасап олардың ұқсастықтары мен қатар өзгешеліктерін қарастырған болатынбыз. Кең аймақты иемденген сақтардың (скиф) қолөнер, бейнелеу өнері мен салт дәстүрлерінде ұқсастық жағ

басымдау. Сарматтардың дәстүрлері мен қолөнер саласындағы айырмашылықтар:

1.Новочеркаскі төжі (диадемасы) және күмістен жасалған ыдыстардың жасалу мәнері;

2.Қола айналар;

3.Тастан жасалған құрабандық ыдыстар;

4.Зергерлік бұйымдардағы полихром әдісі.

Қол айналар, құрабандық ыдыстар барлық сақтарда (скиф) кездеседі, ал өзгешелік олардың жасалу мәнерінде. Сарматтардың зергерлік бұйымдарын әрлеу полихром тәсілі, соларға ғана төн мәнер. Батыс Қазақстандықтар зергерлік бұйымдарды әрлдеуде полихром тәсілін қазірде қолданады.

Таулы Алтай, Минусинскі, сарматтардың мәдениетінде ортақ мәнермен қатар, айырмашылықтар да кездеседі. Алтыннан, қоладан жасалған бұйымдарды өшекейлеуде “аң стил”, киім үлгілерінің ұқсастығы. Ортақ дәстүр мен қолөнердің ұқсастығына қарамастан, әр тайпаның өзіндік ерекше тұстары бар. Қорғандарда жерленген жылқылардың бөрінің жалы мен құйрығы қырқылған. Аттың жалындағы қылының ұзындығын 25 см қалдырылған. Мұндай ғұрып алтайлықтарда ғана емес сол кезеңнің садақшыларының арасында кең тараған. Алтайлықтарда жерленген жылқылардың құйрықтарының түйіп байлаған немесе бұрым қылып өру дәстүрі болған. Пазырық қорғанында жерленген аттардың жартысының құйрықтары бір рет байланып, қалғандарының құйрықтары бұрым болып өрілген. Бұл ғұрып алтайлықтарға ғана төн. Ал, монғол жеріндегі Ноин - Ула қорғанында бұрымды бөлек кесіп, мәйітпен бірге жерлеген. Бұл рәсім басқа сақ тайпаларында кездеспейді. Мұндай дәстүрді аймақтық, рулық ерекшеліктерге жатқызамыз.

(Киселев, Қызласов, Евтюхова, Смирнов Таулы Алтай тас қорғандарын ғұн - сармат кезеңі деп белгілейді. Моңғол жеріндегі Ноин - уладағы қорғанның Алтай қорғандарымен ұқсастықтары болғанымен, өзіндік ерекшеліктері де бар. Алтайлықтардың жылқыны мәйітпен бірге жерлеу ғұрыпы моңғол жеріндегі Ноин-ула обасында кездеспейді. Екінші айырмашылық, Алтай обаларынан табылған мәйіттерді зерттегенде европалық және моңғол вәсілді адамдардың аралас өмір сүргені белгілі болды.)

Сақтар (скиф) мекендеген аймақтарда дәстүрлі өнердің үнемі өзара мәдени байланыста болғандығын ежелгі жәдігерлерден көреміз. Осындай ортақ мәнерге қарамастан тайпалар арасында өздерінің киім-кешектері мен бұйымдардың тігілу және жасалу тәсілдерінде сақ

шеберлері өзіндік ерекшеліктерін сақтап қалған. Сақ шеберлерінің қолөнердегі мәнерлері дүние жүзін тандандырып келеді. Олардың салт-дәстүрі, қолөнері, бейнелеу өнерінің қарқынды дамып, жоғарғы деңгейде қалыптасуына қоршаған орта әсер еткен. Көшпелілер қысы-жазы көшіп жүрмей олар өзіне тиесілі жерлерде тіршілік еткен.

Сібір, Орта Азиядан бастап Қара теңізге дейін б.з.б. V-I ғ.ғ. мекендеген сақ тайпаларының өздерінің тиесілі жерлері болған. Ежелгі сақ тайпаларының территорияларында қазір түркі тобына кіретін елдер, оның негізгі бөлігінде Қазақстан орналасқан. Кейінгі ғасырларда сақтар Қара теңіз, Сібір аймақтарынан ығыстырылып басқа тайпалар қоныс тепті. Кубаньда өмір сүрген скифтерді гректер меоттар мен синды деп атаған. Савроматтардың Солтүстігіндегі Донның жоғарғы ағысында фиссагеттер өмір сүрді. Бұл негізінде аң аулаумен шұғылданған сақ тайпалары. Батыс Қазақстанның, ал Орал өңірінде аң аулаумен айналысқан иркі тайпалары тұрды. Азияда савроматтарға көшірілес орналасқан тайпалардың бірі массагеттер Каспий мен Аралдың оңтүстік - батысында (Сырдария мен Амударияның төменгі ағысында) мекендеген. Олар Дария I б.з.б. 517 жылдары соғысты. Парсылықтардың Кир патшасына қарсы соғыста жеңіске б.з.б. 558-529 жылдары жеткен массагеттердің патшайымы Томирис болған. Массагеттер күнге табынған, сондықтан олар күнге арнайы құрбандыққа жылқы шалып отырған. Бұл тайпа туралы тарихи деректер парсылықтардың тасқа түсірген сына жазуларында кездеседі. Геродот, Ксенфонт массагет көшпелілер тайпаларын қас жауынгер ретінде сипаттайды. Олар мал шаруа-шылығымен қатар аң аулаумен айналысқан. Массагеттер бір әйелге ғана үйленген, егер олардың басқа әйелге көңілі түссе сол үйдің төбесіне найзасын қадап кететін салты болған. Массагеттерде иссендондықтар сияқты қайтыс болған адамның егін жеу ғұрпы болған. Олар аурудан қайтыс болған адамды ғана жерлейтін.

Темір дәуіріндегі қала тұрғындарына сақтардың (скиф) ішінде будиндерді жатқызуға болады. Сақ (скиф)- будиндер өз үйлерін, діни орындарын және қамалдарын ағаштан тұрғызған. Олар үш жыл сайын Диониске арнап той шараларын өткізеді. Будиндер этникалық жағынан сақтардың құрамына кірген европалық нәсілді ежелгі тайпалардың бірі. Олардың шашатары сары, көздері ашық көк болып келеді. Ал сарматтар б.з.б. III - IV ғ.ғ. Тобыл мен Дунайдың аралығын мекендеген тайпалардың жалпы атауы. Олар мал шаруашылығы мен егін егумен айналысқан. Сарматтардың бір бөлігі языгтар мен роксаландардан тұрады. А.Н.Бернштам сақтарды екі топқа бөліп қарастырады:

Сырдария (яқсарт) және Жетісу сақтары, ал соңғы топқа Фергана - Алай сақтарын қосады. Олар Тянь-Шань сақтарымен қосылып амюрги сақ (скиф) тобын құрған. Парсы деректерінде амюргейліктер бастарына киізден конус тәрізді бас киім киіп, садақ, қанжар, айбалта сияқты қару- жарақтарды асынып жүреді деп жазылған. Геродоттың деректерінде сақ (скиф) тайпалары өмір сүрген қоғамда салт-дәстүрі, қолөнері, бейнелеу өнері, діни көзқарастары мен наным-сенімдері ортақ болғаны келтіреді. Бір кезеңде өмір сүрген сақ - номадтар мен сақ - егінші тайпаларының қоғамдық құрылыстарында айырмашылықтар болды. Еуропалық сақтарда (скиф) патриархальды құрылыс болса, ал савроматтар мен массагеттерде матриархальды құрылыс ұзақ сақталды. Ежелгі деректерде келтірілгендей патриархальды құрылыста әкесі үлкен ұлдарының жанұясын бөлек шығарып, өзінің мұрагері қылып кіші баласын қалдырған. Геродот пен Ктесий матриархальды құрылыста өмір сүрген массагет пен савромат тайпаларының көсемдері әйел болғанын жазады. Олардың әйелдері күйеулерімен бірге аң аулап, соғыс алаңдарына бірге шыққан. Помпония Мелыды: "сақтар жаяу садақшылар жасағын құрса, ал салт- ат мінген әйелдері соғыс алаңдарында жауларын арқанмен қылқындырып өлтіреді" - дейді. Ктесийде сақтар мен мидиялықтардың ұзақ соғысы кезінде Зарина ханшайымы басқарғаны жазылған. Сондай - ақ парсы патшасы Кир сақ - Амортты тұтқынға алғанда, оның әйелі Спаретра 300 мың еркек, 200 мың әйелдерден жасақталған әскермен Кир патшасына соққы береді. Бұдан көшпелі қоғамында әйел мен еркектер тең дәрежеде болғанын көруге болады. Геродоттың деректерінде: "сақтар (скиф) ғана өмірге ең қажетті соғыс өнерін жақсы меңгерген. Оларды ешкім өмір сүрген аймағында кездейсоқ кездестірмейді, егер сақтардың өздері олардың алдынан шықпаса" - дейді.

Геродоттың деректері бойынша Солтүстікте гелоно - будина скифтері өмір сүрсе, Батыста савроматтар қоныс тепкен. Салт-дәстүрлері сақтардан (скиф) өзгеше болғанымен, олар сақ (скиф) тілінде сөйлеген. Сарматтарды (савромат) зерттеген скифолог И.Е. Никонов ежелгі тарихшы Страбонның деректеріне сүйеніп: "Танаис өзенінің ар жағалауындағы жерлер сарматтардың меншігінде болған деп Донды атаған. Повольженің төменгі ағысында б.з.б. 370 ж. ғұн ордасы орналасса, б.з.б. VIII-IV ғ.ғ. Поволжье, Дон және Оралдың Оңтүстігі сарматтарға қаралы. Андрондық мәдениетті (қола дәуірі) зерттеген ғалымдар олардың заңды жалғасы ретінде сақтардың сармат тайпасын қарастырады. Сарматтар VI ғасырда б.з.б. Донмен Днепрдің ортасында, Кубаньда, Орталық Кавказда, Қара теңіз даласында өмір сүрген

(роксоландар). II ғасырда б.з.б. Донның төменгі ағысында өмір сүріп үлкен саяси рөл атқарды. Оларда б.з.б VI-I ғ.ғ. патриархальды құрылыста өмір сүрді, сондай-ақ сарматтарда матриархальды құрылыста аздап сақталды. Осы кезде оларда таптық құрылыстың қалыптасу кезеңі басталды. Лингвистер сармат пен скифтердің тілдерін ұқсас деп қарастырған, ал Геродот: “савромт скиф тілін бұрыннан бұрмалап сөйлеген” - дейді. Геродот өз деректерінде сақ(скиф) тайпаларына қатысты адам, жер, су, тайпа атауларын грек тілінде атап көрсеткен. Ал, ғалымдардың зеттеулерінде сақтардың (скиф) тілдері туралы нақты жазба деректер жоқ. Ондай деректер ғұлама тарихшы Геродоттан да кездеспейді. С.И.Руденконың деректерінде сарматтар Доннан бастап, Батыста Аралға дейін, Оңтүстікте Кавказдан Волганың төменгі Солтүстік ағысына дейін кең алқапты алып жатты. Сарматтардың зергерлік бұйымдарындағы полихром төсілі басқа сақ тайпаларында кездеспейді.

Донның жоғарғы жағында гректердің деректері бойынша меоттар мен фиссагеттер, Кубан тайпалары өмір сүрген. Геродот: “Кубандықтар өзіндік ерекшеліктері бар, саны көп халық. Олар аң аулап күн көрген - дейді”. Сарматтар көршілес өмір сүрген тайпалар массагеттер. Олардың мекендеген жерлері Аралдың Оңтүстік батысы мен Сырдарияның Солтүстік батысына дейінгі алқапты алып жатты. Птоломейдің деректеріне сүйенсек сақтар екі топтан тұрған: Сырдария сақтары (яқсарттар). Фергана - Алайлықтар; екіншісі Тянь-Шань сақтары, амюргийлер, хаомаваргтар.

Қазақстанның Солтүстік Батыс аймақтарында ииркі тайпалары мен көршілес аргипей тайпалары қатар өмір сүрген. Геродот өз деректерінде аргипей тайпалары туралы “топырағы құнарлы және біраз таулы - жоталы жерлерді өтсең аргипей тайпаларына кезігесіңдер” - деп жазған. Құнарлы топырақты жазық даладан кейін скифтердің тасты таулы-жоталы жерлері басталады.”Таудың етегінде өмір сүрген адамдардың беттері жалпақ, ал мұрындары пұшық болып келеді. Аргипейліктердің тілдерінде өзгешеліктер болғанымен олар сақтар (скиф) сияқты киініп, понтик ағашының жемісімен коректенеді” - дейді Геродот. Бұл жемісті қытайдың Солтүстігінде тұратын жоңғарлар қазірде бұл жемісті сүтке қосып жейді. Таулы тасты жерді мекендеген сопы адамдар ағашта өскен жеміс - жидектің шырынын сүтке қосып ішіп, азын-аулақ малмен ағаштың түбінде тіршілік еткен. Ал, қыста осы ағаштың үстін ақ киізбен жауып, лашық жасайды. Бұл тайпаларды ешкім ренжітпейді. Қару-жарағы жоқ бұл сопы адамдар ел арасында беделге ие болған. Олар тайпа ішіндегі дау-жанжалдарды реттеп отыратын және басқа

тайпалардан қашып келген адам олардың лашығын паналаса қуғыншылар оған тиіспейтін. Аргипей тайпасына жақын аримаспа тайпалары орналасқан.

Аристей Проконесскийдің деректеріне сүйеніп, Геродот аримаспа тайпалары туралы былай дейді: “Исседондардан Солтүстікке қарай аты аңызға айналған алтын күзететін грифон құстары бар жалғыз көзді аримасптар өмір сүрген”. Жалғыз көзді адамдардың алтын күзететін самұрық құсы туралы аңызды Геродот естігенімен, ол қиялдан туған грифтерді көрген емес. Сақ (скиф) тілінде “арима” - бір, ал “спу” - көз. Осының салдарынан сақтардың (скиф) арасында жалғыз көзді деп аталып кеткен. Аристей жалғыз көзділерге арналған “Аримасптар туралы эпос” жазып кеткен. Ал, аримасптардан жоғары гипорборейлер өмір сүрді.

Геродоттың тарихи деректерінде гиперборейлердің ерекше дәстүрі жазылған. Олар көршілес тайпаларға құрбандық сыйларын бидайдың сабақтарына орап беріп жіберетін. Ондай құрбандық сыйларды Адриати мұхитынан Делосқа дейінгі тайпалардың барлығы жыл сайын алып отырған. Басында гиперборейлер өз құрбандық сыйларын жас қыздардан беріп жіберіп отырған. Құрбандық сыйын таратушы адамдары белгісіз себептермен қайтып оралмаған соң, олар кейіннен құрбандық сыйларын шекаралас тайпалардың адамдарына тапсыратын болды. Гипорборейліктердің дәстүрін сақтаған басқа елдер оларға арнайы рәсімдер өткізетін. Геродот: “ Фракий мен пеонийдің әйелдері Артемида - патшайымына арнайы бидай сабағына оралған қасиетті құрбандық сыйларын әкеліп отырған. Мұндай гұрып Делоста қайтыс болған гипорборей қыздары мен жігіттеріне арнайы өткізіледі” - дейді. Делостықтар гиперборейлік қыздардың бейітіне жануардың өртенген жамбасының күлін шашып, шаштарын кесіп құрмет көрсетеді. Мұндай гұрып Делостықтарда ғана емес, оларға көршілес тайпаларда да сақталған. Геродоттың гипорборей сақ(скиф) тайпаларының Италиядағы ежелгі этрустар мен венеттердің қарым- қатынасын жазады. Жоғары Италияда қола ыдысты сол елдің сыйыну рәсімдерінде қолданғанын Геродоттың деректерінде берілген. Гипорборей тайпасына көршілес орналасқан аримасптардың алтынын күзететін мифтік құс бейнесі сақтардың бейнелеу өнерінде түрлі үлгіде қолданды. Таулы Алтай, Сібір, Орта Азия аймақтарының барлық өңірдегі ортақ сюжеттік композицияға айналда. Сақтардың (скиф) грифтерді қолөнерде қолданған мәнері еш бір елде қайталанбайды. Мифтік образдағы грифондар аримасптардың алтындарын күзеткен деген тарихи дерек Геродотта жазылған. Грифтер ежелгі адамдардың дүниетанымында

мифтік ұғымнан пайда болған құс. Оларды сақтар түрлі нұсқада алтынан, қоладан жасаған зергерлік және киіз бұйымдарында дәстүрлі түрде бейнелеген. Мұндай қорқыныш сезімін тудыратын құстың аңмен немесе жануарлармен арпалысқан көрінісі адамды бей-жай қалдырмайды. Геродоттың пайымдауынша бойынша аримасптардың грифон құстары алтын күзетіп, тайпаның қорғаушысы, тотемі болып саналған. Қиялдан пайда болған бұл құс Геродоттың (б.з.б. 485-425 ж.) еңбектерінде, саяхатшы әрі ақын Аристей поэмасында кездеседі. Бұл ғажайып құс көшпелілердің арасында “Алтын қорыған самұрық” деп аталып кеткен. Сондықтан сақтардың барлық тайпаларында бүркіт типтес, тұмсығы аң пішіндес грифон құсын бейнелеу ежелден дәстүрге айланған. Мұндай бейнелер дәстүрлі түрде барлық қолөнер салаларында қолданған. Алтын күзететін аңызға айналған грифон құбыжық құсын сақ шеберлері бейнелеу өнерінде кең қолданған. Самұрық құс туралы аңызды аримасптар өздерінің жауларының қорқыныш сезімін тудыру үшін әдейі таратуы мүмкін.

Аримаспа тайпаларына көршілес өмір сүрген исседон тайпаларының жерлері туралы Геродот нақты деректер келтірмеген. Ол шамамен Шығыс Түркістан аймағында өмір сүрген десе, Бертель өз зерттеулерінде исседондарды Тянь - Шаньнің Шығысында мекендеген деп тұжырымдайды. Исседон - ежелгі алтай тайпаларының бірі (Тұңғыш рет Аристей Прокопескийдің дерегінде б.з.б. V ғ. жазылған). Олар шамамен Шу мен Амудария алқабының бойында қоныстанған. Птоломей б.з.б. I ғ. исседондарды алтай тобының “үлкен нәсілі” деген болжам айтады. Олар жұлдыздарға табынып, өзен суларды пір тұтқан. Ғалымдар исседондықтар үйсін болуы мүмкін деген жорамалдар айтты. Геродот исседондықтардың ерекше ғұрыпы туралы мынандай тарихи деректер келтіреді: “Біреудің әкесі өлгенде оның туған-туыстары малдарын айдап келеді. Қайтыс болған үйге келген мал сойылып, етін жаймалап, мәйіттің етімен араластырып пісіріледі. Сондай-ақ қайтыс болған адамның басы тазартылып, алтынмен қапталады. Көңіл айтуға келген адамдар пісірілген етті жеп той өткізеді” - дейді. Бұл деректі орта ғасырдағы миссионер Гильом де Рубрукта өз зерттеулерінде жазады. Ол ата - анасына деген сүйіспеншілігі мен құрметін олар өлгеннен соң мәйітін жейтін тибеттіктер туралы дерек келтіреді. Олардың дүниетанымында ата - анасы үшін олардың асқазанын артық қабір жоқ. Миссионердің бұл мағлұматтары тибеттіктерге арналған. Сақтардың исседон тайпасы мен тибеттіктер өздерінің ата-анасына деген сүйіспеншілігін осындай сезім арқылы білдіруінде ортақ ғұрып бар. Исседондықтар алтынмен қапталған әкесінің басына арнайы жыл

сайын құрбандық шарасын өткізеді. Сақ(скиф) тайпаларының арасында исседондардың ғана әйелдері қоғамда еркектермен тең дәрежеде болған.

Сақ (скиф) кезеңдерін зерттеп, оны қағазға түсірген ежелгі ғалымдардың тарихи деректерінде қарама-қайшылықтар да кездеседі. Геродот топырағы құнарлы жерлерді өтсең, таулы-жоталы жерлерде аргипей тайпалары мекендеген деп бұлыңғыр деректер келтіреді. Ал, Бертель сақтардың мекен-жайын жер-су аттарымен дәлірек атап біздің уақытымызға жақындата түскенімен, ежелгі географиялық атаулар грек, парсы, қытай тілдерінде жазылған.

Таулы Алтайдың Солтүстігіндегі Тарбағатайда Ертістің жоғарғы ағысы мен Зайсанда мекендеген алтын қорыған грифтер бар аримасп тайпалары өмір сүрген. Таулы Алтай мен Моңғолияның қиылысу тұсында Бой-шаняға дейін юечжей тайпалары қоныс тепкен , ал Нань-Шаняның Оңтүстігінде үйсіндер тұрған. Үйсін, юечжейлерге көршілес дун-ху тайпалары мекендеді.

Ғұндар Тарбағатай тауларынан бастап Байкалдың Солтүстігіндегі Хинган жартасына дейінгі аймақты алып жатты. Ғұндар сақ тайпаларының ішіндегі ежелгі рулық институтын сақтап қалғандардың бірі. Олардың құрамына 24 рулық тайпа кірген. Қоғамда бұл одақты тайпа көсемі басқарды. Сондай - ақ басқару жүйесі ақсақалдар кеңесі, халық жиналысы арқылы жүзеге асқан. Бір жылда (1,5,9) күндері сюн жиналып Аспанға (Төңірге) құрбандық шалады. Осы күнге арнайы той шараларын өткізеді. Тойда ат, жылқы жарыстарын өткізіп, ақсақалдар кеңесінде тайпа көсемі саяси мәселелер туралы сөз қозғайды. Геродот пен Бертель өздерінің сақ зерттеулерінде тайпалардың тұрмыс - тіршілік кешкен мекен-жайлары туралы құнды деректер қалдырды. Сақ (скиф) ежелгі тарихын зерттеген ғалымдар грек ұлтынан болғандықтан, жергілікті тайпа , адам , жер - су аттары грек тілдерінде жазылған. Ал, тарихшылардың деректерінде келтірілген жер, су, тайпалардың грек, парсы атаулары сақ, қазақ тарихының сабақтастығын қарастыруда қиындық туғызады.

Геродот, Страбон, Бертельдің деректеріндегі тайпа атаулары қазіргі кезде мүлдем кездеспейді. Ежелгі авторлардың шығармаларындағы сақтардың өмір сүрген аймақтарына қазіргі қазақ рулары мен түркі тілдес топқа кіретін елдер өмір сүреді. Қазіргі қазақтар мен түркі типтес елдердің салт - дәстүрі, қолөнері аргипей, исседон, гелон, аримасп және массагеттермен ұштасып жатыр. Олар өмір сүрген кезеңдерінде өзіндік ерекшеліктер болсада ғасырлар бойы көшпелілерге ғана тән салт-дәстүр, наным-сенімдер мен қолөнер мәнері берік сақталған.

Сақ (скиф) тайпаларын б.з. XVIII ғасырлардан бастап зерттей бастаған Ресей, Еуропа ғалымдары оларды тұтастай менталитеті бір өркениетті мемлекет ретінде қарамай тек қорғандарда табылған көне ескерткіштерге материалдық тұрғыдан сипаттама беріп отырды. Сол сияқты б.з.б. II - I ғ.ғ. үндірий, үндіран тайпалары өмір сүрген деп, оларды ұшты-күйлі жоқ қылып жіберуі дәлелсіз. Ал, көшпелілердің салт-дәстүрі мен дәстүрлі өнерінің барлығын жоқ болып кеткен тайпалардың мәдениеті деп дәлелдеу ағаттық.

Геродоттың тарихи деректерінде сақтардың (скиф) адам саны туралы деректер жоқ. Оның пікірінше жеркілікті сақтардың (скиф) саны аз, ал басқа мағлұматтарға сүйенсек олардың саны өте көп болып шығады. Сақтар (скиф) туралы аңызда олардың патшасы Ариант халқының санын білу үшін барлық сақтарға (скиф) садақтың жебесін әкелуді бұйырады, ал әкелмеген адамдарды ол өлім жазасына тартатынын жариялайды. Сақтар (скиф) жинаған садақтың оғынан үлкен қазан құйылды.

Ежелгі қолжазбаларда парсылар көшпелілерді “сақтар”, ал гректер “скифтер” деп атаған. Сол кезеңнің тарихын, салт-дәстүрін зерттеген ғалымдар бұл елдің тілін білмегендіктен деректерінде адам, жер, су аттарын өз тілдерінде атап қойған. Сақтардың (скиф) бейнелеу өнерін, қолөнерді мен салт-дәстүрін зерттей келе, Сібір, Орта Азиядан бастап Қара теңізге дейінгі аймақты мекендеген тайпалардың этномәдениеті бір деп тұжырымдауымызға болады. Олардың қолөнері мен тілдерінде диалектілік ерекшеліктер болды. Ондай ерекшеліктер бүгінгі түрік тобына кіретін елдердің арасында да сақталған. Сондай-ақ ауыз әдебиеті, қолөнері мен салт - дәстүріндегі ортақ ұқсастық бүгінде сақталған. Мұндай ұқсастық, ұрпақ сабақтастығы олардың түбі бір болғанын көрсетеді.

Сақтардың алып жатқан территориясы мен олардың құрамына кіретін тайпалар бүгінгі күні ғалымдардың назарынан тыс қалған жоқ. Сол сияқты олардың тұрмыс - тіршілікте қолданған бұйымдары, қоғам құрылысы мен дәстүрлерін де ғалымдар толық болмасада гипотеза жасап, анықтама беріп келеді. Ежелгі адамдардың жазу тарихы бізге белгісіз болғандықтан, сақтардың мәдениетін қазба жұмыстары кезінде табылған деректерге сүйеніп мағлұмат аламыз. Бұл мәліметтер сақ дәуірі туралы көптеген ақпарат береді. Гиппократ сақтардың тұр-өлпеті жөнінде мынандай сипаттама береді: “ Скифтер бір-біріне ұқсас, беттері жалпақ көсеу болып келеді. Ал, үйсін, динлиндердің көздері көк, шаштары сары, өздері аққұба. Олардың денелері күннен емес суықтан қызарып тұрады”- дейді. Скифтердің бет - өлпетіне қарап

айқындайтын болсақ Қара теңіз жағалауындағы сақтар (скиф) Орта Азиялықтар сияқты европалық нәсілділер болған. Тіпті гректерге қарағанда сақтардың бет-әлпеті ақ болғанын ежелгі тарихшылардың деректерінде келтірілген. Сонымен түр - әлпетіне қарап ғалымдар сақтарды европалық және моңғол нәсілділер бөледі. Моңғол типтестерге: аргипейлер, фиссагеттер, Таулы Алтай өңірінде өмір сүрген дун-ху, уханьдықтар жатады. Еуропа мен Батыс Азиядағы европалық сақтарға б.з.б I ғ.:(савромат, массагеттер, юечжей, памир сақтары (үнді-афган), исседон-үйсіндер жатады.

Пазырық обаларында табылған мәйіттердің түр - әлпетінен б.з.б. I ғасырда европалық және моңғол нәсілділер аралас өмір сүргеніне көз жеткіземіз. Егер қазіргі қазақтардың бет-әлпетіне зер салсаңыз сол ежелгі сақтардың европалық және моңғол типтестері аралас кездеседі. Моңғол типтес қазақтарға Орта жүзге кіретін: Найман, Арғын, Керей, Қоңырат т.б. руларын кіреді. Моңғол нәсілді сақ тайпаларының өмір сүрген мекен - жайы қазіргі Арғын, Найман Керей, яғни қазіргі Орта жүздің территориясына сәйкес келеді. Ал, европалық нәсілді сақтарға (скиф) қазақ руларынан басқа тәжік, ауғандықтар да кірген. Тәжік, ауғандықтардың сақ тайпаларына кіретіндерін Англиядағы музейде сақталған Окс коллекциясы дәлел болады. Сақ тайпалары өздерінің салт - дәстүрін, қолөнердің өзіндік ерекшеліктерін сақтап тәуелсіз өмір сүрді. Сақтардың (скиф) этникалық тұрғыдан біріккен тайпалары бір басқару жүйесіне бағынды. Массагет патшайымының парсы патшасы Кирге қарсы күресінде сақтардың (скиф) жұмыла соғысқаны парсы деректерінде жазылған. Мұндай дәстүр көшпелілерде түрік қағандары мен Шыңғысхан империясы кезінде де қолданған. Сақтардың (скиф) соғыс әдіс - тәсілдері жауларын шығынсыз жеңуге көмектесті. Сақтардың бұл әскери әдіс - тәсілдерін орта ғасырда Шыңғысханның жақсы меңгергенін көреміз.

Орта ғасырда қазақ даласы территориясына қарай үш жүзге, жүздеген руларға бөлінді. Бүгінгі күні әрбір ру өздерінің шежірелерін, яғни жеті атасына дейін жазып келеді. Қазақ ру атауларының шығу тарихын шежіреге сүйеніп айтсақ, онда әрбір ру өз ата-бабасынан тарайды. Ал, сақ кезеңіндегі ру, тайпа атауларының этимологиясына арнайы зерттеулер қажет. Грек, парсы деректерінде кездесетін тайпа, ру атаулары орта ғасырда, қазақ руларында кездеспейді. Орта ғасырдан бастап көшпелілер өмір сүрген аймақтардағы атаулар түркі тілінде аталғанын Махмұд Қашқари мен басқа да қолжазбалардан көреміз. Қазақстан территориясында өмір сүрген қазақ халқын ақсақалдар мен билер арқылы елдің этномәдениетін, этносаясатын, экономикалық-

шаруашылығын басқару хандарға тиімді болды. Жүзге бөліну Қазақстанда халықтың этникалық санасында өткен күннің шежіресі ретінде сақталған” - дейді. Егер Ө.Жәнібеков кеңес идеологиясының тұсында жүзге, руға бөліну “көненің сарқыншағы” деп пайымдаса, ал шын мәнінде қазақтың жүзге, руға бөліну жүйесі оның тұптамалары ежелгі тайпалық қоғамда б.з.б VIII-I ғ. қалыптасқанын дәлелдей түседі. Рулық бірлестік көшпелілердің тарихы ежелден сақ кезеңдерінен бастау алып, сондай-ақ қазақ халқымен сабақтастығын көрсетеді.

Қазақ қоғамында бүгінгі күнге дейін сақталған ақсақалдардың кеңес өткізу дәстүрі, сақ дәуірінен басталады. Сақ кезеңінде рулық топтар мен тайпалардың арасындағы жерге, малға қатысты дау - дамайларды ақсақалдар кеңесінде шешіп отырған. Бұл кеңестерге сондай - ақ ру мен тайпалардың көсемдері мені тайпалардың беделді адамдары қатыстырылған. Олар өз ара келісім шарт жасауды дәстүрге айналдырған. Сақтардың ұғымында барлық келісім шарттар “құдайдың бұйрығымен жоғарғы жақтан жасалады” деп қан араласқан шарап ішіп, бір-біріне ант берген. “Сақтар (скиф) бір-бірімен келісім шартты жасау үшін рәсімдер өткізеді. Ол үшін қыштан жасалған ыдысқа шарап құйып, сол рәсімге қатынасатын адамдар өздерінің қанын тамызады. Олардың ырымында ыдысқа найзаның, қылыштың, жебенің, айбалтаның ұшы салынады, содан кейін олар ұзақ бата оқиды. Сақтардың келісім шартқа қатысушылар мен тайпадағы беделді деген адамдары ыдыстан бір ұрттап шығады” - дейді Геродот. Сақтардың (скиф) келісім шартқа қатысты өткізілетін арнайы рәсімін Күл - Обада табылған күміс ритондардан да көруге болады, сондай-ақ алтыннан жасалған кішкентай мүсіннің көшірмесінде екі сақтың (скиф) бір ритоннан ішіп тұрған сәті көрсетілген. Сақтардың (скиф) бір ыдыстан ұрттап қан аралас шарап ішуі, бірі-бірімен бауырлас, қандас болу деген рәміздік ұғымды білдіреді. Арнайы өткізілетін рәсімдерде, сақтар (скиф) ас беру кезінде, немесе бір жылда бір өткізілетін жиында ақсақалдар кеңесін құрады. Бұл сақ (скиф) салты өз маңызын бүгінде жойған жоқ. Керісінше қазақ менталитетінде сақталған бұл дәстүр еліміздің рухани жағымызыды байытып, әр ру адамдары шыққан тегін біле бастады. Ө.Жәнібековтің пікірінше :“Ата-бабасына сыйыну қазақ халқының моральдық-этикалық нормалармен адамгершілік қағидаларымен ұштасып жатыр. Тарихи қиын - қыстау кезеңдерде халықтың сынақтан өтуі үшін этникалық бірлігін сақтауға бұл үрдіс прогрессивті ықпал етті” - дейді.

Қазақ хандығы б.з. XIV - XV ғ.ғ. орнағаннан кейін де хан кеңесшілер қызметін, ел арасындағы беделді ақсақалдар мен сөзге шешен

ақын-жыраулар, билер атқарды. Олар: Төле би, Айтеке би, Қазбек би. Сақ ақсақалдары жасалған келісім шарттар жоғарыдағы құдайдың бұйрығымен жасалып отыр десе, ал орта ғасырда ақсақалдар ел арасындағы әлеуметтік мәселелерді шешендік сөздерімен, ақылмен реттеп отырды. “Қазақ бір ауыз сөзге тоқтаған” деген нақыл сөз осыдан шыққан болу керек.

Сақ (скиф) тайпалары биік қорғандарды көсемдермен олардың туыстарына арнап салса, ғұн-сармат кезінде б.з. I-VII ғ.ғ. Кісі-бал балтас пен құлпытастарды көптеп тұрғыза бастады. Б.з. VIII ислам ұстанымы түріктердің сәулет өнерінде біраз өзгерістер әкелді. Қазақ даласында б.з. VIII-XII ғ. салынған күмбездер мен сағана тамдарды, Ахмет Иасауи, Айша - биби күмбездері көшпелілердің сәулет өнерінің жоғарғы деңгейіне жатқызуға болады. Ислам идеологиясына сай сәулет өнерінің нұсқасы өзгергенімен, сақ космогониялық дүниетанымындағы таңбалар өз мазмұнын жойған жоқ. Рулық құрылыста көп құдайлық үстем болып тұрған кезде Орыз қаған балаларының аттарын Күн, Ай, Иұлдыз (Жұлдыз), Көк, Тағ (Тау) Теңіз деп қояды. Бұл адам аттарынан әр рудың табынатын құдайы болған дәуірді аңғартады. Аспан денелерін көшпелілер қолөнері мен бейнелеу өнерінде, кейіннен рулық таңбаларында космогониялық нышандарды қолданған. Мұндай рулық таңбалар қазіргі қазақ руларының еншісінде.

Күмбездің аспан түстес дөңгелек болып келуі, ай элементін төбесіне қадау, немесе күмбезді дөңгелек, төртбұрышты қылып салу бұл аспан денелері, сақтардың дүниетанымындағы космогониялық ұғымды білдірген. Көшпелілердің ұғымында Әлем- Дүниеде адамдық қасиеттердің барлығы бар, адам мен табиғат егіз, сондықтан адамдар өздерінің эмоциялық әсерін “сұм дүние”, “жарық дүние” деп теңеулер арқылы беріп отырған. Адамның өмірде қиналып, басына ауыртпалық түскенде “сұм дүние” деп налиды. Ал, өмірінің сәтті кезеңдерінде “жарық дүние” деп тамсанады. Яғни, адамдар өздерін әлеммен тікелей байланысты деп білген. Ата бабаларының құрметіне сақтар биік қорғандар салса, орта ғасырдан бастап қазақ даласында күмбездер, сағана тамдар, құлпытастар мен мазарлар тұрғызу дәстүрге айналды. Үстірт, Маңғыстау өңірінде б.з. XIX- XX ғ.ғ. жаңадан дамыған сәулет өнерінің мәнері Батыс Қазақстандықтарға ғана тән. Сақ кезеңінен бастап көшпелілердің сәулет өнері бірнеше рет өзгеріске ұшырады. Ежелгі сақ (скиф) қорғандары қазақ даласының сәулет өнері мен тарихи шежіресіне айналды. Ежелгі адамдар туралы тарихи деректер көне ескерткіштерде кеңінен бейнеленген.

Сақтардың қолөнері, тұрмыс-салты бізге белгілі болғанымен, олардың тілі туралы нақты деректер жоқ. Геродоттың зерттеулерінде Батыс Еуропа және Орта Азия даласында өмір сүрген тайпалардың тілдері әр түрлі болған. Тіпті тілдің түсінікті болған кездің өзінде, әр тайпаның өз диалектілік ерекшеліктері сақталған. Геродот аргипейлердің тілі туралы: “Бұл сақтарға(скиф) барған адамдар олармен жеті тілмаш арқылы тілдеседі”- дейді. Ғалымдардың сақ тілдері туралы деректерінде “сақ (скиф) тілі иран тобына жатады немесе бұрмаланған тіл” деп тұжырым айтады. Сақтарды (скиф) зерттеген ғалымдар савромат, массагет, юечжелерді иран тобына, дун-ху, аргипейлер тайпаларын протомонғол тіліне, ал ғұндарды түркі тілдер тобына жатқызады. Геродоттың аргипейліктермен тілдесу үшін жеті аудармашы керек немесе сақтардың (скиф) біраз бөлігі иран тілінде сөйлеген арий тайпалары деп пайымдаулар айтылуы негізсіз.

Біз моңғол, түркі халықтарына ұқсас тайпаларды қазіргі қазақ халқынан ғана емес түркі тілдер тобына кіретін елдерден де кездестіреміз. Ғалымдар иран тілінде сөйлегендерге массагет, савромат, юечжейлерді жатқызады. Шумер өркениетті мемлекетімен қатар өмір сүрген сақтар (скиф) үндіиран, үндіарий тайпаларынан пайда болса онда қазақтар қазір иран тілінде сөйлер еді. Бүгінгі қазақ тілінің қорында иран кірме сөздері өте аз кездеседі. Ғалымдардың иранүнді, үндіарий тайпаларының Орта Азияда мекендеген деген мағлұматтары тек болжам, ол туралы нақты деректер, көне ескерткіштер жоқ. Тіпті сақ тілі туралы жазба ескерткіштер сақталмаған.

Сақтардың (скиф) ішіндегі қазақтарға ең жақыны ғұндар. Ғұндардың ежелден келе жатқан кәсіпшілігі мен салт - дәстүрі бүгінгі күнге дейін қазақтарда кездеседі. Сондай-ақ қытайлықтар ғұндар туралы көптеген құнды деректер жазып кеткен. Ғұндар құдайға арнап құрбандық шалғанда, түйе жарыстарын өткізеді. Осы кезде тайпа көсемдерінің жиналып кеңес өткізуі дәстүрге айналған. Тайпалық одақ пен оған қатысты маңызды мәселелердің барлығы ақсақалдар кеңесінде шешіліп отырған. Бұл дәстүр қазақ даласында ғасырлар бойы сақталып, қазірде маңызын жойған жоқ. Қазақтарда ескінің сарқыншағы ретінде қарайтын әменгерлік дәстүр заманымыздың талабына сай қоғамда сақталмады. Бұл салт сақ (скиф) тайпаларының барлығына ортақ болатын. Жеңгелеріне, келіндеріне өкесі, ағасы, інісі қайтыс болса үйленген. Қоғамда әменгерлік салты туыстарының отбасын, бала-шағасын сақтап қалу үшін үлкен рөл атқарған. Көшпелілердің бәріне ортақ үйлену кезінде қалың мал (эндогамный формы брака), яғни қалыңдығын қалың мал төлеп алу салты. Ал,

өйелді зат, мүлік секілді мал басымен бағалау қандай себептермен пайда болғаны туралы пікірлер әр түрлі. Өмеңгерлік салтына ұқсас, қытай деректерінде қазір мүлдем кездеспейтін сақтардың ерекше дәстүрі жазылған. Онда егер өйелдің екінші күйеуі қайтыс болған жағдайда, онда ол бірінші күйеуіне қайтып баруға құқығы бар делінген. Мұнда ежелгі қоғамда барлық адамдардың әлеуметтік мәселелері белгілі бір қалыптасып қалған салт- дәстүрлер арқала шешіліп отырған. Екінші күйеуі өлген өйел бірінші күйеуіне қайтып баруына болады деген сақтардың салты қытай деректерінде жазылған. Осындай дәстүрлердің арқасында қоғамда жесірлер, жетімдер мәселесі реттеліп отырған. Геродот өмеңгерлік салты жайында : "Скиф патшасы Арнапейға қайтыс болғанда оның ұлы Скип - өгей шешесі Олаяға үйленгенін айтады". Геродоттың жоғарыда Скиптің өгей шешесі Олаяға үйленуі кейінгі ғасырларда кездеспейтін салттардың бірі.

Қазақ даласына б.з. VIII ғасырда келген ислам діні көшпелілерге көп ұстанымдар, наным - сенімдер енгізіп, дүниетанымдарын өзгертті деуге болады. Ислам діні көшпелілердің жерлеу рәсімінде өзгерістер енгізді. Сақтар секілді қорғандар қазып, бар байлығын мәйітпен бірге көму ғұрпы артта қалды. И.Г. Андреев: "Отбасының қожайыны немесе үйленген баласы қайтыс болса, оны ақ матаға орап, қыста жерлемей, қар ерігенше мәйітті ағашқа іліп қояды. Қайтыс болған адамды жерлеу рәсімінде жақын туыстары, өйелі бетін тырнап жоқтау айтады. Ал, киіз үйге қара таңба ілінеді. Өйелін қылың мал төлеп алғандықтан өмеңгерлік салты бойынша жақын туысына үйлендіреді" - дейді. Қожайынның атының құйрығын шорт кесіп тастауы, сондай-ақ қалың мал төлеп алынған өйелді жақынына ұзатуы (өмеңгерлік), өйелінің бетін тырнап жоқтау айтуы сақтардың (скиф) дәстүрімен сабақтасып жатыр.

Геродот сақтардың агафирс тайпасының ерекше дәстүрі туралы: "Олар алтын өшекейлерді тағатын нәзік тайпалардың бірі. Бір-бірімен тату - төтті өмір сүріп, соғыспай қызғанбау үшін олардың өйелдері ортақ болады. Мұндай салт олардың барлығы туыс- ағайынды дегенді білдіреді" - дейді. Сақтардың (скиф) өзіндік ерекшеліктері әр тайпада кездеседі. Таврлықтардың кемелері апатқа ұшыраса эллиндерді Артемида құдайына құрбандыққа шалу дәстүрі болған. Олар жауларының басын үйлерінің мұржасының қасына тігілген діңгекке іліп қояды. Олардың түсінігінде бұл адамның басы үйлерін күзетеді. Ал, неврліктер сиқыршы болып саналатын. Ежелгі аңыздарда олар бір жылда бір неше күн қасқыр кейпіне айналады делінген. Бұл тайпаның тотемі қасқыр болғандықтан, өздерін қасқырдың туысы деп санайтын. Неврліктер қасқыр - тотемдеріне арнайы той шараларын өткізеді.

Сол тойда олар қасқырдың терісін жамылып, бастарын қасқырдың маскісін киген. Неврліктердің қасқыр кейпіне түседі деген аңыз осыдан туса керек. Геродоттың деректерінде бұл тайпаның жеріне жыландар қаптап кетіп, оларды жерінен қуып шыққан. Ежелгі адамдардың түсінігінде жылан “зұлымдық” нышанын білдіреді. Сақтардың (скиф) салт-дәстүрі, тұрмыс - тіршілігі ортақ болғанымен, сондай-ақ әр тайпаның өзіндік ерекшеліктері кездеседі. Ол исседон, массагеттердің жақындарының етін жеу ғұрыпы, жабайы андрофагтар мен үнемі қара киім киіп жүретін меланхлен тайпалары.

Сақтардың гет тайпасы рух өлмейді, тек өлген адам Саламаксис құдайына барады деп сенген. Геродот деректерінде Салмаксис өзіне жер асты үйді дайындатып, сол жерде үш жыл өмір сүрген. Төртінші жыл ол фракийстерге қайта оралып, өзінің ілімін ел арасында тарата бастаған. Орта ғасырда сопылық ілімнің дүниетанымы мен философияның моральдық-этикасын қалыптастырып, зікір салушы сопы Алланы бір естен шығармаған Иасауи жер астында он жыл өмір сүрген. Бүгінгі күні Иасауидің мәдениетіне деген қызығушылық артып отыр. Зигмунд Фрейд: “Анимизм жеке бір құбылысқа ғана түсініктеме беріп қана қоймай, бүкіл әлемді философия жүйесі арқылы тұтас түсіндіреді. Осындай көзқарастың әсерінен адамзат анимистика, дін, ғылым дүниетанымындағы үш философиялық жүйені қалыптастырды” - дейді.

Адам жанының негізін алғашқы болып анимистикалық жүйе қалыптастырады, рух өз бетімен өмір сүреді, жануарлар мен өсімдіктердің рухы адамдардың рухымен теңестірілді. Осындай дуалистік дүниетанымға ежелгі адамдар анимистикалық жүйе арқылы жеткен. Сақтарда (скиф) анимизмнің қалыптасуы тек рухқа ғана байланысты емес, адамның дене мүшелерін де қамтиды. Адам өлгеннен соң тырнақ пен шаштың өсуі ежелгі адамдардың ұғымында белгілі бір рәсімді қалыптастырды. Сақтардың ұғымында тырнағы мен шашына ие болған адам, оларға шексіз билік көрсетеді деп ұққан. Сондықтан олар тірі кезінде кесіп жинаған тырнақтары мен шаштарын арнайы дорбаларға жинап, қайтыс болғанда ол қапшықты мәйітпен бірге жерлеген. Ондай тұмар пішініндегі қапшықтар I-II Пазырық қорғандарынан табылды. Бұл ғұрыпта адам өзінің тырнағы мен шашына тірі жандай қарап, оған ие болған адам зұлымдық жасамасын деген ниетпен басқалардан қарашығындай сақтаған. Бұл ғұрып ежелгі адамдардың дәстүріне айналған. Ғасырлар бойы адам санасында “зұлымдық” пен “адамгершілік” рухы қалыптасқан. Космоста “зұлымдық” пен “адамгершілік” қалыптасып ежелгі адамдардың дүниетанымындағы

этикалық нормаларға сай жақсылық жасаған адам “жұмаққа” барады ал жамандықты жасаған адамдар “тамұққа” барады деп діни ұғым қалыптасқан. О Степлдон: “Ежелгі ғасырларда адамзаттың тарихи даму кезінде рух эволюцияның барлық саласында күреске түсті. “Адамзатқа жақсылық жасайтын рух” қоршаған ортаға тіршілік атаулыны индивидуальды түрде бейімделуге ат салысты. Табиғатта пайда болған тіршілік атаулының бір-біріне зияны тимеуді бақлады. “Зұлымдық рухы” оған үнемі қарсы әрекеттер жасады. Екі рухтың ғасырлар бойы күресі органдардың құрылымы мен тіршілік атауларының тканьдерінде анық байқалады” - дейді. Ғалымның пайымдауынша өмірде адамгершіліктен гөрі зұлымдық күші басымырақ келеді. Табиғаттың апаттары, паразиттердің қаптап кетуі немесе көптеген адамдарды өлімге апаратын жұқпалы аурулар т.б .

Ежелгі адамдардың дүниетанымында құдайдың қаһарына ұшырамас үшін құдайға құрбандық беру дәстүрге айналған. Фракий тайпалары өз құдайларын ғана құрмет тұтып, мойындаған. Егер аспанда найзағай жарқылдаса, төңірге қыр көрсетіп, садақ оқтарын аспанға жаудырған. Осыған ұқсас дәстүрлер египеттіктерде кездеседі. Олар ауруларды емдік шөппен емес , магиялық текстерді оқу арқылы емдеген. Ол жазуларда құдайға қойылатын біраз талаптар болған. Егер құдай оны орындамса олар оған құрбандық шалу шараларының тоқтатылатыны айтылады. Сақтардың гет тайпасы бес жыл сайын таңдалған адамды құдайға хабаршы қылып жіберу рәсімін өткізген. Геттіктер екі қатар сап түзеп үш найзаны жоғары көтеріп дайын ұстап тұрады. Қалғандары құдайға жіберілетін хабаршыны аспанға лақтырады. Егер ол адам найзаға түсіп бірден өлсе, онда оған құдайдың шапағаты түсті деп қараған. Егер ол өлмеген жағдайда ол жамандықтың нышаны деп ұққан. Сондықтан құдайға хабаршы ретінде басқа адамды даярлаған. Ондай дәстүр орта ғасырда өмір сүрген түріктерде де кездеседі. Түрік көсемі Түркісаф әкесі Сильзибуласқа арнап төрт гүнның жауынгерін атымен қоса құрбандыққа шалады. Тұтқын гүндарды құрбандыққа шалар алдында Түркісаф: “о дүниге барғанда әкем Сильзибуласқа хабарымды жеткізесіңдер деп үкім айтады”. Жерлеу рәсіміне қатысты мұндай дәстүрді түріктер “дохиа” деп атаған. Бұл жерден сақ (скиф) тайпалары мен түркі қағанаттарының арасында жерлеу рәсіміндегі ұқсас дәстүрлерді көреміз. Мұндай ғұрып амерекандық индейстерде болған. Ол “флейта бии” деп аталады. “Құдайға аттанатын” адамды ағашқа байлап, қалғандары дабыл және ауызбен үрлейтін музыка аспабында ойнайды. Оның қатты шыққан дауыс адам жанын түршіктіреді. Билеп жүргенде индейстер

байлаулы тұрған адамды найзамен шаншып өлтіреді. Мұндай ғұрып американдық индейстердің ұғымында құдаймен адамдарды байланыстыратын хабаршы адамды құрбандыққа шалуды білдіреді. Сақтар (скиф) соғыс құдайы Ариске арнайы құрбандық шараларын өткізген. Олар таудың биік шыңына қылыш орнатып, соның құрметіне тұтқындар мен ірі - қара малдарын құрбандыққа шалған. Рәсім өткізу кезінде қылышқа тұтқынның қанын шашады. Сақтар (скиф) басқа елдердің салт-дәстүрінің енбеуін қадағалап отырған, олар әсіресе эллиндіктердің дәстүрлерінің енбеуіне шаралар қолданған. Сақ(скиф) көсемдері эллиндіктердің дәстүрін қабылдаған өз ұлдарын өлтірген.

Барлық сақтардың ортақ салт-дәстүрі құдайға арнайы “құдай тамақ” беруі. Ол үшін сақтар (скиф) құрбандыққа әдетте өгіз, жылқы сояды. Құрбандыққа шалатын малды арқанмен тартып құлатады да, оны соятын адам құдайға бағыштап батасын оқиды. Бұқаның мойнындағы арқанды таяқпен бұрап қылқындырады. Малды өлтірген соң терісін сыпырып, етін сүйексіз қазанға салып пісіреді. Егер қазан жоқ болса етті қарынға пісіреді. Піскен етті олар жерге лақтырады. Құдайға арналған құрбандық беру рәсімі осылай өткізіледі.

Ғалымдардың пікірінше сақтарда құлдық институты болмаған. Скифтердің ақсақалдарынан бастап, жас жеткіншіктеріне дейін малдарын өздері баққан. Сақтарда(скиф) бірін-бірі құл қылып ұстамау салдарынан көшпелілер құлдық психологиядан жұрдай, еркін мінезді, батыр, болып өсті. Геродот:” (сақтар)скиф тұтқынға алған адамдарын арнайы соқыр қылып, олар ағаш күбіге мольнап құйылған қымызды сапырып тұратын” - дейді. Ежелгі сақтардың (скиф) бір-бірін құл қылып ұстамау салдарынан көшпелілер ер жүрек, батыр болып өсіп, елін, жерін жаудан қорғаған. Қазіргі қазақтардың кең аймақты жерде өмір сүруінің өзі, сол ата - бабаларымыздың арқасы деп айтуға болады. Ғасырлар бойы олар жаудан жерлерін жанын аямай қорғады.

Сақтардың ұрпақтарына деген мұндай көзқарасын болашақта жерін қорғай алмайтын құлдарды емес, батырларды тәрбиелеуде үлкен рөл атқарған деп тұжырымдауға болады. Сондықтан б.з.б. ғасырлардан бастап көшпелілер табандылық, ерлік танытып, өз жерлерін қорғап келеді. Екіншіден сақтардың негізгі кәсібі малшаруашылығы болғандықтан мыңғырған малдарына құнарлы жерлер көп қажет болатын. Олардың тұрмыста қолданған бұйымдары мен киетін киімдері, тамақтары малдың арқасында өндірілді.

Геродот сақтар (скиф) туралы: “ Олардың барлығы садақтан оқу атудың мергені. Сақтар(скиф) азықтарын жер өңдеп емес, мал өсіру арқылы табады” - дейді. Ал, Гипшократ сақтардың (скиф) көшпелі

тұрмысын өз деректерінде бұрмалап келтіреді. Ол сақтар бір жерде малдарына шөп жеткенге дейін ғана тұрақтап, ал шөп бітісімен малдарымен басқа аймақтарға жылжып отырған дейді. Мұнда Гиппократтың "шөп бітсе басқа аймаққа малымен жылжып отырған" деген тұжырымы, сақтар (скиф) шөп болса болды басы ауған жаққа көшеді дегенді білдіреді. Табиғаттың негізгі байлығы өсімдік дүниесі, су, жер. Көшпелілер балаларын жастайынан тәрбиелік маңызы бар нақыл сөздермен тәрбиелеген. "Көкті жұлма- көктей соларсың"- деген сөзде терең философиялық мағына жатыр. Сондай - ақ балаларына суды қадірлейтін "бұлақты лайлама", "суды сабама", "суды сапырма" деген нақыл сөздерді айтып отырған. Ал, Ахмет Қожа Иасауи хикметтерінде бүкіл болмысымен топыраққа айналғандығын білдіретін символдық тіл қолданады. "Басым топырақ, өзім топырақ, төнім топырақ" - дейді. Көшпелілер табиғатпен етене өмір сүрген. Олар Төңірге табынса, өздері азық қылып отырған қоршаған ортаға ерекше құрметпен қараған. Көшпелілердің ең негізгі байлығы ұрпақтан - ұрпаққа мұра болып келе жатқан жер болды. ХХІ ғасырға дейін қазақта үш жүз, жүздеген ру болса, әр жүз, әр ру өз аймақтарын бүгінге дейін сақтап қалды.

Қазақтар ХХІ ғасырға дейін әр жүз, әр ру ата - бабаларының қоныс тепкен жерінде өмір сүріп келеді. Гиппократ көшпелілер шөп бітісімен олар жылжып отырған деген деректер келтіреді. Көшпелілердің ғасырлар бойы мал шаруашылығына қатысты сақталған дәстүрлері бар. Олар қыста қыстауда, жазда жайлауда өмір сүрген. Мұндай көшіп қону тұрмысы малдарға жем- шөп дайындамай - ақ тұрмыс кешуіне қолайлы болған. Сондықтан жер мәселесіне байланысты соғыстар, дау-дамайлар көп болды. "Жер дауы" деген мәселелер осының салдарынан пайда болған.

Сақтардың, массагет тайпалары туралы тарихшы Страбон "Кейбіреулер таулы жерді мекендесе, жазық дала мен өзен жағалауында, тіпті аралдарда тұратындары да бар. Аралдарда тұратын массагеттер мал өсіріп, егін егіп жер өңдемейді. Өзен жағалауындағы сазда тұратын сақтар балық аулаумен шұғылданады. Таулы өңірде өмір сүрген массагеттер азын-аулақ қой өсіріп, олардың сүті мен жүнін пайдаланады"- дейді. Геродот: "Жазық далада өмір сүрген массагеттер жер өңдеп дәнді-дақылдар екпейді, олар мал өсіріп көшпелі тұрмыс кешеді" - дейді. Көшпелі өмір сүру дәстүрі сақтардың негізгі кәсібі мал шарушылығына байланысты. Сақтардың ішінде мал, егін шарушылығынан басқа да балық, аң аулап өмір сүрген тайпалар болды. Сонымен сақтардың кәсібі өмір сүрген аймақтарына қатысты болды деп айтуымызға болады.

Ғасырлар бойы көшпелілердің дәстүрлері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келді. Сақ(скиф) заманынан бергі қалыптасқан салт-дәстүр, қазақ елінің этникалық бірлігін қалыптастырып, басқа халықтардан өзгеше тұстарын сақтап қалды. Сақтардың (скиф) б.з.б. VIII-I ғ.ғ ділі, діні қалыптасып мәдениеті жоғары біріккен тайпа одақтары өркениетті қоғам болғанын олардың материалдық мәдениетінен көреміз. Ежелгі сақтар от пен күнге табынған. Сақ (скиф) қоғамында анимизм, фетишизм алғашқы діни ағымдар қалыптасты. Олардың дүниетанымында қалыптасқан тылсым күштерді жеңу үшін, от пен күннің нұсқасынан тұмарлар жасап, тағып жүретін. Таулы Алтайдағы уханьдықтар әруақтар қолдасын деп Аспан, Жер, Күн, Ай, Жұлдыздарға, отқа табынған. Франц Месмер: “Әлем кеңістігін жансыз деп айта алмаймыз, адамды қоршаған орта тылсым күштермен байланысып жатыр. Оны қолмен ұстап, көзбен көрмесекте ақылдың ақылға, жанның жанға әсер ететінін сезінуге болады. Бір адам магия арқылы екінші адамға әсер етуі мүмкін” - дейді. Ал, Ө. Жәнібековтің пікірінше “Қарапайым өмір сүрген қазақтар табиғаттың баласына айналды. Олар күннің, айдың жылжуы арқылы қажетті мекен-жайды күндізде, түнде де табады. Олар үш мың жыл бұрын құрас-тырылған шығыс күнтізбесін қолданды. Күнтізбенің құры-лымында он екі жылдық аң - жануар атауларымен аталып, өздері ай аттарын атап қойған. Бұл айлар шартты түрде жазық даладағы ауарайы мен жыл мезгілдеріне қатысты жасалған”- дейді. Ө. Жәнібековтің пікірінше қазақтар қолданған күнтізбе осыдан б.з.б III мың жыл бұрын пайда болған дейді. Бұл күнтізбе он екі циклге бөлініп, аң мен жануарлардың атымен аталуы көнеден пайда болғанын дәлелдейді. Үркер шоқ жұлдызын бақлауда Шумер абыздарының жұлдыз есептеу тәжірибесі мен қазақ есепшілерінің астрономиялық түсініктерінің арасында қызғылықты ұқсастықтар болған. З.А.Рагозина:” Астрономиядан жалған Астрология ғылымы пайда болды. Ежелгі адамдардың дүниетанымында жұлдыздар мен аспан денелерін құдай басқарды деген ұғым қалыптасқан. Ал, адам тағдыры жер құбылыстары мен аспан өлеміне байланысты деп сенген. Сондықтан олар алдарында не күтіп тұр деп алдын - ала болжамдар айтқан. Тіпті жаңадан дүниеге бала туылған күні балгерлер жұлдыздардың орналасу құрылымына қарай гороскоп жасап жалпылама түрде тағдырын болжаған”-дейді.

“Шумерліктер астрономияны жақсы білген. Олар күн мен айдың айналымына қарай он екі айға, сондай-ақ бір жылды он екі айға, күн мен түнді он екі сағатқа, ал уақытты шеңберді айналдырып циклге бөлген. Оларда 12 саны арифметикада негізгі рөл атқарады.

Шумерліктерде аспан алты бөлікке бөлініп, оның әрқайсысы 60 градусқа теңелген” - дейді З. А. Рагозина. Сол туралы Ө.Жәнібеков : “Зороастризм көшпелілердің ежелгі діні. Ираннан келген діни ағым Орта Азияда I мың .ж .б.з.б. пайда болды. Отқа табыну діндегі тылсым күштерден тазару рәмізін білдіреді. Зороастризм дінінде “адамгершілік құдайы” Ахурамазды мен “зұлымдық құдайы” Анчра - Майнью үнемі күресте болады” - дейді.

Көшпелілер отқа, күнге, аспан әлеміне арнайы құрбандыққа қой мен бұқаларды соятын. Ал, гүндар айдың бесінші күні төңірге табынып, аспан, жерге аруақтарға арнап құрбандық шалатын . Қазақтар бір жылдың әрқайсысын 30 күнге бөлген. Жыл соңындағы санатқа кірмей қалған 5,6 күнді- бес қонақ деп атаған. Көшпелілер наурызды бірнеше күн тойлаған. Олар бұл күндері әр жерге от жағып, отқа май құяды, жаңа шыққан дөңгелек ою - күн символын салу көршілес түркі типтес елдерде кездеседі. Наурыздың бірінші күні атқанда астрономдар күнге қарап өз болжауларын айтқан:

1.Күн егер жанған оттай қызарып, қан қызыл болып шықса, ол жылы өлім-жітім өрт көп болады.

2.Егер күн түсі сары қызыл тартып, ыстық леп бірден бетке ұрып, шақырайып шықса, ол жылы құрғақшылық болады. Таулы аймақтарда жиі - жиі тасқын болып, шалғынды далада жиі өрт шығады. Күннің түсі күнгірт тартып, қораланып, солғын көрінсе, ол жылы ерекше жауын - шашын көп болады.

4.Күн сәулесі жан - жаққа шашырап, шапағын төге рауандап атса, ол жылы жанға жайлы молшылық болады.

Көшпелілерде наурыз мейрамына қатысты ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлер көп болған. Бұл дәстүрлер көшпелілердің дүниетанымының ерекше тұстарын білдіреді. Наурыз мейрамы қазақ даласында кеңес үкіметі орнағанға дейін дәстүрлі түрде тойланып келді. Жетпіс жылдай солақай саясаттың салдарынан наурыз мейрамы өткізілмеген. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ұмыт болған көптеген салт-дәстүрлер қайта жаңғырды. Қазір наурыз мейрамы шартты түрде ғана өткізіледі. Наурыз мейрамын өткізу дәстүрі заман талабына сай көп өзгерістерге ұшырады. Сақтарда(скиф), кейін түріктерде бір жылда-бір наурыз мейрамын өткізу дәстүрге айналған. Наурыз мейрамымен қатар сақтарда құдайға арналған құрбандық шалу рәсімі де өткізілген. Сақтар құрбандыққа шалған малдың сүйегін жинап өртейді. Сақ тайпалары құрбандыққа бұқаны соятын болса, кейінде сол дәстүр сақталған.

Ұлыстың ұлы күнінде қазақтар дәстүрлі наурыз көжесін мол қылып қазанға пісіреді. Әдетте пісірілген ас бір ауыл тұрғындарына жететін мөлшерде жасалады. Ежелгі сақ елінің бірлігі бұзылып, ішін ала ауыздық жайлаған кезінде, ел көсемдері халықтың басын біріктіру үшін үлкен қазан құюды бұйырады. Қазан сарбаздардың жебелерінің мыс масағынан нарқазан құйып жасайды. Сол қазанға дәм татқан сақтар, қайтадан татуласып ел бірлігін сақтап қалған" - дейді.

"Ұлыстың күні алдына келсе, атаңның құнын кеш" - деген нақыл сөзді өзек етіп, араздасқан ағайын, дос - жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып, табыстырған. "Сүйекке дақ, етке таңба" болмасын деп кембағал, мүгедектерді жақын туыстарының қарауына арнайы міндеттеп тапсырған - дейді. Наурыз күні бұқаны құрбандыққа шалып, жас балалардың маңдайына қанмен дөңгелек шеңбер салу дәстүрі күнді құрметтеуден туған көне ырым, сол сияқты наурыз мейрамында әйелдер жеңсе жұртшылық қуанады. Бұл дәстүрдің шығу төркіні сақ (скиф) заманынан келеді. Көшпелі сақтардың құт береке, молшылық құдайы - Анайтис атты әйел жарылқаушысы болған. Ал, ежелгі түркілердің мифологиялық көне түсінігі бойынша да жақсылық жаршысы - аспан шамшырағы, Күн бейнелі "Ұмай Ана". Сондықтан қазақ ғұрыпында жаңа түскен жас келінді табалдырықтан оң аяғымен аттата сала "От Ана", "Май Ана", Жарылқа !, Жарылқа ! - деп отқа май құйғызады. Осы ізгі ниетті ақ тілеудегі "От Ана" - қазақтардың мифологиялық кейіпкері Үт бикеш те , ал "Май анамыз" - Ұмай Ана. Платано Карпени:" Олардың түсінігінде от пәле-жаладан, ауру- сырқаудан тазартады деп сенген. Жанып тұрған оттың ортасынан өтсе барлығынан тазарады деп ұққан" - дейді.

Ежелгі адамдар отқа табынған, оларда оттың тазарту күші бар деген ұғым қалыптасқан. Сондай-ақ көшпелілерде ауырған малды екі оттың ортасынан өткізу ырымы болған. Көшпелілердің дүниетанымында құдайдан кейін ата - баба рухын пір тұтқан. Сақтарда (скиф) ата - бабасына деген құрмет төңірден кейін басты орында тұрған. Оларға арнап алып қорғандар мен күмбездер орнатылған. Ата - бабаға деген құрмет төңірден кейін тұрған. Сақ, ғұндар төңірден басқа соғыс құдайына, соғыста басты қаруы болып саналған қылышқа сыйынған. Олардың ұғымында соғыс құралында ерекше күш бар деп сенген. Тіпті сақтарда жасалған келісім шарттардың бәрін құдай жасап отыр деп ұққан. Олардың түсінігінде адам "мәңгілік өмір" сүреді, адамның өлімі туралы құбылыс жылдар бойы философтардың бітпес тақырыбына айналған. Бұл пікірталас ғасырлар бойы философтардың түрлі көзқарастарын және философия ғылымының қалыптасуына үлкен

әсер етті. Үнемі таластың арқасында философияда жаңа қағидалармен жаңа пайымдаулар дүниеге келді.

Аристотель адамның өміршеңдігі туралы: “ ақыл - ой жойылмайды деген концепцияны жоққа шығарды. Бұл пікірді стоиктер кеңінен талқылады. Олардың пайымдауынша “дара рухтан” басқа универсалды “әлемдік рух” бар. Ал, Цицерон: “Адам денесін қара түнек ” - деп атаған. Ол: “ Егер менің пікірім дұрыс емес болса, мен саналы түрде өз ойымды айтып отырмын. Мен, адам қайтыс болған соңда өмірін жалғастырады дегенге сенгім келеді. Мен, өлімді сезінуім керек, сондықтан философтардың не ойлайтыны, сол сияқты өліп қалаған философтардың мазағынан қорқпаймын ” - деген.

Теософияның деректеріне сүйенсек адам алғашқыда оттың ұшқынынан пайда болды, содан соң (“сверх человек”) құдай келбетіндегі адам деген атқа ие болды. Адам құдайдың образын алып “күн логосын” түспалдады. Ғасырлар бойы космос пен адамның тылсым байланысы мистикада ерекше орынға ие болды. П.С.Гуревич: “Бүгінгі заманда астрологтардың пікірінше адамзаттың әлемді тануға самарқаулық танытып отырғанын байқаймыз. Адам тағдыры космос кеңістігінде кенеттен пайда болады. Ғылым индивидуумның әлемдік дүниетанымымен байланысын көрсетеді. Адам өмірі әлемдік деңгейдегі белгісіз тылсым жоспарларымен жүзеге асады” - дейді.

Ежелгі адамдар өздерін табиғаттың ажырамас бөлігі ретінде санап, өлгеннен соң да өмір сүретіндіктеріне көміл сенген. Сондықтан тіршілікте қолданған заттарының барлығы қажет болады деп мәйітпен бірге қабірге салған. Жылқыны сақтардың мәйітпен көптеп салуы ауқатты тұрғандарын білдіреді.

Қытай деректерінде б.з.б. I мыңжылдықта ғ. бай үйсіндерде 4-5 мың жылқы болғаны жазылған. Сақтардың салты бойынша қайтыс болған адамға арнайы сый ретінде малдарын беріп отырған. Мұндай деректер қазба жұмыстары кезінде дәлелденді. Бұл дәстүр сақтардың (скиф)бір одаққа бағынғанын білдіреді. Сақтар(скиф) өз малдарын ғана бағып, өз беттерімен өмір сүріп қоймай қоғамда бір басқару жүйесіне бағынып, күнделікті тұрмыста әлеуметтік мәселелерді салт-дәстүрлер арқылы реттеп отырған.

Сібір, Орта Азиядан бастап Қара теңіз жағалауындағы сақтардың экономикалық жағдайлары мен мәдениетінің жоғары болғанына қарамастан тарихтан әлі өз орнын ала - алмай келеді. Дүние жүзі ежелгі өркениеттердің қатарына сақтардың (скиф) қосыла алмауының басты себебі, біріншіден Египет, Грек, Рим, Мая мәдениеті секілді өсулет өнерінің салынбауында. Египеттің пирамидалары, Гректердің

өмір сүруі, гипорборейлердің бидай сабағына оралған құрбандық сыйын көршілес тайпаларға жіберіп отыруы, жалғыз көзді аримасплардың алтын күзетегін самұрық құстары, қасқырдың тұқымы болып өздерін санайтын невры тайпасы, жабайы өмір сүрген андрофагтар, сондай-ақ қара киім киіп жүретін меланхлендер. Сақтардың (скиф) салт-дәстүрлерінде ғана емес, олардың сыйынатын құдайларында да айырмашылықтар болған. Сақтардың (скиф) құдайға арналған құрбандық шалу дәстүрін барлық тайпалар арнай өткізіп отырған. Құрбандыққа өгіз немесе жылқы шалған.

Бүгінгі күні сақтардың жазуы табылғанымен, олардың мазмұны оқылған жоқ. Олардың дүниетамынан ақпарат беретін таңбалық жүйе сақтардың қолөнер бұйымдарында дәстүрлі түрде бейнеленген. Сондықтан сақ тайпаларының өз кезеңінде қандай дінге табынғандарын, олардың дәстүрлері туралы мағлұматтар көне ескерткіштер мен антикалық авторлардың тарихи деректерінен алынды. Антикалық авторлар өз қолжазбаларында адам, жер, су атаулары грек, қытай, парсы тілдерінде жазылған. Сақ(скиф) тайпаларының тарихын, салт-дәстүрін жазған ежелгі авторлар, олардың тілі туралы нақты деректер қалдырмаған. Бейнелеу өнері мен дәстүрлердің ортақтығына қарап ежелгі адамдар бір кеңістікте мәдени ауыс - түйісте өмір сүрген деген болжамдар туады. Ал, сақ тайпаларының салт-дәстүрлерін, қолөнері мен бейнелеу өнері қазақ халқының өнерімен салыстыратын болсақ ұрпақ сабақтастығын көреміз. Қорыта келгенде сақ тайпаларының дәстүрлері мен ырымдары, олардың қолөнерде қолданған “аң стилі” мен ою-өрнек элементтері қазақ халқының бейнелеу өнерінің тұптамасы деп айтуға болады. Мұндай жалғастық ғасырлар бойы үзілмей келеді.

1.2. САҚТАРДЫҢ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ

Сақ (скиф) мәдениеті Карпат, Дунай, Батыс Тянь - Шань, Таулы Алтайдан бастап Памирге дейінгі аймақтарда қалыптасты. Мәдениеттің мұндай тұтастығын сақ шеберлерінің бейнелеу өнеріндегі “аң стилімен” байланыстырамыз. Сақ (скиф) “аң стилі” сақ мәдениетінің синониміне айналды.

Орта Азияда б.з. VIII ғасырда тараған ислам дінінің әсерінен көшпелілердің бейнелеу өнері өзгеріп, ислам ұстанымында жанды нәрсенің суретін салуға тиым салынды. Сондықтан ғасырлар бойы қалыптасқан сақтардың “аң стилі” қолданыстан толықтай шығып қалды.

Сақ (скиф) шеберлері кескіндеме, қолөнер бұйымдарында “аң стилін” талғаммен үйлесімді қолданып, қияли бейнені ұтымды бере білген. Сақ (скиф) жәдігерлері эстетикалық, сапалық жағынан қазіргі мүсін, кескіндеме, бейнелу өнеріне қарағанда жоғары деңгейде өзіндік мәнермен жасалған. Қола, темір, алтыннан ойып, құйып сақтар жасаған аң, жануар, құс мүсіндерінде табиғилық сипат басымдау. Ежелгі аң, жануардың шынайы, қияли образын түрлі көріністе бейнелу сақтардан бастау алады. Ежелгі адамдар өздерін табиғаттың ажырамас бір бөлігі деген дүниетанымнан болу керек, олар қоршаған ортаны бейнелеуде асқан шеберлік танытты. Олар ішкі рухани танымдарын өнертуындыларында әсерлеп бере білген. Аңның мінезін, қимыл-әрекетін асқан дәлдікпен келтірген. Ауызы ақсып, жемтігіне атылған жыртқыш аңның қимылы асқан нәзіктікпен берілген. Олардың арпалысы мен жеу сценасында табиғилық нышандар басым. Талайды тамсандырған көшпелілердің ғажайып “жануарлар стилі” бүгінгі күнге дейін өз деңгейінде толық қанды зерттелген жоқ. “Аң стиліндегі” арыстанның текені немесе елікті жеу сценасы күзді тұспалдаса, арыстанның өгізді жеу көрінісі көшпелілердің көктемде наурызда тойланатын жаңа жылдың нышаны.

Көшпелілерде көктем өмірдің жаңаруын, малдың көбею нышанын білдіреді. Корлисс Ламонт: “Көктемде өсімдіктердің өсіп-өнуі адам өмірінде маңызды рөл атқарады. Қыс айналадағы өсімдіктерді өлтірсе, көктем тірілтеді. Өлім мен өмірге келу үрдісі үздіксіз жалғасып жатады. Бұл үрдіс өлімсіз мистикалық ескі өмір мен мистикалық жаңаруды іске асыру мүмкін” - дейді. Ежелгі адамдардың діни дүниетанымы мифологиямен өте тығыз байланысты болған. Табиғат-әлемдегі барлық интеллектуалды, сол сияқты дүниедегі қоршаған ортаны жаратқан деп қарасақ, біз шексіз уақыт болмысын қарастырамыз. Әлем, кеңістік уақыт ежелгі адамдардың ұғымында шексіз дүние. Сондықтан олардың түсінігінде әлем, уақыт шексіздігі болмыста қорқыныш сезімін тудырады. Сондықтан ежелгі адамдар өздерін табиғи тылсым күштерден тотем, табу арқылы қорғауға тырысқан. Тайпа тотемдері болып аң, жануарлардың шынайы, қияли бейнелері алынған. Зигмунд Фрейд: “Тотем бір тайпаның, бір жанұяның қорғаушысы болып есептеледі. Тотем балалардың болашағын болжаушы, оларды қорғайтын магиялық әсері бар тұмар болып табылады. Тотем қасиетті болып есептеліп, оны өлтіруге, етін жеуге тыйымдар болған” - дейді. Зигмунд Фрейдтің бұл тұжырымдары полинезиялықтарға қатысты айтылған. Сақтардың (скиф) тотемдеріне арнайы мейрам өткізіп, немесе оның етін жеуден бас тартпаған. Сақтар тотем ретінде бейнелеген аң, құс, жануарлардың

етін жеп, терісінен киім тігіп, жүнінен тоқып түрлі маталар жасаған. Сақтардың тотеммен қатар табуға қатысты түрлі наным- сенімдері қалыптасқан. А.Айғабылов: " Табу о баста соқыр сенім мен тиым салу арқылы қалыптасса да, ол ер арасында әдет-ғұрыпқа айналып кетті. Айналадағы өзі қорыққан сенімсіз күшке қарай түрлі атаулар пайда болды. Қазіргі қазақ тілінде адам атына ғана байланысты табулар кездеседі" - дейді. Мұндай тыйымдар олардың рәсімдері мен бейнелеу өнерінде байқалады. Табу - полинезия сөзі. Бұл сөздің дәл мағынасы жоқ. Табу - римдіктерде, грек, еврейлерде, Африка, Орта Азияда кездеседі. Табу - көп жағдайда діндік моральдық тұрғыдан туады. Табу - құдайға табынудан емес әр халықтың өздерінің тыйымдары арқылы жүзеге асады. Діни моральдық тыйымдардан табудың ерекшелігі, оның пайда болу себептері туралы тарихи деректер жоқ. Бұл әр халықтың дәстүріне сіңіп кеткен ғұрып ретінде өздігімен қолданады. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын бұл тыйымдарды ешкім жоққа шығармайды. Табудың түспалданған түрін шынайы немесе табиғи тұрғыдан тылсым күштерге жатқызамыз. Зигмунд Фрейд: "Табудың қолдану аясы әр түрлі. Біріншіден көсемдерді, тайпаның беделді адамдарын, бақсыларды сондай- ақ айналаны қоршаған заттарды қорғау, екіншіден адамзатты құдайдың қаһарынан, жын - шайтандардан қорғау" - дейді . Ежелгі адамдар табиғаттың тылсым күштерінен және апаттардан өздерін сақтап қалу үшін тотемдер мен табуларды өздерін қоршаған заттардың бәріне бейнелеген.

Сақтардың "зооморфтық стилі" түрлі мәнерде қолданып, белгілі рәміздік ұғымды білдірген. Аңдардың жануарларға атылған сөті немесе аң ауызында бейнелену көрінісі сақтардың көркемөнерінде негізгі орын алады. Ғалымдардың пікірінше "Шумер абыздары шоқ жұлдыздар бір-бірін алмастырғанда маусым өзгертетінін байқаған. Бұл кезде аспан дағы Арыстан мен патша жұлдызы көрініп, ал Үркер мен Елік жұлдыздары болса жерге түсіп, 40 күн көрінбей кететін. Көнек пен Теке жұлдыздары 15 майда туған кезде керісінше Арыстан мен Патша жоқ болып кетеді. Осындай алмасулар араға қырық күн салып, күз айларында да керісінше қайталанатын.Шумер абыздары сияқты көшпелілердің астрологиямен таныс болғанын археологиялық қазба жұмыстарынан көреміз. Олар қолөнерде космогониялық таңбаларды түрлі мәнерде көп бейнелеген. Сақ (скпф) бейнелеу өнеріндегі аң мен жануарлардың, құстардың арпалысы мезгілдің ауысуының нышанын білдіреді. Ал, бейнелеу мәнерінде сақтар көп қолданған арыстан, теке, елік, бұқа аспандағы жұлдыздарды түспалдайды.

Ежелгі адамдар астрологиялық жыл санауды аң, жануарлардың



3-сурет. Жолбарыстың арқарға атылған көрінісі

атымен атап қоятын. М. Қадырбаевтың пікірінше “ сақтардың (скиф) бейнелеу өнерінде “аң стилінің” мағиялық күшіне табынушылық б.з.б. 1 мыңжылдықта қалыптасқан. Олардың композициясында аң мен жануарлардың арпалысы мен бірі-біріне атылу сәттері бейнеленген”-дейді. “Аң стилі” ежелгі адамдарға рәміздік ұғымда ақпарат беруде үлкен рөл атқарған. Ежелгі адамдар аң, құс пен жануардың арпалысу көрінісін “адамгершілік” пен “зұлымдықтың” күресі деп түсінген. Сақ(скиф) шеберлерінің бейнеленген аң, құс, жануарлар адамға эмоциялық ерекше әсер етеді. Олар бейнелеу мәнерінде аң, құс, жануарлардың өзіндік ерекшеліктерін дәлдікпен бере білді. Суретте қияли образ жасау үшін аң, құс, жануардың дене мүшелерін аралас қолданып, өмірде кездеспейтін мифтік образдар жасады. Мысалы: аң тұмсықты грифон, құс тұмсықты бұғы, тау ешкінің мүйізі қондырылған ат, бүркіт грифтері т.б. М. Қадырбаевтың пікірінше: “Бейнелеу өнеріндегі “аң стилі” ежелгі адамдардың табиғатпен жақындығын, олардың эмоциялық әсері мен ішкі рухани жағдайының айнасы іспеттес болды. Өйткені олар үнемі “зұлымдық” пен “адамгершілікті”, өмір мен өлімді өздерінің сюжеттерінде басты идея етіп алған, сондай-ақ мұндай композицияны күрделендіріп беруге тырысқан” - дейді.

Сақ шеберлерінің өнер туындыларында аң мен жануардың немесе қиялдан туған құс пен жануардың арпалысындағы күрделі композицияда “зұлымдық” пен “адамгершіліктің” нышаны алда тұрады. Ежелгі адам өзін қоршаған тылсым дүниенің түсініксіз құбылыстарын бейнелеуде осындай рәміздік ойды білдіретін күрделі композицияларды дүниеге әкелген. Аң мен жануардың арпалысын немесе бір-біріне атылу сәттерін аса бір нәзіктікпен бейнелеп, табиғилықты сақтаған. Сақтардың (скиф) “зооморфтық стилінде” терең философиялық мағына жатыр.

Шумерлік абыздар астрономиялық күнтізбедегі жыл санауды жылдыздарды аң, жануарлар аттарымен атап, ауа райын болжап отырған. Сақтар аң мен жануарлардың арпалысындағы көріністі жыл мезгілінің ауысуымен байланыстырған. Ежелгі адамдар төрт мезгілді “жаз”, “қыс” деп екіге бөліп, өз бейнелеу тәсілдерінде қысты “жамандық”, жазды “жақсылық” рәміздік ұғымында бейнелеген. Ежелгі сақтардың (скиф) бейнелеу өнерінде “аң стилінің” қалыптасуының басты себебі, адамдар аңдар мен жануарлардан пайда болды деген қиялдан туған болу керек. Ежелгі адамдар мифсіз өмір сүрмеген. Табиғаттың тылсым күштері мен түсініксіз құбылыстарын мифке айландырып отырған. Сондықтан сақтардың тотемдері аң, құс, жануарлар болған (бұғы, бұлан, қасқыр, таутеке, жолбарыс, бүркіт). Мұндай аң, құс, жануарлар бейнеленген заттар қасиетті болып саналған. Олардың тырнақ, сүйектерінен тұмар жасап, ал тотемдерді қару-жараққа бейнелеген. Тотем, таңба жауынгерге жеңіспен оралуға магиялық әсер етеді деп ұққан. “Аң стилі” сақ шеберлерінің арасында б.з.б. III-I ғ.ғ. бейнелеу өнерінің биік деңгейіне жетіп, кейіннен өзгерістерге ұшырады. “Жануар стилінің” бірте-бірте стилизацияланған түрін Қарғалыда табылған төзден байқаймыз. Бұл төздегі аңдар мен жануарлар бірте-бірте күрделеніп өсімдік типтес ою-өрнекке айналады. Сақ қолөнерінде “аң стилінен” стилизацияланған мәнерге өту Новочеркасск обасынан табылған сармат ханшасының төзінде қарғалы мәнері қайталанған. Сақ (скиф) мәнеріндегі төзде (диадема) аңдардың бірте-бірте стилизацияланып шырмауықтануы басқа елдердің бейнелеу өнерінде кездеспейтін мәнер.

Сақ бейнелеу өнеріндегі жануарлар мәнері ғалымдарды тамсан-дырып, қызығушылығын танытып отыр. Ежелгі өркениетті мемлекетте өмір сүрген сақ шеберлерінің қолөнерді мұндай тәсілмен бейнеленуі, сол кезеңдегі өнердің өте жоғары деңгейде болғанын көрсетеді. Жануарлар мәнеріне мындаған жылдар болса да, бұл өнер бүгінгі күні өзекті мәселелердің біріне айналды. Сақ (скиф) “аң стилі” мен андрондықтардың геометриялық ою-өрнек түрлері бүгінгі күні кеңінен қолданады.

Геометриялық ою-өрнектердің космогониялық түрлерін андрондықтар қып құмыралардың сыртын өрлеу үшін қолданған. Андрондықтардың геометриялық ою-өрнектер салынған қып көзелері еліміздің мұражайларында қазір де сақталған. Геометриялық ою-өрнектер дүние жүзі елдерінің барлығына ортақ. Олардың рәміздік ұғымы жойылып, қазір тек әшекей ретінде қолданады. Андрондық геометриялық ою-өрнектердің санаулы элементтерінің қазір жүздеген баламасын көруге болады. Андрондықтардың геометриялық ою-өрнек элементтерін,

сақтардың (скиф) бейнелеу өнерінде қолданған ою-өрнек түрлерін қазақ қолөнерінде бірен-саран кездестіреміз. Еліміздің қолөнер шеберлері стилизацияланған ою-өрнек элементерін түрлендіріп, жаңа ою нұсқаларын көп қолдануда. Көшпелілердің қолөнердегі бейнелеу мәнерінде андрондық, сақтардан (скиф) бастап қазақтарға дейін ұрпақ сабақтастығының үзілмей келе жатқанын көреміз.

Елімізге белгілі этнограф С.Қасиманов:” жаңа қазақ ою-өрнектері мазмұны жағынан үш түрлі ұғымды білдіреді дейді: біріншіден мал шаруашылығын, аңшылықты; екіншіден жер, су, көшіп-қону көріністерін; үшіншіден күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі заттардың сыртқы бейнесін береді”- дейді. Ұлттық нақыштағы ою-өрнектің бір ерекшелігі - осы түрлі ұғымның қай-қайсысын бейнелесе де, оның негізі “мүйіз” ою-өрнегі болып қалады. Этнограф айтқан үш түрлі ұғым сақ ою - өрнектерінің табиғатына сай келеді. Сақ шеберлері стилизацияланған ою - өрнектің негізгі элементі ретінде “мүйіз” ою-өрнегін көп бейнелеген. Қазір де қолөнер бұйымдарын өшекейлеуде мүйіздің түрлі нұсқасын қолөнерде қолданады. “Мүйіз” ою - өрнегі қазақ бейнелеу өнерінде негізгі таңбаға айналған. Стилизацияланған “мүйіз” оюы сақ кезеңінен бері қолөнерде қолданып, оның сыртқы пішіні өзгерген жоқ. Сақ шеберлері аң, жануар, құстарды “аң стилінде” бейнелегенде денелеріне таңбаларды қоса салған. Сақтардың (скиф) тотем мен космогониялық таңбаны бірге беруі, олардың діни дүниетанымынан туған ұғым. Орта ғасырда бұл таңбалар рулық таңбаға айналды. Суреттерді мұндай тәсілде салу б.з.б VIII-I ғ.ғ. өмір сүрген өркениеті басқа елдерде кездеспейді. Бір қарағанда “аң стилі” түрлі көріністе сәндік үшін қолданған ба?- деген ой да туу мүмкін. Өр көріністің белгілі рәмізді білдіретінін жоғарыда талдап өттік. Аң, құс, жануарлардың дене мүшелерін араластыра қолдану мәнері, тек сақ бейнелеу өнеріне тән. Ғасырлар өткенімен сақ “аң стилі” жаңа образдармен толыққан жоқ. Керісінше, сол ежелгі баға жетпес жәдігерлер біздің ата - бабаларымыздың өмірінен сыр шертетін шежіре ретінде өмірімізге еніп отыр. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған сақтардың (скиф) көне ескерткіштеріне бейнеленген “аң стиліндегі” мәнер мынандай топтан тұрады:

1. Фантастикалық жануарлардың бейнесі;
2. Шартты түрде бейнеленген жануарлар;
3. Бұғы, турдың мүйіздері бейнеленген композиция;
4. Мазмұнында бұғы бейнеленген заттар;
5. Мазмұнында бұғы, елік, ақбөкен бейнелі композиция;
6. Арқар, таутеке мазмұнындағы элементтер;

7. Аңдардың жануарларға атылған бейнелері;
8. Аңдардың ауызында жануарлардың суретін беру тәсілдері;
9. Мысық бейнелі элементтер;
10. Ат, қоян бейнелі элементтер;
11. Қораз бейнелі элементтер;
12. Грифон бейнелі элементтер;
13. Сфинск (адам) бейнелеу тәсілдері ;
14. “Үтір” оюлардың түрлері;
15. “Лотос гүлі” бейнелі элементтер;
16. “Төртқұлақ”, “орам” ою-өрнектердің түрлері;
17. Өсімдік типтес ою-өрнектер;
18. Көп жапырақты және “қосалқа” ою-өрнектері.

Сақтардың бейнелеу өнеріндегі аң, жануарлады және құстарды фантастикалық, шартты түрде көрсету қазақ қолөнерінде кедеспейді. Аң мен жануарлардың арпалысын түрлі күрделі композицияда беру сақ мәнерінде тоқымдарды әрлеуде кездеседі. Қазақ қолөнерінде кездесетін сақтардың стилизацияланған ою-өрнектері “төртқұлақ”, “үтір”, “орам”, “қосалқа”, “лотосгүлі”, өсімдік типтес және жапырақ. Грифтердің мифтік көрінісі, шынай түрлері қазір мүлдем ұмытылған.

Сақ шеберлері “аң стиліне” қолданған негізгі элементтері: бұғы , арқар, таутеке, лотос гүлі, үшжапырақ, қосалқа, үтір, төртқұлақ, спиральт.б. “Жануарлар стилінен” басқасы қазақ қолөнері мен сәулет өнерінде толық қайталаанады. Жайық өңірінде ХІХ ғасырда өмір сүрген Фатима ханшаның бешпентінде лотос гүлінің элементі салынған. Бұл бешпенттегі лотос гүлінің ою-өрнегін алтын жіппен көмкеріп, кесте тәсілімен тіккен. Көпшелілердің ішінде қалмақ қолөнерінде лотос гүлі бүршік бейнесінде түрлі мәнерде қолданады.

Сақ(скиф) “аң стилі” бүгінгі Орта Азия, Сібір , Еуропа халықтарының бейнелеу өнерінің негізін қалаған. Көршілес елдер мәдени ауыс-түйістің арқасында кейбір ою-өрнек элементтері ауысып қолданып жатады. Дүние жүзіндегі барлық халықтардың өзіндік еш жерде қайталанбайтын өзіндік бейнелеу мәнері, сол елдің этнографиясында ғасырлар бойы қалыптасқан. Дүние жүзі халықтарының бейнелеу өнеріне негіз болған табиғат. Қыптан, саз балшықтан жасалған құмы-раларды геометриялық, космогониялық элементтермен әшекейлеген. Бұл элементтер қоршаған ортадан алынған. Олар: аспан денелері, ағып жатқан су, ирек жол, шоғырланған жұлдыздар т.б. көріністер. Ал, “өмір ағашын” өз қолөнер бұйымдарында бейнелемейтін бірде-бір ел жоқ. Ежелгі адамдардың қолданған ұқсас геометриялық, космогониялық элементтеріне қарап, олардың бір кеңістікте өмір сүргеніне көз жеткіземіз.

Сақтардың (скиф) діни дүниетанымында аспан денелері маңызды рөл атқарған. Геометриялық, космогониялық ою - өрнек элементтері мен қатар сақтар қоладан, алтыннан жасаған ыдыстарға өз өмірлерінен түрлі көріністер түсірген. Мұндай көріністер олардың тұрмыс - тіршілігінен көптеген ақпарат береді. Сақ шеберлері “жануарлар стиліне” қарағанда геометриялық, өсімдік типтес элементтерді сирек қолданған. Сол кезеңнің бейнелеу өнеріне ортақ элементтер “меандр”, “крест”, “төртқұлақ” ою-өрнектері. Ежелгі шебердің композициясына енген элементтер, тұтастай табиғаттан алынған. Сондықтан қолөнердің ежелгісі болсын, қазіргісі болсын өсімдік, геометриялық, космогониялық, зооморфтық элементтерден басталады.

Дүние жүзіндегі халықтар өз бейнелеу өнерінде геометриялық, космогониялық, өсімдік типтес ою-өрнектерді түрлендіріп сан мыңдаған ою-өрнек жасап, олар өз қолөнерлерін әшекейлеуде. Әр халықтың бейнелеу өнерінде өзіндік ерекшеліктерін ғасырлар бойы сақталған. Сақ ою - өрнегінің типологиясының әлі де зерттелмей тұрған тұстары көп. Сақтардың (скиф) “аң стилінде” берілген күрделі композициялардың әліде мазмұны толықтай ашылмаған. Сонда да ежелгі тарихшылардың деректерінен алынған пайымдауларына сүйеніп, сақтардың бейнелеу өнеріндегі мәнеріне анықтама беруге болады. Сақ ою-өрнегіндегі негізгі мәнер “зооморфтық стиль”, ал сақ мәнеріндегі самұрық құстардың қияли, шынайы түрлі көріністе бейнеленуі жергілікті мәнерге жатады. Бейнелеу өнердегі мұндай әдіс - тәсілдер сақ (скиф) кезеңінде жақсы дамығанын көне ескерткіштерден байқауға болады.

Сібір, Амудария коллекциялары бүкіл дүние жүзіне таныстырылып, насихатталып келеді. Ол жәдігерлер Ресей Эрмитажында, Британ мұражайында сақталған. Ежелгі сақ (скиф) көне ескерткіштерінің көпшілігі Таулы Алтай аймағында табылды. Сол жәдігерлерге сараптама жүргізіп, сақ (скиф) тайпаларының дүниетанымы мен тұрмыс - тіршілігі туралы біраз ақпарат аламыз. Қорғандарда табылған бұйымдардың ерекше тұсы, бейнелеу мәнерінің қайталанбауы. Сақтардың (сақ) өнеріндегі рәміздік таңбалар тұрмыстағы заттардың барлығында бейнеленген. Көшпелілердің қолөнерде қолданған сан түрлі таңбалары діни және рулық, тайпаның нышандық белгісін білдіреді. Бұл таңбалар сол кезеңде бір кеңістікте өмір сүрген ежелгі адамдардың бөріне түсінікті мазмұнды білдіретін белгі. Ол таңбалар сол сияқты көшпелілердің ежелгі жазу көне ескерткіштерінде де кездеседі.

Еуразия құрлығында өмір сүрген тайпалардың бейнелеу, қолөнері

ғасырлар бойы қалыптасты. Мұндай мәдени жетістік ежелгі адамдардың ішкі рухани дүниесі мен дүниетанымынан туған. Қол-өнердегі сақ мәнері көршілес елдердің мәдениетіне де ықпал етті деуге болады. Сондықтан сақ бейнелеу өнеріндегі “аң стилі” барлық елдердің терминіне айналды десек қателеспейміз. И.Тасмағамбетов: “Адамды залалды жерден қорғайтын сиқырлы күш бар материалдар ғана ардақталап қана қойған жоқ. Пішіні мен өрнек өшекейлері жануарлар текті болып келетін кейбір бұйымдар да киелі саналған. Бойтұмарлар қорғаушы қызметіне ие “- дейді. Сақтардың “аң стилі”, “зооморфты стиль” немесе “жануарлар стилі” дүние жүзі ғалымдарының қызығушылығын тудыруда. С.С. Бессонова: “Соңғы жылдары ғалымдарды “аң стилінің” семантикасын зерттеу қызықтырады. Мұнда әрбір “аң стилінде” қолданған элементтің мазмұны мен тұтатастай сюжеттегі композицияның рәміздік ұғымын оқу қазіргі күні маңызды шаруға айналған” - дейді. Табылған көне ескерткіштердегі бейнелеу мәнері мен оның рәміздік мазмұны ғалымдардың назарынан тыс қалған. Сақ (скиф) бейнелеу өнері ежелгі адамдардың мифтік дүниетанымынан туған өнер туындысы деп тұжырымдаймыз.

Алтай петроглифтеріндегі көріністе мазмұны ауыз әдебиеті арқылы жеткен мифтік образдар да тасқа қашалып салынған. Қазір ғылым қарапайым мифтік образдар мен археологиялық деректерді күрделендіріп қайта қарау үрдісін алдына мақсат қып қойды. Бүгінгі күні сақтардың таңбалары мен петроглифтеріне семантикалық талдау жүргізу керек. Сонда ғана б.з.б өмір сүрген өркениетті мәдениеттің тарихын жазуға болады. Скифологтар дерек ретінде ежелгі адамдардың бейнелеу, қолөнердің, петроглифтер мен таңбалардың рәміздік мазмұны талдану тиіс. Ежелгі адамдардың рухани дүниесіне, олардың сезіміне әсер еткен қоршаған орта. Табиғат адам сезіміне ләззат беріп эмоциялық сезімі оянады. Ол аспандағы Күн, Ай, Жұлдыз түрлі - түске боялған кемпірқосақ. Қалың орман мен биік таулар, гүлдеген жазық дала. Осы табиғи сұлулықты ежелгі адамдар өз өнерінде талғаммен қолдана білген.

Алғашқы адамдардың дүниетанымында космогониялық ұғымның бірінші пайда болғаны да таңданарлық нәрсе емес. Олар сол кезеңде қоғамға ортақ мәдениетті қалыптастыра білді. Өз туындылары арқылы басқалардың сезімін оятты. Ежелгі тайпалар бір - бірімен түсінісетін таңбалық жүйе, петроглифтер өнерін дүниеге әкелді. Сақтар көзелге (жұқалап иленген былғары) аңдар мен жануарлар көрінісін пышақпен ойып, оны түрлі - түске бояған.

Еліміз ХХІ ғасырға аяқ басса да, былғары өңдеу өндірісі Қазақстанда

әлі өз деңгейінде дамымай отыр. Ежелгі көшпелілердің былғары өңдеу технологиясы қазір ұмыт болған. Сақтардың былғарыдан жасаған заттары мен тоқыған маталары сапалы дайындалған. Алтайлықтар өндірген көзелді (жұқа былғары) киім тігуде, ал қалындауы айыл, бестаспа жасауда қолданған. Тоқымға аң, құс, жануарлардың суретін салып, оларды бояумен әрлеген. Сақтар бұйымдарды қызыл түске, ал ағаштың ойық тұстарын айрықша көрсету үшін, сары мен жасыл түске бояған. Қосымша әшекей ретінде ағаш пен былғары алтын пластиналар немесе асыл тастардан көз орнатқан. Алтайлықтар “аң стилінде” жасаған бұйымдарын көркемдей түсу үшін алтын пластиналарды жапсырған. Мұндай мәнер қазір кездеспейді. Қазақ қолөнерінде күмістеп, алтындап тігу сақ өнерінен бастау алады. Қазақтар жасанды жіптермен сырт киімдерінің өрнектерін кестелеп тіккен. Бұйымдарда тігістерден басқа шеберлер қоладан, “аң стиліндегі” алтын қаңылтырлар мен түймелерді қадаған. Мифтік, шынайы образда бейнеленген аң, құс, жануарлардың денесіндегі жолақтарға алтын пластиналар жапсырылған.

[Көне ескерткіштерде бейнеленген ою-өрнек, таңбалардан сақ (скиф), қазақ қолөнерінің сабақтастығын көреміз. Сақ кезеңінде қолданған стилизацияланған ою элементтер қазірде қолөнерде қолданады. Сақ бейнелеу өнерін зерттеу үшін қазақ қолөнеріндегі ою-өрнектің негізгі элементтерін білу қажет. Осыдан сақ пен қазақ бейнелеу өнерінің тұтастығын бай-қау қиын емес. Қазіргі кезде түрік тобына кірген елдердің көпшілігі өз алдына мемлекет құрып, бөлек ел болып кетті. Соған қарамастан түбі бір түркі мәдениетін бөліп-жармай көне ескерткіштерді ортақ деп қарастыруымыз қажет. Таулы Алтай өңіріндегі көне ескерткіштер көптеген түркі тайпалар мәдениетінің тұптамасы болып табылады. Сібір, Орта Азиядан бастап Қара теңізге дейінгі аймақты алып жатқан тайпалар бір одаққа бағынып, мәдениеті ортақ болғанын ежелгі авторлардың деректерінен көреміз. Бұл аймақта өмір сүрген тайпалардың тұрмыс-тіршілікте қолданған заттарына қарап, сұңғат өнерінің өте жоғары деңгейде болғанын байқаймыз. Тылсым күштерден сақтайтын тотемдер, діни ұғымдағы таңбалар қосымша элемент болып, аң, жануарлардың денесінде бейнеленген. Ежелгі адамдардың нышандық таңбаларын, тотемнің бейнесін қолөнер бұйымдарына түрлі мәнерде бейнелеген. Олар: кескіндеме, ағаштан ойып жасалған бұйымдар, тұскиіз, сырмақ, тоқым ою-өрнекті бастырма (апликация) тәсілімен жиектеп тігу, ер-тұрман бұйымдары. Безендіруге арналған әшекейлер былғарыдан ойылып, алтынмен апталып жасалған. Сақ өнерінде аң, құс,

жануарлардың қоладан жасалған түрлі мөлшердегі мүсіндері көп кездеседі. Сақтардың жерлеу рәсіміне, қолөнері мен бейнелеу өнеріне этноинтерпретациялық талдау жасап, көне мәдениет туралы мағлұмат аламыз. Оған Орталық Алтай қорғандарын жүз жыл бұрын зерттеген В.В.Радловтың еңбектерін жатқызуға болады. Қорымда табылған саркофағқа (ағаш табыт) ойылған аң, жануарлардың бейнесінен ағаш ою мәнерін сақ шеберлері жақсы меңгергенін көреміз. Саркофақта (ағаш табыт) тізбектеліп келе жатқан төрт жолбарыс бейнеленген. Оның төменгі тұсында екі бұғы, екі қабан, екі арқардың суреті салынған. Бұл тұтас монументалдық композиция ағаштан ойылып жасалған. Алтайлықтардың ағаш ою технологиясы Башадыр II обасынан бірінші рет табылды. Жолбарыстың қимылы табиғи дәлдікпен беріліп, ал бастары әдеттен үлкейтіліп көрсетілген. Олардың құйрықтары оюланып, аяғына құстырнақ салынған. Жолбарыстың денесіндегі жүндері оттың жалынын тұспалдайды. Ал, төменгі жағына бейнеленген жануарлардың денесі шарты түрде берілген. Жолбарыс тайпаның тотемі болып, тылсым күштерден қорғайтын қорғаушы образында салынған. Бұл сюжетте от - діни нышан ретінде бейнеленсе, ағаш табыттағы композициядағы жануарлар жерлеу рәсіміне арнайы құрбандыққа шалынған арқар, қабан, бұғы. Олардың денесі бұратылып, аяғы аспанға келтірілген. Сақтардың аңдарды, жануарларды мұндай мәнерде бейнелеуі, жануардың өлсіреп, мерт болғанын тұспалдайды.

Сақ шеберлері өз мәнерінде аң, жануардың мүйіздері мен көздеріне ерекше көңіл бөлген. Ал, құлақтары мен бастарын әдеттен тыс үлкейтіп мифтік немесе шынайы бейнеде салған. Жерлеу рәсімінде сақтар жануарлардың бәрін мәйітпен бірге жерлеген. Саркофағқа (ағаш табытқа) бейнеленген композициядан олардың жерлеу рәсіміне қатысты ғұрыпын байқаймыз.

Башадыр обасының Оңтүстік Шығысында уақыт өте тозығы жеткен, өте жұқа иленген былғарының, қызыл түске боялған алты құрағы табылған. Шеберлер былғарының үстіне өткір пышақтың ұшымен ойып өрнек түсірген. Былғарыда жасалған ақ түсті ойықтар жануардың бұлшық еттерін анықтай түседі. S өрпінің ішкі тұсына))) доға жақшалар бейнеленген. Былғары құрақтарына айналған тоқымға бұғы бейнесі бейнеленген. Тозығы жеткен құрақтардан жануардың ер бөлшегін ғана байқаймыз. Сақ шеберлері S пен ақ түсті доға сызықтарды жануарлардың дене мүшелерін анықтай түсу үшін қолданған. Мұндай жолақтарды қосымша алтын пластиналармен өрлеген. S ою-өрнегі жабайы сиыр турдың мүйізін тұспалдаудан туған элемент. Турдың мүйізіне қосымша үтір элементтері қолданған. I

Тұяқты қорғанындағы ағаш табыттың қақпағына “үтір” ою-өрнегі “шетою” жасап, ірі бейнеленген. “Үтір” оюы сақтардың діни ұғымдарынан пайда болған космогониялық нышан. Мұндай ою-өрнек элементтерді сақ (скиф) қолөнер бұйымдарының бәрінде кездестіруге болады. Стилизицияланған ою-өрнектерден кейінгі жазықтыққа бірінен соң бірі ерген жолбарыстар қайың ағашынан ойылып, саркофагқа жапсырылған. Мұнда II Башадыр обасынан табылған жолбарыстың суретімен ұқсастық жоқ.

Кескіндемеде негізгі қолданған сақ мәнері грифтердің үлкен бастары мен үлкен көздері, ал оған қосымша оюланған тұмсықтың салынуы. Ал, өсімдіктер мен жануарлардың шартты түрде салынған стилизицияланған түрлері орта ғасырда жақсы дамыды. Өсімдік ою-өрнегінің мәнерін ағаштан, сүйектен, былғарыдан немесе қоладан жасаған бұйымдарға бейнелеп, сақтар өзіндік мәнер қалыптастырды. Олар: сегіз жапырақ, пальма жапырағы, мүсіндік, живописьтік ою-өрнек, гүл, бүршік, үшжапсрақтан бастап күрделі жапсрақты гүлдер, лотос гүлі. “Үшжапырақты” ою-өрнекті көптеген халықтар бейнелеу өнерінде негізгі элементретінде қолданады.)

Ағаш пен сүйектен ойылған ат-өбзелдердің ою-өрнектерін екі түрге бөлуге болады. Олар: жай нұсқа, күрделі нұсқа. Сақ шеберлері бұйымның жазықтығына тұтастай композициялар бейнелеген. Сол кезеңнің шеберлерінде элементті симетриялы немесе егіз бейнелеу мәнері қалыптасты. Мұндай “аң стиліндегі” композицияларды негізінен зооморфтық элементтерден жасаған.

Сақ (скиф) шеберлері ер-тоқымды әшекейлеуде “жүрекше” ою-өрнегін жиі бейнелеген. Қазақ қолөнерінде қолданатын бұл элемент сақтардан бастау алады. “Жүрекше” оюы жүректі тұспалдап, ол жүрекше пішініндегі үшбұрыштан жасалады. “Жүрекше” ою-өрнегі мен турдың қос S элементінен күрделі элементтер жасап, ер-тоқымның ағашына ойып түсіреді.

Алтайлықтар өз мәнерінде сан түрлі әдіс-тәсілді қолданған. Олар: геометриялық, өсімдік типтес ою-өрнектер, жануарлардың шарты белгісі, күрделі ою-өрнектер. Шартты элементтерге: ағаштың бұтағы, қабанның азулы тісі, аң мен құстардың оюланған тырнақтары жатады.

Сақ (скиф) мәнерінде балық бейнесі өте сирек кездеседі. Орта Азияда түркімендер зергерлік бұйымдарын балық пішінінде жасаған. Көшпелілердің ұғымында балық тазалықтың символын білдіреді.

Таулы Алтайда II Пазырық қорғанынан табылған ер адамның оң аяғына суреті үлкейтіліп балық салынған. Балық-тазалықтың символы. Балық пішіні зергерлік бұйымдарда көп қолданған. Бұл мәнер түркімен

зәргерлік бұйымдарында қазірде кеңінен қолданады. Сақ скиф шеберлері балық пішінін ағаштан ойып ат- әбзелдерді безендіруге арналған бөлшектер жасаған. Ондай салпыншақтарды аттың жүгеніне сән үшін айналдыра таққан. Ағаштан ойылған әшкгейге ауызына қойдың басын тістеген балық кескіні бейнеленген. Балықтан басқа алтай шеберлері өз мәнерінде қазы мен аққудың суретін де салған. Қаздың ұйықтаған сәті ағаштан ойылып, мүсіні жасалған. Псалдырда қазының басы шартты түрде бейнеленген, ал аттың маңдайшасына ұшып келе жатқан үш аққу бейнесі көркемделіп көрсетілген.

Сақ қолөнерінде қораз кескіні сирек бейнеленген. Кейбір мифтік образдағы құстың қосымша элементтеріне қораздың айдары тағылады. С.В.Кислев: "алтай мәнеріндегі қораздың басындағы айдар бұғының мүйізі түспалдайды"- дейді.

(Сақ (скиф) монументалды композицияда аң мен жануарлардың дене мүшелерін алмастыра қолданып, қияли образдар жасауда шеберлік танытқан. Ол туралы С.В.Киселев: "сақ шеберлері бір сюжетте аң, жануарлардың дене мүшелерін өзіндік ерекше мәнермен бере білген"- дейді. Сақтардың аралас қолданған жануарлар стилінен мифтік образдағы өмірде жоқ аңдар мен құстардың күрделі композициясы пайда болды. Ғалым мұнда сақ шеберлерінің дәстүрлі мәнерін дәлелдей түседі. Қоразға бұғының жалпақ мүйізі қондыру мәнері алтайлықтарға тән мәнер. Шартты түрде қораз бен аттың жалын бейнелу мәнері берілген. Оның басы артқа қайырылып, айдары үлкейтіліп көрсетілген. Қораздың айдары өсімдік типтес, жануарлардың стилизацияланған мүйіздері сияқты жеке элементтер қолдана береді. Таулы Алтайлықтар қоршаған ортаны ішкі рухани сезіммен қабылдап, философиялық ой тудыратын кескіндемелерді ерекше жасаған. Олардың бейнелеген әр композициясында шебер мәнері сақталған. Бұғының жалпақ мүйізі тармақталып, басы әдеттен үлкейтіліп, тұмсығының ұшы оюланып берілген.

Бұғының бейнесін салу көне мәнерге жатады. Сақ шеберлері бұғының қимылын табиғи шынайлықпен бере білген. Бұғының басы



4-сурет. Саркофагтың(ағаш табыт) сыртқы көрінісі

алға созылып, тізесі бүктеліп, басындағы мүйізі тармақталып бүкіл денесін жауып тұр. Бұл жануардың жартылай стилизацияланған бейнесі. Ал, сирек кездесетін мәнер, бұғының арқасына аударылып, аяғын аспанға көтеріп бейнелейді. Ер-тұрманның ағаштан жасалған алдыңғы, артқы қасына ақбөкен ойылып түсірілген. Псалдырдың екі ұшына ақ- бөкеннің басының мүсіні жасалған. Ал, қоладан жасаған қалыптың үстінде ақбөкеннің басы бейнеленіп, оны алтын пластиналармен қаптаған.

Тұяқты қорымынан табылған бұғының денесі бұратылып, аяғы аспанға келтірілген. Аң, жануарларды мұндай мәнерде жергілікті шеберлер ғана бейнелеген. II Пазырық обасынан табылған мөйттің оң аяғына тізбектеліп бірінен-соң бірі ерген арқарларды шартты графикалық тәсілмен салған. Ат-әбзелдерге ілінетін ағаштан ойылып жасалған арқардың денесімен аяғы бұратылып, басына тиіп тұр. Арқарлардың суреті қырынан салынып көрсетілген, сондай-ақ тура (фас) салынған арқардың суреті де кездеседі. Тура салынған арқардың үлкейтілген басы денесін толық жауып, оның мойын тұсына төрт тұяғы шартты түрде көрсетілген. Сақ қолөнерінде арқардың бейнесі түрлі композицияда көп берілді. Көшпелілердің ұғымында қой, арқар жануар байлық - береке деген рәміздік ұғымды білдіреді. Сондықтан сақтар тұрмыс-тіршілікте қолданатын заттарына арқардың түрлі нұсқасын бейнелеген. Аттың тізгінін бекітетін псалдырдың ұштарына да арқардың бас мүсінін ойып жасаған. Алтай мәнеріндегі қоян бір жәдігерде ғана кездеседі. Денесі мен артқы аяғы бұратылып, алтай мәнерінде бейнелеген қоянның кескіні ер-тұрманның әшекей бөлшектеріне салынған. Арқардан басқа сақ бейнелеу өнерінде жылқы бейнесіде көп қолданады. Қатанды қорымынан табылған әшекей бөлшекте аттың кескіні салтанатты түрде берілген. Аттың басына мүйіз қондырылып, қосымша үлкейтілген құлақ қондырылып, сондай-ақ аттың құйрығы бұрым болып өрілген. Сақтар аттарды жерлеу рәсінде, көктемгі мейрамдарда салтанатты түрде безендірген. Алтыннан, қоладан жылқы, қасқыр, арыстан, жолбарыс, барс түрлерінің мүсіндері көп жасалған. Қасқырды жазық фонда шығыңқы бейне ауқымының жартысына бейнелеу нұсқасы ат-әбзелдердің әшекей бөлшектерінен көруге болады. Оның басы үлкейтіліп, денесі мен артқы аяғы деформацияланған. Мұндай мазмұндағы қасқыр өлсірегенді немесе жеңілгенді тұспалдайды.

Көшпелілердің ер - тұрман жасау кәсібі сақтардан бастау алады. Олар ат-әбзелдерін жоғары деңгейде көркемдеп, эстетикалық тұрғыдан дамытты деуге болады. Ер-тоқымға әр беру үшін оған қосымша салпыншақтар мен бастырмаларға түрлі композицияда аң, құс,

жануарлардың кескінін салған. Оның ішінде алтайлықтар мысық тобына жататын арыстан, барс, сілеусін, жолбарстарды түрлі мәнерде көп бейнеленген.

Сақ мәнерінде арыстандар өте аз кездеседі. Қаракөл обасынан табылған бұйымда арыстанның бас мүсінінің мойын тұсындағы жүндері оюлы жолақтармен берілген.

Петр I коллекциясында дөңгеленіп жиырылған мысық пен жолбарыстардың суреті бар түйреуіш Эрмитажда сақталған, сол сияқты Сібір коллекциясында арыстандардың дем алған сәттері бейнеленген кескіндемелер бар, бірақ бұл мәнер тек алтайлықтарда ғана қолданған.

Амудария коллекциясындағы алтын жүзікте алдыңғы аяғы мен артқы аяғын созып, басын артқа қайырған арыстан және алтын табақта тігінен отырған арыстанның мүсіні салынған. Бұл заттардың жасалу мәнеріне қарап б.з.б. V ғасырға жатқызамыз. Амудария коллекциясындағы алтын пластинаға арыстанды тікесінен бейнелеу мәнері алтайлықтардың сүйекке салған нұсқасына ұқсас, бірақ оның төсіне оо таңбасы ойылған. Сақтарда ұшында арыстанның бас мүсіні қояндырылған қоладан жасалған ұршық табылды. Сақ шеберлері өз бұйымдарын асқан шеберлікпен жасап, талғаммен бере білген. Бейнелеу мәнерінде жергілікті жерде тіршілік еткен жандылардың қимыл әрекеті табиғи шынайылықпен көрсетілген. Алтай шеберлері басқа сақ тайпаларына қарағанда түрлі мәнерде грифтердің қияли бейнесінің алуан түрлерін жасаған. Шынайы, мифтік ұғымдағы грифтердің шартты түрде салған нұсқалары алтайлықтардың қолөнерінде кеңінен таралған.

Таулы Алтайлық қолөнер шеберлерінің негізгі мәнері грифтердің нұсқаларын әсерлеп түрлі мәнерде бейнелеу. Олар әдетте грифтердің тұмсығын оюлап, құлақтарын үлкейтіп, ал тырнақтарын әшекейлеп көрсетеді. Көшпелілерге төн мәнерлердің бірі грифтердің басына қораздың айдары салынып, мойнындағы мамық жүндерін оттың жалынындай сабалақтап беруі. С.В.Кисилев өзінің еңбектерінде бұл мәнерді ғұн-сарматтармен салыстырады. Ал, алтайлықтарда қалыптасқан грифондардың композицияларын кейіннен пайда болған дейді. Олардың дүниетанымында мифтік ұғымнан туған бұл құс бейнесі түрлі композицияда берілген. Алтай мәнеріндегі грифтер басқа өңірдегі сақ тайпаларының



5-сурет. Ешкі мүйізді грифон



6. Тұмсығы оуланып,
қораздың айдары
салынған грифон

грифондардың көне нұсқасы сақтарға ғана тән мәнер. Мұндай грифондар аң, құс, жануардың аралас элементтерінен құралған қиялдан туған құс. Алтай мәнерінде былғарыдан ойылған қораздың егіз бейнеленген түрлері де кездеседі. Сақтарға мифтік бейнедегі самұрық құстардың жасалу мәнері гректерден ауысқан деген негізсіз. Қораздың айдары басына тағылған самұрық құстар тек алтайлық мәнерге жатады. Сақ шеберлері грифонға үлкен құлақ салып, басына тауешкі, бұғының мүйізін қондырған. Мүйізі бар арыстанның ұшуға қомданған сәтін мүсіннен көреміз. Бүркіттің ағаштан ойылған кескіндемелері ат-әбзелдерді әшкейлеуде қолданған. Оның денесімен аяғы бұратылып берілген.

Грифондардың композициясы сақ мәнерінде ат-әбзелдерді әшкейлеуге және тоқымға көп бейнеленген. Құрақ киізден жасалған түрлі-түсті грифонның арқарға атылған көрінісі былғары тоқымға ойылған. Қоладан қалыппен құйып, гриф мүсінін қанаты жайылған кейіпте жасалған. Мұндай алтын, қоламен қапталған әшкей заттар киім-кешекті безендіруге қолданған. Күрделі компо-зицияларда самұрық құстардың арыстан бейнелілері де кездеседі. Қиялдан туған грифтер ерекше тұсы қанатты немесе мүйізді болып берілуі, сондай-ақ көне ескерткіште арыстан грифонының тауешкіге атылған сәті бейнеленген. Ағаштан ойылған мүйізді үлкен құлақты құстың бас мүсіні псалдырға қондырылған, ал қабанның жыртқыш тістері бар композиция басқа жерде мүлдем кездеспейді. Ер-тұрманды безендіру үшін қабанның жыртқыш тістерін сән үшін айналдыра іліп қояды.

мәнерінен өзгеше. Оған археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған көне ескерткіштер дәлел болады. Қоладан құйылған төбесінде қораздың айдары салынған грифон Берель қорғанынан табылған, оның аққуға атылған көрінісі берілген. Монументальды тұтастай ойылған грифтің қанаты жайылып, тырнақтары оюланған. Бұл кескін ер-тоқымда бейнеленген. С.В.Кисилевтің пікірінше: "Грифондардың басына айдар қондырып бейнелеу гректерге тән, ал алтайлықтардың мәнерінде грифондардың төбесіне мүйіз тарақтың тісіндей элементтер қондырылып бейнелеу әдіс-тәсілдері қолданған" - дейді.

Орта Азия, Сібір аймағында табылған

Қиялдан туған аң, құс, жануарлардың сюжеттері сақ бейнелеу өнерінде көп қолданылған. Мүйізді арыстандар мен жолбарыстар, тісі ақсип, басында қораз айдары бейнеленген грифтер, сондай-ақ мысық құйрықты бұғы, арыстан құйрықты қанатты қасқыр. Арыстан құйрықты қасқыр, мысық құйрықты бұғы да алтай мәнерінде сирек кездеседі. Сақ бейнелеу өнерінде сфинкстердің бірен-саран түрлерін ғана көруге болады. Түскиізге бейнеленген “аң адам”, оның мүйізсіз, беті, құлағы былғарыдан ойылып жасалған. Арыстан кеуделі сфинкске мүйіз қондырылып, оюланған құлақ, құйрық салынған. Ғалымдардың пайымдауынша сфинкс жасау ежелде пайда болған. Сақ мәнерінде былғарыдан ойылып, төбесіне лотос гүлімен әшекейленген адамның басы да кездеседі. Таулы Алтайда табылған сфинкстерде сақтардың өзінің мәнері көзге ұрып тұрады. Сфинкстердің бет-әлпеті жергілікті жерде өмір сүрген адамдарға ұқсас. Түскиізге бейнеленген қолына оюланған ағаш ұстаған “құдай әйел” пропорционалды түрде бейнеленген, ал қарама - қарсы бейнеленген адамның басы үлкейтіліп салынған. Амудария көмбесінде де сфинкстер кездеседі.

Сақтардың бейнелеу мәнерінің сан түрлілігі ғалымдарды бей - жай қалдырмайды. Басқа елдердің өнерінде кездеспейтін мәнер, аң, жануарлар, грифондардың денесі бұратылып, аяқтарының аспанға келуі. Алтайлықтардың мұндай мәнері әр түрлі рәміздік ұғымды береді.

Орта Азия сақтарының алтыннан жасалған білезік пен жүзігінде қасқыр ме арыстанның денесі бұратылып, аяғы аспанға қаратылған мәнері алтайлықтарда қолданған. Сібір коллекциясында таутекенің денесіне тырнақтары батырылған гриф, жолбарысқа атылған қасқыр, бүркіт гифоны, жемтігін жұлқылаған арыстан грифтерінің арпалысу көріністері, сондай-ақ гриф тұмсықты бұғыға, барстың атылған сәті көрсетілген. Бұл сюжетті көріністерді тек Таулы Алтай қолөнер бұйымдарынан көреміз.

Сақ мәнерінде берілген жазықтықты сюжеттермен толық жауып тұрады. Сақ мәнері бүгінгі таңда өнертану ғылымында зерттелмеген тың тақырып. Олар: шеңбер, төртбұрыш, үшбұрыш, бесбұрыш, балық қабығы, “жүрекше” т.б. геометриялық ою-өрнектерді өте икемді қолданған. Аңның басын, аңның жануарға атылған көрінісін геометриялық фигураларға шеберлікпен орналастыра білген. Мұндай мәнерде бейнеленген аң, жануарлардың деформацияланған денесі көп кездеседі. Алтай шеберлерінің тағы бір ұтымды жағы бейнеленген аң мен жануардың денесінің кейбір тұстарына алтын пластиналар, ойықтар мен сызықша, таңбалар арқылы айрықша әсерлеп беру. Сақтар ең қарапайым деген сюжеттеріне аң немесе жануардың тізбектеліп келе

жатқан немесе жүгіріп бара жатқан шынайы образын береді. Мұндай мәнер сүйекте, тоқымда немесе қанжардың ағаш сабында берілген. Күрделі композицияларға алтайлықтардың аң мен жануарлардың арпалысқан көріністерін жатқызамыз. Бұл сюжеттерді сақ шеберлері әр түрлі көріністе ұтымды беруге тырысқан. Мұндай композицияларды былғарыдан, киізден жасалған тоқымдарға көп салған. Жануардың аңға ұмытылған сәті, аңның жануарға атылған көрінісі ырақпен өте нәзік берілген. Оның әсіресе жемтігінің мойнынан тістеген көрінісі, мойнынан қан сорып тұрған сәті, сондай-ақ бұратылып, орам түрінде бейнеленуі, оның жеңілуі көріністерінде терең философиялық ой жатыр. Жануардың тілі салақтап, артқы аяғы аспанға көтеріліп, бейнеленгенін суреттен әлсірегенін, мерт болғанның нышаны.

Қатанды қорымынан антикалық автордың “таранда” пығармасындағы аңның мысық тектес аңға шабулы көрсетілген. Сақтарда аңның жануарға атылған көрінісіндегі рәміздік мағынасы, ежелгі адамдардың ұғымында мезгіл ауысуымен түсіндірілед. Олардың дүниетанымындағы бұл композициялар “адамгершілік” пен “зұлымдықтың” да күресін түспалдайды.

Алтай мәнерінде күрделі композициядан гөрі, қарапайым сюжеттер өте аз кездеседі. Мұндай кескіндер салынған бұйымдар, айрықша әсерленіп тұрады. Жануар, аңның бұлшық еттеріне космогониялық таңбалар салынған. Бұғылардың басын денесінен үлкейтіп көрсету, мысық тектес аңдардың “ауызын құлағына дейін сызып”, “ауызын арандай аштырып”, “үстіңгі ерні қатпарланған жыртқыш аңды” бейнелеу сақ шеберлеріне тән құбылыс. Ал қабандардың “жыртқыш тістерін” әдеттен тыс үлкейтіп, ұшын оюлап қояды. Гриф нұсқаларында бірден көзге ұрып тұратыны, мүйізі, оюланған тұмсығы мен әдеттен тыс үлкейтілген құлақтары. Сақ скиф шеберлерінің бейнелеу өнердегі ерекше мәнері, аң, құс, жануарлардың шынайы, мифтік бейнелерінің көзін дөңгелек қылып беру. Сондай-ақ олардың дене мүшесіне салынған түрлі таңбалар.

Алтайлықтардың ағаш оюдың білікті маманы болғандары табылған ағаштан ойылып жасалған көне ескерткіштерден көреміз. II Башадыр обасында табылған саркофақтың (ағаш табыт) қақпағын айналдыра стилизацияланған ою-өрнекпен өрнектелген киіз жолақпен бекіткен. Бұл саркофақтың жазықтығына түсірілген “жануарлар стиліне” ерекше сән беріп тұр. II Тұяқты қорғанынан табылған саркофаққа бұғының ойылған тұтас бейнесі, қанатты мысық тектес аңның бейнесі шеберлікпен ойылып түсірілген. Жолбарыстардың бірінен соң бірі тізбектелген қарапайым сюжетте өмірдің үнемі жаңарып тұратынын

түспалдайды. Саркофагтың (ағаш табыт) қақпағына жиіктеп өрнектелген киіз жолақ бекітіп, оған S - тәрізді элементті (жабайы сиыр турдың мүйізі) ағашқа ойып түсірген. S - ою-өрнегін аң, жануардың денесінің бұлшық еттерін анықтай түсу үшін қабырғасына ақ түсті қылып бейнелеген. Аң, жануардың алдыңғы иығына, артқы жамбасына, қабырғаларына космогониялық таңбалар түрлі нұсқада кездеседі. Сақ мәнерінде қосымша бейнеленетін таңбалар : жақша, дөңгелек, үтір . Былғарыдан ойылған бұғы мүйізді жолбарыстың денесіне “үшбұрыш”, “үтір”, S-тәрізді ою-өрнектер салынған. Ал, басына турдың мүйізі, жақша, “үтір”, “қайнар” S және S - тің екіге бөлінген элементтер салынған. Бұғы тектес грифтердің басына дөңгелек, жақша, үшбұрыш, үтір ойық таңбалар түсірілген. Егер алтай шеберлері ағаш оюда құлақ, көз, тұмсық, ауыз сияқты бөлшектерді шынайы түрде бейнелеп, ал кейбір тұстарын қосымша таңба мен турдың мүйізімен әшекейлеген. Ондай элемент екіге қақ бөлінген үтір, қабырғаны түспалдайтын доғалар немесе жақшалармен айшықталған. Арқардың орам жасалған мүйізі қара түске боялып, турдың S мүйізінің үстіне салынған. Таңбаларды алтай шеберлері басқа да элементтермен араластыра қолданған. Мұндай мәнер аң, жануарлардың денесінде ғана емес сол сияқты 1,2,4 Пазырық обаларынан табылған кілем, киіз бұйымдарында, Петр I-нің Сібір коллекциясында бейнеленген.

Елік пен арыстан грифінің иығынан алма, алмұрт немесе (0) таңбасы бейнеленген. Мұндай таңбаларды зергерлік бұйымдардың ойық жерлеріне түсіру Амудария коллекциясындағы алтын білезікте кездеседі. Сақтардың (скиф) таңбаларды бейнелеу, қолөнерде кеңінен қолдануы, олардың аспан әлеміне, күнге табынған космогониялық дүниетанымымен байланыстырамыз.

Таулы Алтай тайпалары мен көршілес өмір сүрген ғұндардың бейнелеу өнері жайында С.И.Руденко: “Ғұндар Батыс Сібір мен Таулы Алтай өңірінде б.з.б. өмір сүрген сақ (скиф) тайпаларының өздеріне идеологиялық жақын мазмұн мен композицияларды өз бейнелеу өнеріне қабылдаған. Жолбарыс, жолбарыс грифондарын ғұндар қолөнерде бейнелемеген, оларда сондай-ақ нүкте, үтір, жақша және аң, жануарлардың денесіндегі бұлшық еттеріне салынатын элементтер мүлдем кездеспейді”- дейді.

Сақтардың ғасырлар бойы қалыптасқан “аң стилі” бүгінгі күні қолөнерде қолдануы қиынға түседі. Бұл мәнер орта ғасырда қолданыстан шығып қалған.

Қолөнер шеберлері бұйымды ойып, қиып, жонып жасаудан басқа , олар сол сияқты сұңғат өнерін жоғары деңгейде меңгеруі тиіс. Ондай

бірнеше өнер түрін меңгерген білікті шеберлер бүгінгі күні жоқтың қасы. Ал, сақ шеберлері жасаған қолөнер бұйымдары олардың білікті суретші болғанын дәлелдей түседі. Олар өз тотемдерін түрлі нұсқада әсерлеп бере білген. Еуразия құрлығында өмір сүрген сақтардың (скиф) заттарында бейнеленген тотемдер аң аулау, соғыс кезінде магиялық әсер етіп, олардың жауды жеңуіне тотемдер септігін тигізеді деп ұққан. Андерсон, В.В. Гольмстен және М.П. Грязнов: "сақтардың бейнелеу мәнерін мифтік аң мен жануарлардың символдық мазмұныны білдіретін тотем деп түсіндіруге тырысты". Ал, С.В.Кисилев пен Н.Я.Март: "Рулық қоғамның құлдырау тұсында көшпелілердің тотемдерінің образдары бір тұтас композицияға айналды" деп тұжырымдайды. Тотемдердің көшпелі ұғымында қалыптасуы рулық жүйеге қатысты болмады. Олардың дүниетанымындағы бұл құбылыс табиғатқа етене жақын өмір сүріп, ішкі рухани жағдайының әсерінен туған дүниелер.

Сақ(скиф) бейнелеу өнері жоғарғы деңгейде дамығанын көне ескерткіштерден көреміз. Алтайлықтарға тән грифтердің сан алуан түрлері мен космогониялық, геометриялық, зооморфтық таңбалар бейнеленген қолөнер бұйымдары сақ (скиф) өркениетті мемлекет болғанын анықтай түседі. Тұскиіздер мен сырмақтарға бейнеленген композициялар, ат - әбзелдердің көркемделген әшекей салпыншақтардағы "аң стилінде" кескіндер бүгінгі күні баға жетпес мұра және өткен ғасырдан ақпарат беретін мәдени шежіре.

1.3. САҚ ТӘНІНДЕГІ ӘШЕКЕЙ (ТАТУИРОВКА)

Сақ тайпаларының көне ескерткіштері б.з. XIX, XX ғ.ғ. жүргізілген архелогиялық қазба жұмыстары кезінде табылып, жалпақ әлемге танылды. Сол көне ескерткіштер сақтар (скиф) өмірінен көптеген мағлұматтар алуға себепкер болды. Кескіндеме және бейнелеу өнерінің жасалу тәсілдері кімді де болсын тамсандырып, ерекше әсер қалдырады. Орта Азиядан Қара теңізге дейінгі аймақты мекен еткен тайпалардың бейнелеу өнері мен қолөнері, дәстүрі, дүниетанымдары бір тектес. Оған сақ (скиф) дәуірін зерттеген Н.Я.Бичурин, С.В.Кисилев, М.П.Грязнов, С.И.Руденконың еңбектері айғақ бола алады. Таулы Алтайлықтар өз қорғандарын жылдың төрт мезгілінде де мұз басып жатқан жерде тұрғызып, беткі қабаттарын өзіндік әдіспен жапқан. Мұндай тәсіл көне заттардың ғасырлар бойы сақталып қалуына септігін тигізді. Қорғандардан табылған мәйіттер зерттеліп, сол кезде өмір сүрген адамдар туралы көптеген мәліметтер алынды. Бұл аймақта еуропалық және моңғол нәсілдес тайпалар да өмір сүрген. Олардың

бет-бейнесі мен тілдерінде диалектілік өзгешеліктер болғанымен, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, бейнелеу өнері мен қолөнерінде айырмашылық жоқ деуге болады. Олар қолөнерде өзіндік бір қайталанбас тәсілдерді қолданып бізге мұра қылып қалдырды.

Таулы Алтайдағы II Пазырық қорғанынан табылған ер адамның мөйітіндегі әшекейлі нақышты (татуировка), сол кездегі тайпалардың бейнелеу өнеріндегі ерекшелік деп айтуға болады. Мөйіттің денесіне адам қиялынан туған құс, аң, жануарлардың бейнесі ерекше көркемделіп салынған. Археологтар мұндай ғаламатты сақ қорғандарынан бұрын-соңды кездестірген емес. Рас, эскимостар мен хакастар түрлі-түсті бояумен боялған, оюланған маскілерді пайдаланған. Ол маскілер кескіні европалық және монғол тұрпатты болып келеді. Монғол кескінді маскілерде көздің үстіңгі қабаты дөңестеніп, ісініп тұрады. Ондай маскілер Уйбатта, Хакасиядағы Таштық қорғандарынан табылған мөйіттің басынан алынған. Ал, II Пазырық қорғанынан табылған ер адам екі қолына, жауырынына және омыртқа тұсына ұзыннан ұзақ нүктелер және аң мен жан-жануарлардың қиялдан туған бейнелері салынған. Ғалымдардың тұжырымдауынша бұл дөңгелек нүктелердің денеде бейнеленген суретке қатысы жоқ.

Таулы Алтай тайпалары сол кездің өзінде денедегі нерв нүктелерін инемен емдеуге қол жеткізген тәрізді. Олар ауруды емдеуді шамандар мен бақсылардың көмегімен ғана емес, медициналық жолымен де жүзеге асырған деуге толық негіз бар. Оған мөйіттің денесіндегі нүктелер дәлел болады. Теріні нақыштап сурет салу Сібір тұрғындарының ішінде Эскимостар мен Хантыларда кездеседі. Мөйіт денесіне салынған әшекейлі нақышта мүйізді аң бейнеленген. Тісі ақсиып, аузы арандай ашылған құс тұмсық аңның құйрығы ақ пен қара түспен бунақталып салынған. Аңның тырнақтары қара бояумен айшықталған. Ал, құстың тұспалданған бастары аңның желкесіне тізбектеліп салынған. Анықтап қарамаса бұл бейнеленген құстардың басы үш жапырақты гүлге ұқсайды. Қиялдан туған бейнелерді сақ шеберлері жолбарыс, бүркіт, бұғы тәрізді етіп ұтымды үйлестірілген.


Сақ (скиф) шеберлерінің өмірде жоқ қиялдан туған қорқынышты құс, аң, жануарларды бейнелеу мәнері б.з.б. VIғ.ғ. дейін сақталды. Олар бұғының әр қырынан, тура, егіз салынған немесе мүйіздері стилизацияланған түрлі нұсқадағы бейнесін көп қолданған. Қатанды қорғанынан былғарыдан ойылып, алтынмен апталған бұғының басы табылған. Олар ер тоқымға сән беру үшін екі тұсына салпыншақ болып ілінген. Онда бейнеленген бұғының көзі әдеттен тыс шеңберленіп, құлақ тұсы мөлшерден тыс үлкен болып ойылған. Мұндай бейнелеу

тәсілін Орта Азия, Сібір аймақтарында өмір сүрген тайпалардың барлығында дерлік қолданған. Осындай нұсқадағы бұғы бейнелері ер адамның денесіне салынған. Екі бұғының суретімен қоса мәйіттің оң аяғында арқар мен таутеке бейнеленген. Бұл суреттер алтайлықтардың бейнелеу өнерінде ең көп кездесетін жануардың мифтік нұсқасы. Мәселен, олар арқардың мүйізін қара түспен беріп, ай бейнелі ақ нақыштармен көркемдеген. Мойын тұсындағы қара өңге жалындатып сегіз ақ түсті ирек жолақтар салып, тұяқтарын оюлармен безендірген. Денесі мен артқы аяғы шартты түрде салынған.

Сақ (скиф) шеберлері құс, аң, жан-жанурлардың шынайы бейнесін емес, мифтік суретін салған. Олар адамға философиялық ой тастап, ерекше сезім тудырады. Сақ шеберлері салған бейнелерде олардың сенім-нанымдары да көрініс тапқан. Олар арқардың басы, мойын тұсы мен алдыңғы тұяғына дейін айды, жұлдызды, отты бейнелейтін космогониялық таңбалар салса, денесін бұлтпен үйлестіріп, арқарды ұшып бара жатқан төрізді етіп көрсетеді.

Ер адамның оң қолына бейнеленген құс төрізді ауызы арандай ашылған аң аспанға қарап улып тұрғандай әсер қалдырады. Оның желке тұсынан оюланып салынған қанаты мен артқы екі аяғы және құйрығы қара түспен боялып, ішіне айдың нұсқасы ақ түспен бейнеленген. Аңның тырнақтары толқынды сызықтармен салынған. Ежелгі скифтер мен Таулы Алтайлықтар тұмсығы құс тұмсықты аңдар мен жан-жануарлар бейнесін өз қолөнерлерінде көп пайдаланған. Мәселен, ер адамның оң қолына салынған әшекейлі нақышта құстұмсықты, құлағы ұзын аң мүйізінің үстіңгі жағына ұсақ құстар бейнесі тізбектеліп, алдыңғы тұяғындағы қара түске “үшбұрышты” геометриялық ақ түсті оюлар салынған. Ал, құйрық жағы қарамен боялып, ақ нүктелер мен әшекейленген. Сол қолына аңның нобайы ғана сызылған. Бұғы төрізді етіп салынған аңның жалына ұсақ құстардың басын бейнелеген. Ал, оң аяғына балық және іркес-тіркес шауып келе жатқан төрт арқар мен таутеке көрініс тапқан.

Археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған көне ескерткіштерде адамның денесінде бейнеленген қиялдан туган суреттер түрлі нұсқада кездеседі. Сақтар негізінен нақышты суретті (татуировканы) өз батырлары мен көсемдерінің денесіне салған. Ер адамның денесіндегі нақышты бейне-батырлықтың белгісі болып табылған. Геродоттың деректеріне сүйенсек, төнді нақыштау әр елде әр түрлі символдық ұғым береді. Геродот “терідегі әшекейлер тектілікті білдіреді, ал ондай әшекейлері жоқтар текті болып есептелмейді” - дейді, Ксенфонттың пікірінше Моссиниктар арқасы, кеуде тұстарына түрлі түсті суреттер



7-сурет. Сақ (скиф) көсемінің денесіндегі татуировка

салған Помпония Мельдының деректерінде: "агафиристердің денесі мен бетіне бейнеленген суреті арқылы, оның қай тапқа жататын анықтауға болады"- дейді. Денеге нақышты сурет салу дәстүрі алтай тайпаларының ішіндегі динлиндерде кездеседі. Денесіне әшекей салынған адамды бір тайпаның көсемі, батыры болған деп айтуға болады. Ежелгі адамдар көсемнің денесіндегі әшекейлі нақыштар оған ерекше сиқырлы күш береді деп сенген.

Корлисс Ламонт бұл тұрғыда былай дейді: "кереғар әлемнің мінез-құлқын ашудың әрекеті болса да болашақ күннің салауаттылық мазмұнын ашуға талпынған барлық суреттерді нақты өмірдегі сұлулықты сезіну деп бағалау ләзім". Денеге түрлі мифтік ұғымдағы аң мен жануарлардың суретін салу туралы Зигмунд Фрейд: "Көптеген тайпалар жануарлардың суретін қасиетті санап, өз қару-жарақтарын сонымен безендірген"- дейді. Ғалымның пайымдауынша, ежелгі адамдар тотем адамға неғұрлым қорқы-

нышты сезім тудырса, ол тотем көсемді, тайпаны тылсым күштерден қорғайды деп сенген. Сондықтан сақ тайпалары өз бейнелеу өнерінде қиялдан туған өмірде жоқ қорқынышты бейнелерді көп салған. Көсемнің денесіне салынған мифтік тұрғыдағы жануарлар мен аң-құстардың сиқырлы “тылсым күші” ғалымдардың қызығушылығын туғызғанымен, бүгінгі күнге дейін ол құпия болып қалуда. Соған қарамастан біраз ғалымдар бұл тұрғыда өз пайымдауларын білдіруде. Мәселен, П.С.Гуревич: “Табиғи-ғылыми айғақтарға қауқар көрсете алмайтын діннің теориялық әлсіздігі жаңа бір құдіреттің қажеттілігін тудырады. Тылсымды оқиғаларға түсінік айтылмаған жерде ол өз күшіне мінеді”-дейді. Сондықтан сол кезде пайда болған зороастризм дініне табынған ежелгі адамдар өздерінің қорғаушысы ретінде құстың тырнақтарын, аңдардың тістерін, қойдың сүйектерінен жасалған тұмарлар тағатын. Ежелгі адамдар бұл заттардың магиялық күші бар деп сенген.

Сақ шеберлері бейнелеген аң-құстары, жан-жануарлардың бейнесі адамды бей-жай қалдырмайды. Жыртқыш аңдардың ауыздары ашылып, тісі ақсиып жануарларға атылған қаһарлы кейіпте бейнелеген. Сақ өнерінде ұсақ құстардың бейнесі кездеспейді. Көшпелілердің негізгі кәсібі мал шаруашылығымен тығыз байланысты болғандықтан бейнелеу және кескіндеме өнерінде қой мен ешкі түрлі нұсқада берілген. Сақ тайпалары малдарын құрбандыққа шалғаннан кейін, сүйектерін лақтырып тастамай өртеген. Ал, көшпелілердің дүниетанымында арқар мен таутеке береке, бақыт әкеледі деген ұғымды білдірген. Көсемнің денесіне салынған суреттердің барлығы дерлік белгілі бір рәміздік ұғымды білдіреді. Денеге мұндай татуировка бейнеленген сақ көсемі Пазырық обасынан алғашқы рет табылған.

2. САҚТАРДЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІ

2.1. САҚТАРДЫҢ КИІМ ҮЛГІЛЕРІ

Қазақтарға тән киім үлгілері орта ғасырдан бастап қалыптасса, оған дейінгі кезеңдерде өмір сүрген сақ (скиф), түркі киім үлгілерінің нұсқасы туралы деректер аз. Сақтардың (скиф) б.з.б. VIII- I ғ.ғ. киген киімдерін кілем, түскиіздерден және көне ескерткіштерден көруге болады. Сақ (скиф) тайпа көсемдерінің туыстары мен қарапайым скифтердің киім үлгісінде дәстүрлік жергілікті ерекшеліктер сақталған. Ондай аймақтық ерекшеліктер орта ғасырдағы қазақтардың киім

үлгісінде де кездеседі. Көсемдер мен ауқатты скифтер киімдерін бағалы аяқ терісі мен жоғалы сапалы маталардан көркемдеп, өшекейлеп соңғы үлгіде тіккен. Ал, қарапайым сақтар бастарына киізден конус тәрізді бас киім, денесіне шақтал пішілген тізесіне дейін жететін бешпент киген. Сақтардың (скиф) көпшілігінің шалбарлары да денесіне шақтап тігілгенін көне ескерткіштерде бейнеленген. Сақ кезеңінде қоғамда иерархиялық жүйенің қалыптасқаны олардың киім үлгілері мен жерлеу рәсімінен көреміз. Сақ көсемдеріне жерлеу рәсімі кезінде киетін арнайы салтанатты киімдер дайындалған.

Археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған жәдігерлерде сақ киім нұсқалары көбінесе біркелкі өшекейленбеген қарапайым үлгіде берілген. Сақтардың (скиф) барлығына ортақ киім үлгісінде көркемделіп салынған ою - өрнектер немесе алтын безендіргіш заттар мен түймелер кездеспейді. Сондай-ақ антикалық авторлар және парсылықтар өз жазба деректерінде сақтардың (скиф) конус тәрізді құлақпен желкені жауып тұратын бас киіміне көп тоқталған. Бұл сақ киім үлгісіндегі өзіне тән басты ерекшелігі болу керек.

В.В.Радлов, М.П.Грязнов, С.И.Руденко Таулы Алтай қорғандарынан археологиялық жұмыстары кезінде сақтардың киім үлгілерін тапты. Батыстағы сақтар (скиф) азиялық сақ массагет тайпасының киімдері ұқсас болды. Ал, Таулы Алтай обаларынан табылған киім үлгілерінен олардың әр түрлі болғанын көреміз. Алтайлықтар алдыңғы Азиялықтардан қымбат бағалы маталар, қытайдан жібек маталар, ал үнді мұхитынан моншақтар, бисер мен бирюзаларды сатып алып отырған. Киім - кешектің тігілу жағынан сан түрлі болғанымен, оларға бейнеленген ою-өрнек мәнері сақ (скиф) тайпаларына ортақ болған. Сақтардың б.з.б.VIII - I ғ.ғ. кейбір киім нұсқалары Сібір, түркі типтес халықтарында қазірде кездеседі. Сол киім үлгілері сақ (скиф) мәнерінің негізін сақтап қалды. Ал, Таулы Алтай киім үлгісін Шығыстан Батысқа қарай тараған деп ғалымдар тұжырымдайды.


Сібір, Орта Азиядан бастап Қара теңізге дейінгі сақтардың киімдері өмір сүрген ортасына байланысты тігілді. Олар жыртқыш аңдар мен құндыз, тиіннің терілерінен тондар тікті. Ал, аяқ киімдерінің өкшесі мен тұмсығы былғарыдан жасалып, қонышы бұғы не аяқ терісінен жасалған. Бұл аяқ киім қазірде Сібір азшылық халықтарында кездеседі. Ежелгі тайпалардың негізгі кәсібі мал бағу, аяқ аулау болғандықтан, олардың терісі мен жүндерінен қажетті материалдар жасалды. Обаларда табылған киімдердің маталарының түрлерін анықтау үшін археологтар көптеген зерттеулер жүргізіп, олар ежелгі киім үлгілерін қайтадан қалпына келтірді. Жартасқа салынған

бедерсуреттен, құмыра (алтын, қола) мен пластинаға (алтын, сүйек) бейнеленген сақтарға (скиф) қарап, олардың киім түрлерін анықтадық.

Көсемдерге арнайы тігілген тонның астарына аң терілері салынып, сыртын жібек матамен тыстап, оның тігістерін жөргемдеп тіккен. Ол шапанға сән беру үшін оған аң стиліндегі алтын қаңылтыр әшекей мен түймелер қадаған. Сондай-ақ көзелмен (жұқа былғары) тысталған шапандар да көп табылды. Ол киімдер әдемі болу үшін “аң стилінде” және стилизацияланған күрделі ою-өрнектер бастырма (апликация) тәсілімен салынған. Ауқатты сақтардың (скиф) киім үлгісі қарапайым, жауынгер сақтардың киімдеріне қарағанда ұзын болып тігілді. Тондар мен шапандарды көркемдейтін тотемдер әшекей ретінде салынды. Карл Вэле: “Ұзын шапан беделді адамдарға ғана арнайы тігілген. Ондай киім киген адам өзін сабырлы ұстап, жүгіріп, секіре алмайды. Мұндай ұзын шапан беделді деген рәміздік ұғымды білдіреді” - дейді. Сондықтан әшекейлі ұзын шапандарды тайпа көсемдері мен елге танымал сыйлы адамдар киген.

Чертомылық және Солохо, Күл - Оба қорғандарында сақтар (скиф) өмірінен түрлі көріністер бейнеленген амфоралар табылды. Құмыраға бейнеленген киім нұсқасы Орта Азия сақтарына (скиф) тән мәнер. Қатардағы сақтар жұқалап иленген киіз бен былғарыдан киім тігіп киген. Олардың киіміне әшекейленген элементтер салынбаған. Сақтар бешпент пен шалбарды денесіне шақтап тігіп, аяғына былғарыдан қонышы қысқа, ал басына желкесі мен құлағын жауып тұратын төбесі үшкір қалпақ киген. Ежелгі киімдердің нұсқасы ғасырлар бойы өзгеріске ұшырағанымен негізгі сақ мәнері қазірде сақталып қалды.

Ресей ғалымдары Таулы Алтай қорғандарынан табылған тайпа көсемдерінің және олардың жан ұяларының киім-кешектерін көшпелілерге тән киімдер емес деген тұжырымдамалар жазды. Ал, сол қорғандарда табылған жоғары сапалы маталарды Ассирия, Мидия, Вавилон, яғни ахемедтерден келген деп жобалаған. Ғалымдардың зерттеулерін сараптай келе бұл тұжырымның негізсіз екеніне көз жеткізуге болады. С.И.Руденко басында жергілікті жерде жоғарғы деңгейде дайындалған маталар Ассирия мен Вавилонда, Халдееде жасалған десе, кейінгі зерттеулерінде С.И.Руденко “Таулы Алтай өңірінде жоғарғы сапалы маталардың түрлері тоқылған” - дейді. Сондай-ақ ғалым жоғарғы сапалы маталардың Алдыңғы Азияда да тоқылатынын айта кетеді. Бұл жерде жергілікті байлардың киім үлгілеріне көп көңіл бөлгенін және Халдее мен Ассирияда мата тоқу технологиясы өте жоғары екенін жазады. Сонымен қатар, сапалы



8- сурет. Фрак киген сақтар

мата тоқып, оның өрнегін көркемдейтін кесте шеберлерін өте жоғары бағалаған римдік кезеңімен салыстырады “антикалық кезеңдегі шеберлердің қолөнер жұмыстары алтынмен бағалантын. Ондай вавилон немесе парсы маталарының біріде - бірі қазір сақталмаған. Ондай маталар тек Таулы Алтай өңірінен табылып отыр” - дейді. С.И.Руденко:” Алдыңғы Азия маталары еш жерде бүгінгі күнге дейін табылмаған. Таулы Алтайда табылған маталар б.з.б. I ғ.ғ. белгілеп, бұл біз үшін үлкен ғылыми жаңалық “- дейді.

Алтайлықтардың киізден жасалған бұйымдары, кілемдері және жоғарғы сапалы матадан тігілген киімдері жергілікті жерде дайындалғаны зерттеушілермен дәлелденген. Табылған бас киімдер мен шапандардың маталары мен тігу әдіс-тәсілдері бір. Киімдерді әшекейлеуге қолданған ою-өрнек мәнері мен былғарыдан ойылып, алтынмен қаптап жасаған түймелерді қолдану сақтарға (скиф) ғана тән мәнер. Ассирия, Вавилон, Мидия елдерінің жоғары сапалы маталары мен кестелеу мәнері археология қазба жұмыстары кезінде



9-сурет. II Пазырық
шапаны



10-сурет. Басына
қасаба, үстіне манто
киген сақ әйелі

табылмаған. Сақ (скиф) киім үлгілері мен қолөнерінде қолданған ою-өрнек элементтері мен түрлі сападағы маталар жергілікті жерде дайындалған. Таулы Алтай обаларынан табылған киім нұсқалары мен қолөнер туралы С.И.Руденко, өз ғылыми зерттеулерінде жергілікті сақ (скиф) шеберлердің мәнері деп жазады.

Ежелгі сақтардың (скиф) киімдеріне, жоғары сапалы мата түрлеріне берген ғалымдардың сараптамасынан, бұл киім үлгілерінің тігілу

мәнері Шығыстан Батысқа қарай ауысқанына көз жеткіземіз. Мысалы, соңғы екі ғасырда сән киімдерінің біріне айналған фрак - Алтай өңіріндегі Қатанды қорғанынан табылған. Көшпелілердің фракінің тігілу үлгісінде өзіндік ерекшеліктер сақталған. Құндыз терісінен тігілген фрактың сырты қоңырқай күдерімен (зампамен) тысталған. Фрактың жеңінің шеті, иғы және оның барлық тігістерінің үсті былғары жолақпен көмкерілген. Жолақтың үстіне қалың былғарыдан ойылып, оның сырты алтынмен қапталған түймелер тізбектеліп қадалған. Ондай жіңішке жолақтар фрактың арқасында екі доға сызық жасап тігілген. Егер бізге дәстүрлі түрде өмірімізге енген фрактың алдыңғы жағы белге дейін, ал артқы тұсы тізеге дейін екі бөлініп түсіп тұрса, Қатанды қорғанынан табылған фрактың алды белге дейін, ал арқа тұсындағы мата табанына дейін түсіп тұр. Бұл киім үлгісін Таулы Алтай өңірінде өмір сүрген жергілікті тұрғындардың мәнері деп қарауымызға болады. Еуропалықтарға фрактың тігілу үлгісі алтайлықтардан ауысуы әбден мүмкін. Көсем фракты киіп аттың үстіне отырғанда, фрактың артындағы өкшеге дейін түсіп тұрған сұламасы аттың құйрығын жауып тұрады. Фрак киген салт- атты сақ(скиф) атымен қоса сәнді көрінеді. Сақтардың ерекше үлгіде тігілген бұл сырт киімі адамды ғана емес, фрактың артындағы сұламасы аттың құйрығын жауып ерекше сәнді етіп көрсетеді.

Өте жоғары мәнерде тігілген ерлердің сырт киімі Қатанды қорғанынан табылды. Салтанатты жиындар мен мейрамдарда ғана киетін шапан көркемделіп тігілген. Оның төртбұрышты элементтері құрақ әдісімен жалғанып тұтас өрнектің композициясын жасап тұр. Шапанның сырты жасыл түске боялып, қызыл былғары жолақтарын әдіштеп тіккен. Ал, жеңінің жиектері және иық тұсына қалың



11-сурет. Қатанды шапаны

былғарыдан құрақ әдісімен төртбұрышты элементтерден ою-өрнек тұтас тігілген. Шапанға үшбұрыш, доға жолақтар салынып, оның сыртына алтынмен қапталған түймелерді тізбектеп қадаған. Шапанға тігілген геометриялық элементтер бір тұтас өрнек композициясын жасап, ерекше сән береді. Ал, II Пазырық қорғанынан табылған бешпенттің іші құндыздан тігіліп, сырты жұқа былғарымен қапталған. Былғарының үстінен қайыс жіппен тігіп, көктеген. Шапанның сыртына бастырма (апликация) тәсілімен былғарыдан ойылған бұғының басы салынған. Оның мүйіздері шапанның жауырынынан бастап етегіне дейін ұзынан-ұзақ салынған. Бұғының ұзын тармақталған мүйізіне ұсақ грифон бастары тізбектеліп қондырылған. Ал, бұғы мен грифтердің көздеріне алтын дөңгелек түймелер қадалған. Грифтердің бастарын киімге сақ шеберлері магиялық әсері бар деп тотем ретінде тіккен. Киімдегі басты ерекшелік, бұғының мүйізінің әдеттен ұзын болып бейнеленіп, оның тармақтарына грифтердің стилизацияланған элементтерінің салынуы. Тармақталған бұғы мүйізі мен грифтердің көзіне алтын түймелер қадалған.

Таулды Алтай обаларынан табылған киімдерге бейнеленген композиция бір-бірін қайталамайды. Алтайлықтар жабайы сиыр турдың мүйізінің стилизацияланған түрін әшекейлеуде түрлі мәнерде көп қолданған. Шапанның етегіне жиектеп турдың стилизацияланған мүйізі салынған. Шапанның екі жағы аң терісімен қапталып, көк түске боялған. Алтайлықтардың бұл киімін көркемдеуде ежелгі шебердің эстетикалық талғамына өте жоғары баға беруге болады.

Бұл жерде таңдап алынған аң терілері, оның киімнің екі жағына салынып көк түске боялып, шапанның өне бойына бұғының тармақталған мүйізімен аралас гриф пен турдың стилизацияланған мүйізін қолдану терең философиялық мағына жатыр. Киімде бірде-бір артық деталь қолданбаған. Ежелгі шебердің мұндай біліктілігіне бүгінгі күннің сәнгерлерінің өзі тамсанар еді. Ежелгі авторлардың сақтардың (скиф) ерлері мен әйелдерінің киімдері бірдей болған деген деректерін археологтар жоққа шығарды. Оны Таулы Алтайдан табылған киім үлгілерінен көреміз. Обалардан ерлердің сырт киімдерінен басқа, әйелдердің де көркемделіп тігіліп, алтын қаңылтыр әшекей заттармен қапталған өте сәнді тоны табылған.

Батыс Еуропада сәнге айналған әйелдердің мантиясын сақ әйелдері б.з.б. киген. Бұл мантия V Пазырық қорғанынан табылды. Оның нұсқасы сақтардан Еуропаға ауысқан деп айтуға болады. Әулетті адамдардың арасында сәнге айналған киімдердің тарихы сонау сақтардан бастау алады. Астары тиіннің терісінен тігілген мантияның етегіне

қара тайдың терісі әдіптеп салынған. Манто үш бөліктен құралып тігілген. Әр бөлігінің тігістерінің үстінен жіңішке былғары жолақтар жүргізілген. Тонның үстіне түгелдей күрең қызыл былғарыдан ойылған қораздың айдары мен алтын қаңылтырдан жасалған әшекей заттар бастырма тәсілімен тігілген. Мантоны өрлеу үшін негізгі екі элементті қолданған, ол қораз бен қойдың басы. Алтайлықтардың түсінігінде қораз жың - шайтандарды қуады деген ұғымды білдірсе, қошқар бақыт-берекені тұспалдайды. Оған қосымша өсімдік типтес лотос элементтері салынған. Мантоның түймесі жоқ, бірақ оның орнына сақ шеберлері кеуде жапқыш тіккен. Кеуде жапқыштың астары құндыз бен тиіннің терісінен аралас тігілген. Оның бетіне тур мүйізі мен лотос гүлінің күрделі элементтері бастырма (апликация) әдісімен көркемдеп салынып, қосымша алтын түймелер қадалған.

Сақ (скиф) шеберлері сырт киімдерін ғана емес, шұлық, аяқ киімдеріне дейін көркемдеп тіккен. Кестелеу, ою-өрнек салу мәнерінде эстетикалық жағынан жоғары сапалы заттар жасау шеберлердің біліктілігін көрсетеді. Алтайлықтар шұлықтарын бисер моншақтарымен өрнектеп тігіп, Орта Азияда кеңінен қолданған пиритпен де әшекейлеген. Ал, аңның қымбат терісінен тігілген ішіктерді алтыннан жасалған түймелермен сәндеген. Алтын түймелер қадалған тондар ұзаққа шыдап, тез тозбайды және өте сәнді көрінеді. Ішіктің сыртын жібек матамен тыстап, оның етегін құндыз, тиіннің терілерімен әдіптеп тіккен. Мұндай үлгідегі тонның үстін жөргемдеп тігіп (үстінен алып тігу) тастайды. Шапанның сыртқы матасы аң терілерінің отырып, созылып кетпеуі үшін жөргемдеу тігісі (үстінен алып тігу) бір қалыпты ұстайды. Кестелеу, ою кәсібін білікті меңгерген шеберлер Таулы Алтайда жеткілікті болғаны табылған киімдерден көреміз. Патша, тайпа көсемдері мен олардың туыстарының киімдері қарапайым сақтардан ерекше үлгіде тігіліп, оның сыртына “аң стиліндегі” түрлі композициядағы сюжеттер салынды. Осы киімдерге еркше сән беру үшін алтын әшекейлер мен түймелер, сондай-ақ боялған былғарыдан стилизацияланған ою-өрнектер салынды.

II Тұяқты қорғанынан табылған шалбардың оң мен сол жақтарына 10 см жалпақ қара құлынның терісі тігіліп, оған 2 см алтынмен апталған қаңылтыр тігілген. Бұл шалбар ауқатты сақтікі болғанымен тұтас тік төртбұрышты құрақтардан жалғанып тігілген. Ондай құрақтардың саны 400 - ге жуық.

Алтай шеберлері сырт киім болсын, сондай-ақ шалбар мен шұлықтарын қарадүрсін тіге салмай көркемдеген. Киімге жүргізілген тігістер боялған жүннен жасалған жіптермен көркемделіп тігілген.

Олар шапанның астары жылжып кетпес үшін қабу тігісін(жапсырып тігу) қолданған. Киім тігуде боялған жүн жіптерден басқа, аттың қылын және кептірілген жануардың ішегінен жасалған жіптерді де қолданған. Әшекейлеуге көбінесе алтын қаңылтыр әшекейлер мен ұсақ моншақтар (бисер, пирит) немесе ағаш, қалың былғарыдан жасалған алтынмен қапталған түймелер қолданған.

Сақтардың (скиф) киім үлгілері туралы алғашқы деректерді Геродоттан аламыз. Оның пікірінше Қазақстан топырағында мекендеген сақтар (массагеттер) барлық заттары әшекейленген, сондай - ақ киімдерінің өзіне тән үлгілері болған. Мысалы, киізден жасалған төбесі шошақ бас киімі, ұзын шапаны мен көннен жасалған жұмсақ аяқ киімдері әшекейленген. Геродот:"Олардың барлық заты алтын мен мыстан жасалған, жай металдан істелген бөлшектері, оғы, айбалталары. Бас киіммен белдік әшекейлері түгелдей алтыннан істелген. Сондай-ақ ат омырауындағы өмілдіріктер де мыстан соғылып, жүген-сулығы, ауыздығы т.б. бөліктері түгелдей алтынмен өрнектеліп, безендірілген"- дейді.

Орта Азия сақтары бейнеленген бедерсуретте конус тәрізді бас киім, тізеге дейін түсіп тұратын бешпент және аяқтарына қысқа былғарыдан етік киген. Сақтар шалбарларын денеге шақ етіп тігіп, тізеден немесе тобықтың үстінен жіппен байлап қояды. Амудария көмбесінің алтын қаңылтырында бейнеленген көріпкелдің үстінде осы типтес шалбарды көруге болады. Геродоттың деректерінде ежелгі сақтардың балгерлері шыбықтарға қарап бал апатыны жазылған. Бұл суреттегі сақтың қолында қысқа 6 шыбық ұстап бейеленген. Балгердің үстіндегі киім үлгісін Орта Азия сақтарына жатқызамыз. Бұл киімнің нұсқасы Бехустин бедерсуретінде тиграхауд сақ Скунханың киіміне ұқсас. Келесі екі киім көзел (жұқа былғары) мен киізден тігілген. Сақтар (скиф) мәсіге ұқсас қысқа қонышты былғары етік киген. Оларда бас киім мен аяқ киімнің үлгісінің санаулы ғана түрін кездестіреміз.

Сақтардың (скиф) бас киімнің екі түрлі үлгісі сақталған. С.И.Руденко:"Аң терісінен немесе киізден жасалған құлақты толық жауып тұратын малақай мен төбесі конус тәрізді тігілген былғарыдан жасалған түрлерін Қара теңіз жағалауындағы сақтар (скиф)киген. Бұл деректер Страбонның жазбаларында берілген. Сондай - ақ кейбір сюжеттерде сақтардың (скиф) оң жағының иық тұсына қапсырмамен бекітілген қысқа күдері (замша) плаштар да кездеседі"-дейді. Страбонның былғарыдан жасаған плащ туралы деректерін, біз V Пазырық қорғанынан табылған тұскиіздегі "құдай әйелге" қарама-қарсы

бейнеленген бұйра шашаты, қара мұртты жауынгердің иығынан көреміз. Оның денесіне шақ қылып тігілген көк түсті бешпенттің сыртында қысқа плашы желбіреп тұр. Бешпент сақ(скиф) мәнермен сол жаққа қайырылып түймеленген. Оның етегі мен тік жағасының жиектеріне стилизацияланған өрнектер салынған. Оның аяғында Орта Азиялықтарға төн қонышы қысқа былғары етік киілген. Мұндай киім үлгілерін Күл-Оба амфорасы мен Чертомылық қорғаныны табылған күміс ыдыстан көреміз. Садақ ұстап, басына конус төрізді бас киім, тізеге дейін бешпент киген сақ бейнеленген. Мұндай киім нұсқалары парсылардың тасқа түсірген бедерсуреттерінде көрсетілген. Соған қарағанда бұл киім үлгісі сақтардың барлығына ортақ болған төрізді. Орта Азиялықтардың киім нұсқасын көне ескерткіштермен, жартастарға салынған барельефтерден ғана көре аламыз. Ал, Гиллократ: " сақтар (скиф) қысы-жазы киген киімдері бірдей"- деп жазады. Таулы Алтай сақ тайпаларында кездесетін аң терісінен тігілген түрлі ішіктердің үлгілері Орта Азия бедерсуреттерінде кездеспейді. Алтай обаларынан табылған киімдер көсемдер мне олардың туған-туыстарының арнайы киім үлгілері болғанын дәлелдейді. Көсемдерге, патшаларға арнайы жерлеу рәсіміне қатысты салтанатты киімдер тігілген. Ондай киім үлгісін Есік қорғанынан табылған алтын адамның үстінен көреміз.

II Пазырық қорғанынан табылған ұзындығы 104 см, ені 44,5 см ақ жейденің дәл ортасын кендір жіппен тіккен. Ал, жейденің төменгі екі жағына үшбұрышты құрақ жалғанған. Жейденің барлық тігістерінің үстінен қызыл түсті жүннен жасалған жіппен көркемделген тігіс жүргізілген. Пазырықта табылған жейденің нұсқасының мойын тұсы кең пішіліп, жаға салынбаған. Жейде ұзын болғанымен ені тарлау болып пішілген. Бұл жейденің нұсқасы ертеректе Ноин - улада табылған. Жейденің мойын тұсы мен кеудесінде жасалған қиынды Ноин-ула жейдесінде, Керч террактотокасында киімде де осы мәнер қайталанады. Орта ғасырда жейденің бұл үлгісін қазақтар сақтар сияқты ақ матадан тігіп киген.

Жоғарыда айтылған киім үлгілері мен оларға бейнеленген ою-өрнек жергілікті мәнерде жасалған. Бұл бейнелеу мәнері сақтардың тұрмыста қолданған бұйымдарының бәрінде кездеседі. Таулы Алтайлықтар ауа райының суық болуынан сырт киімдерін аң терісінен тіккен. Сондай-ақ шапанның ақ киізден екі қабаттап тігілген түрі III Қатанды қорғанынан табылған. Оның ұзындығы 1 м, иық тұсының ені 1,18, ал етегі 1,4 см. Жағасы кең қиылған. Шапанды сол жаққа қайырып арнайы жіппен байлаған. Шапанның жеңінің ұшы, жағасы, етек тұсы

мен арқасының ортасы көркем тігістермен өшекейленген. Қатанды шапанының екінші бір түрінің жеңдері тарлау пішіліп астарына құндыздың терісі салынған. Ал, шапанның үстіне қосымша басқа да аң терісінен жасыл мен қызыл түстен боялған аң терісінің құрақтары әдіптеп тігілген, ал оның үстіне алтынмен қапталған ағаш түймелер қадалған. Шапанды кигенде түймелер жарқылдап оған ерекше сән береді. Екіншіден құрақ терілердің үстінен түймелердің қадалуы жалғанған аң терісінің тігістері тез сөгіліп кетпеуіне септігін тигізеді. Шапанның иық тұсы тар пішіліп, етегіне қарай кеңейе түседі.

Сырт киімдерді өшекейлеуде “аң стилінен” басқа лотос гүлі кеңінен қолданған. Алтайлықтардың барлық бұйымдарын өрнектеуде лотос гүлі композицияны толықтырып тұрады. Лотос гүлі - Нил мен Гангада киелі өсімдік саналған. Бұл ою - өрнек Египет пен Ассирияда кеңінен қолданған. Лотос гүлі ою-өрнегінің элементі “мәңгілік өмір” деген рәміздік ұғымды білдіреді. Жоғарыда айтылған елдердің бейнелеу өнеріндегі лотос гүлінің жай түрі қолданады. Ал, алтай мәнеріндегі лотос гүлінің ою-өрнектегі күрделі нұсқалары ешбір елдерде қайталанбайды. Лотос гүлі алтайлықтардың киізден жасалған шұлықтары мен етіктерінің қонышының жиегіне салынған. Олар былғары етіктің табанына да бисер, пириттен ромб тәріздес ою-өрнектер тіккен. Мұндай аяқ киімді тек бай адамдар киюі мүмкін деген болжам бар. Сақтар (скиф) малдас құрып отырғанда табанындағы ою-өрнектер толық көрінеді. Көшпелілердің аяқ киімінің, шұлықтың астына өрнек салу басқа жерде кездеспейді, бұл алтайлықтарға ғана тән ерекшелік. Мұндай етік далада киіп жүруге жарамсыз. Көшпелілер өрнектелген былғары етікті киіз төселген жерде ғана киіп жүрген. Мұндай ұсақ бисер, пирит моншақтары Шібір азшылық халықтары өздерінің ұлттық киімдерінің бетіндегі геометриялық ою-өрнектерін өшекейлеу үшін қазірде қолданады.

Сақтардың (скиф) обалардан бас киімінің ерекше үлгілері табылды. Бұл бас киімдерді кейінгі дәуірлерде көшпелілер пайдаланды. Қазақтарда ерлердің малақайы мен әйелдердің пүлішпен емес, ағаштың сырты былғарымен қапталған бас киім түрі сақтарда пайда болған. Алтайлықтардың бас киімі қазба жұмыстары кезінде өте сирек кездеседі. Аналогі жоқ ағаштан жасалған әйелдің бас пішінімен дәл ойылып жасалған бас- киімінің үлгісі табылған. Оның әр тұсында 18,13 мм шеңбер тесіктер кездеседі, ал құлақ тұсын ойып алып тастаған. Төбесін былғарымен қаптап, ал ағашты айналдыра жұқа матамен жапсыра тігіп тастаған. Бас киімдегі ойылған тесіктер арқылы әйелдердің бұрымы сыртқа шығып тұрады. Бұл бас киімінің формасы сәл өзгеріп орта ғасырда қасаба деп аталып кетті. Сақ әйелдерінің бұл бас киімі

былғарымен қапталып, өрнек салынбаған. Сақ (скиф) бас киімнің нобайында артында әйелдердің желке тұсына түсіп тұратын мата болуы мүмкін. Ө.Жәнібеков: "Қазақтар қарқара, мұрық, айырқалпақ, қасаба сияқты эстетикалық жағынан әсем бас киімдер киген. Ал, ұзатылатын қыздың сәукелесіне лағыл, жақұт, інжу, маржан, перуза, ақық секілді бағалы тастар күміс шытырлар жаратылған сәкігүлмен кемер белбеу, кісе белдік таққан, ал шаштарына бойтұмар, шолпы таққан" - дейді. Сақ (скиф) әйелдері өрнексіз былғары қапталған қасаба киіп, ал шаштарына кестеленген шолпы таққан. Сақ әйелдері эстетикалық жағынан жоғары деңгейде жасалған зергерлік бұйымдарды, асыл тастардан көз салынған алқалар мен моншақтарды мойындарына таққан. Сақ (скиф) пен қазақ әйелдерінің арасында зергерлік бұйымдар мен киім үлгілерінде өзіндік айырмашылықтар болды. Соған қарамастан орта ғасырда қалыптасқан қазақ ұлттық киімдерге қарағанда сақтардың (скиф) киім үлгілері мен нақыштау мәнерлері әлде қайда талғаммен жасалған деп тұжырымдауға болады.

Ер адамның II мен III Пазырық қорғанынан табылған бас киімдері екі түрлі. II Пазырық қорғанынан табылған бас киімнің нұсқасы қалың киізден ойылып жасалған. Сақталған құрақтарға қарағанда, бұл бас киімнің төбесі үшкір, құлақты толық жауып тұрған. III Пазырық қорғанынан табылған бас киім дөңгеленіп тігіліп, құлақтың екі тұсынан төмен байлайтын жіп тағылған. Оның төбесіне былғарыдан жасалып, алтынмен қапталған сарай нұсқасы қондырылған. Бас киім жұқа киізден тігіліп, көзелмен (жұқа былғары) көмкерілген. Оң мен сол құлақ тұсында фантастикалық аңдардың ізін бастырма (апликация) тәсілімен тіккен. Бұл іздер қызыл, күлгін түске боялған. Мұндай көрініс Чертомылық қорғанынан табылған алтын пластинада бейнеленген сақ(скиф) - жауынгерінен байқауға болады. V Пазырық қорғанынан табылған қолына оюланған ағаш ұстаған "құдай әйелдің" көйлегі, бас киімі сол сияқты құдайға сыйынған екі әйелдің үстіндегі сәнді көйлектер мен обадан табылған манти, өрнектелген шұлықтар ежелгі сақ (скиф) мәнері екеніне көз жеткіземіз. Ерлердің киім үлгілері әйелдерден өзгеше үлгіде тігілгенін обалардан табылған киімдер дәлел болады.

Еуразия құрлығын мекендеген сақтардың (скиф) киім нұсқалары ақ терісімен көмкеріліп, алтын қаңылтыр мүсіндермен безендірілген қымбат ішіктер мен жоғары сапалы былғарыдан тігілген киімдерді көсемдер мен хандар ғана киген. Сондай-ақ сақтардың(скиф) киімдері талғаммен, жоғары сапалы маталардан тігілгенін байқауға болады. Сақ (скиф) киім үлгілері мүлдем жоқ болып кеткен жоқ, Ресей, Еуропа

сән үйлерінде, бүгінде оның кейбір түрлері өз өзектілігін жоғалтпай қолданылып отыр. Сақ кезеңінде орта ғасырда көшпелілердің киген киім үлгілеріне қарағанда әлде қайда талғаммен, жоғары сапалы маталардан тігілген.

Қазақтардың киімді солға қаусыратыны сақ киімдерінде, орта-ғасырларда түріктерде кездеседі. Көшпелілердің киім үлгілерінің тігілу мен пішілу тәсілінде сабақтастық сақталған. Киімдердің етек - жеңіне рәміздік ұғымды тұспалдайтын ою-өрнек элементтерін салу жын, перілердің, пәле - жаладан, ауру- сырқаудан қорғайды деген ұғым сақталған. Салынған ою-өрнек элементтер магиялық әсер етеді деп сенген. Кейінен тақия, сәукеленің төбесіне, домбыраға қадаған. Үкінің қара қасқасын ерлер, балақ жүнінің ұлпасын әйелдер қолданған. Үкі құсын қазақ қасиетті деп білген. Ежелгі бақсылар, сал-серілер, батырлар үкі тағып жүрген. Киімдерге көшпелілер зергерлік бұйымдардан басқа, тұмар, қорғаушы қызметін атқаратын құстар мен жануарларды дене мүшелерін әшекей ретінде таққан. Сақтардың (скиф) киім үлгілері бүгінгі таңда қайта жаңғырып сән үйлерінде түрлі стилизацияланған түрінде қолданады деген ойдамыз.

2.2. САҚТАРДЫ; ЕР-ТҰРМАН ЖАСАУ ТӘСІЛДЕРІ


Орта Азия мен Қара теңіз жағалауына дейінгі аймақта өмір сүрген көшпелі сақтар үшін көліктің негізгі түрі - салт ат болған. Сондықтан олардың тұрмыс - тіршілігінде ер-тұрман жабдықтарының алатын орны да ерекше. Этнограф ғалым - Х.Арғынбаев “ер - тұрманның құрамына кіретін заттарға: тоқым, желдік, терлік, тебіңгі, үзенгі айыл, құйысқан, өмілдірік, жүген, жабу, ат көрпе, тұсау, підер сияқты заттар” - кіреді дейді. Осылардың бәрін ер-тұрмандар демей ер-тоқым деп атай беруді ұсынады.

Көшпелі тайпалардың тұрмыстағы ең қажеттісі ер-тоқым. Ғасырдан - ғасырға оның жасалу тәсілдері, безендірілу өзгеріп, жақсара түскенін мұражайларда сақталған жәдігерлерден көруге болады. Ат - әбзелдерде қолөнердің басқа саласындай жергілікті ерекшеліктер сақталған. Соның бірі, ер-тоқым жасау тәсілдері мен безендіру әдістері. Х.Арғынбаевтың пікірінше ер-тоқымдардың жасалуына қарай “қазақ ері”, “шопақбас ер”, “үйрек бас ер”, “қан бас ер” - деген атаулар қалыптасқан. Бұлардың ішіндегі ел арасына кең тарап, Қазақстанның көптеген аймақтарын қамтитыны - “қазақ ері”. Ғалым Х.Арғынбаевтың ер - тұрман туралы жазған мағлұматтары қазіргі ел арасында жасалып, күнделікті қолданып жүрген ерлер. Ал, ер - тоқымның жасалу мәнеріне қарай этнограф

С.Қасиманов былай топтастырады “арғын ері”, “найман ері”, “дулат ері”, “мұрын ері”- дейді. Орта жүзбен кіші жүздің ер қосу өнерінде ердің жұқа жеңіл түрлері кездеседі. Бөйге атының ері ерекше жеңіл, орнықты болып келеді. Сақ шеберлері ер - тоқым әшекейлеуде өзіндік әдіс-тәсілдерді қолданған. Қазір “шығыршық, сулық” деп қолданып жүрген кеңсірік, скиф заманында “пысалдыр” деп аталатын. Оны Х.Арғынбаев “сақ (скиф) заманындағы немесе Қазақстан жеріндегі алғашқы көшпелілер дәуіріндегі ескі түрі қоладан, мүйізден не ағаштан қайқы қылыш сияктанып жасалған”- дейді. Түрлі мәнгерде жасалған псалдырлар Таулы Алтай қорғандарынан табылған. Сақ (скиф) тайпаларының жиі қоныс аударып, басқа тайпалармен мәдени ауыс - түйісте болуы Карпаттан Батыс Памирге дейін және Шығыс Алтайдың барлық өңірінде ер-тоқым мен ат-әбзелдердің бір мәнгерде жасалуына әсерін тигізді. Алтайлықтар мен ахеменидтердің (Парсы) бедерсуреттерінен ер - тоқымды көрмейміз, ал еуропалық сақтардың жауынгерлері бейнеленген суреттерде ер-тоқым аттың жүгені анық бейнеленген.

Таулы Алтайда табылған ер-тоқымдар былғарыдан жасалған қос жастықтан тұрады. Ол жастықтың ішін бұғының жүнімен немесе шөппен толтырады. Бұғының жүні тығындалған көрпешені жүн жіппен немесе қайыспен қабып тігеді. Оның астына былғарыдан немесе киізден “аң стилі” оюлары бастырма(апликация) тәсілімен тігілген тоқым салынады. Жастық пен тоқым атқа ортасынан салынатын жалпақ айыл арқылы бекітіледі. Мұндай былғары жастықтың үстіңгі, астыңғы құрақтарының көлемі үлкен, ал алды мен артына салынатын құрақ кішірек болып келеді. Соңғы құрақтар ер-тұрманның алдыңғы және артқы қасын жауып тұрады. II Башадыр қорғанынан әшекей үшін қабанның 37 тісі ілінген өмілдірік табылды.

Пазырық, II Башада қорғандарынан табылған ер - тұрмандардың алдыңғы қасы ағаштан жасалған. Оған ойылып “аң стилінде” композиция түсірілген. Ал, III, IV Пазырық, Шибө, Қаракөл қорғандарынан табылған ер - тоқымдардың алдыңғы қасы сүйекпен өрнектеліп бекітілген. Ғалым В.И.Ханенконың пікірінше “алтай мәнгерінде жасалған ер-тоқымның алдыңғы, артқы қасы Жаботинда да табылған”- дейді. Ежелгі сақтардың (скиф) ер-тоқымдарының жасалу әдіс-тәсілдері мен әшекейлеу мәнгері Солтүстік Қара теңізден бастап Таулы Алтай, Орта Азияны мекендеген тайпаларға ортақ болды. Сақ ер - тоқымының алдыңғы қасы мен артқы қасы аласа жасалып, сүйегі жеңіл өрі ықшам болған. Бұл деректерді Ассиристердің тасқа түсірген бедерсуреттерінен көруге болады. Таулы өңірде өмір сүрген тайпалар ғана ер - тоқымның алдыңғы тұсын биік қылып жасайтын. Көшпелілердің таулы жерде



12-сурет. Сақ (скиф) жауынгері
~~мен артқы қасына арқар мен мысыққа~~

жүріп тұруы үшін “шошақ бас” ерлер өте ыңғыйлы болған. Сақтарда ер - тоқымның қашан пайда болғаны туралы нақты деректер жоқ. Салт атты сақтар бейнеленген тастағы бедерсуретке қарап, ат - әбзелдердің б.з.б V-I ғ.ғ. пайда болған деп тұжырымдаймыз. Сақтарда ер-тоқым болғанын дәлелдейтін тасқа ойып, бедерлеп салынған Нимруда сарайында сурет сақталған. Бұл суретте Ассиристердің екі салт- атты сақты(скиф) ізінен қуып келе жатқаны көрсетілген.

Сақ(скиф) ер-тоқымының бүгінгісінен басты айырмашылығы псалдыр бөлшегінің көркемделіп, окуланып S тәрізді немесе оның ұшына аңның шынайы, мифтік бейнедегі мүсіні ойылып жасалуы. Келесі бір ерекшелік ер - тұрмандарды әшекейлеу мәнерінде. V Пазырық қорғанынан табылған тоқымға салынған суреттерден сақ шеберлерінің ер бұйымды ерекше талғаммен көркемдейтінін байқауға болады. Сақ

(скиф) шеберлерінің ер - тоқымға бейнеленген ою- өрнек элементтері тек ат-әбзелдеріне қатысты пайдаланылды. Бұл мәнер басқа қолөнер бұйымдарында кездеспейді. Сақ (скиф) шеберлері ат-әбзелдер мен ертұрман жасау мәнерін ғасырлар бойы қалыптастырып, дамытып отырды. Аттың үстіне тағылатын әр бөлшекке, бұйымға көркемделіп, салынған оюдың стилизацияланған немесе аң, жануарлардың кескіндемесін асқан шеберлікпен бейнелеген. Обалардан табылған әр ер-тоқымдардың бейнелеу мәнері бір-бірін қайталамайды. Алтайлықтардың қолөнерінде жергілікті ерекшеліктер ғана емес, сол сияқты әр кіші-гірім тайпалардың өзіндік оқшау мәнері де кездеседі. Ат - әбзелдерін безендіруде тайпаның рулық тотемдері аң, құс, жануарлар элементтері қолданды. Сақтардың (скиф) тотемдік жүйесі заман ағымына қарай өзгеріп, қолданыстан шығып қалды. Сақ тотемдерін қазір ел арасында табу ретінде әліде қолданады.

Орта Азия, Сібірден бастап Қара теңіз жағалауына дейін өмір сүрген тайпалардың өз тотемдері, яғни өз қорғаушысы болған. Тотем ретінде өсімдіктер, жануарлар немесе адамға қорқыныш сезімін тудыратын мифтік образдағы грифтер бейнеленген. Сақ шеберлерінің қайталанбас мәнерлерінің бірі, ер - тоқымдарға негізгі элемент ретінде аң, құс, жан-жануарлардың дене мүшелерін араластыра бейнелеу мәнері. Мифтік бейнелерді жасау үшін аралас элементтерді талғаммен, ұтымды қолданған. Фантастикалық, мифтік ұғымда пайда болған күрделі композициялар сақтардың “аң стилінде” жасаған көркем туындылары. Қазіргі қазақ оюларының негізі болып отырған “мүйіз” оюының алғашқы элементтерін сақ шеберлері былғарыдан ойып жасап, аттың төс айылына тізбектеп салпыншақтар ілген.

Ер - тоқымның безендіру бөлшегіне құс, аң, жануарлардың бастарының ғана кескіні салынып, дене мүшелері стилизацияланып шартты түрде бейнеленген. Бұғының, қойдың мүйізсіз бейнеленген басы немесе мысық тектес аңның басының кескіні өшекейге ойылып, сол ағаш, былғарыдан жасалған салпыншақтар ат-әбзелдерге тізбектеліп ілінеді. Сақ шеберлері ат-әбзелдерді көбінесе “үтір”, “қайнар” ою-өрнек элементтерімен безендірген. Бұл стилизацияланған ою-өрнектер аң құстың тырнағы мен тұмсығын тұспалдайды. Бұл элементтер II Башадыр қорғанынан табылған заттарда бейнеленген. “Үтір”, “қайнар” ою-өрнегі элементтері қазір де қолөнерде кеңінен қолданады.

V Пазырық қорғанынан табылған ер-тұрманның сыртына төрт бұрышты 12 бастырма “төртқұлақ” (крест) ою-өрнектері шахмат түзеп, тұтастай бір композиция жасап тұр. Төрт бұрыштың ішіне үшбұрыш орналастырылып, жан-жағы нүктелер мен толтырылған. Ал, үшбұрыштың ішіне бұғының басы деформацияланып бейнеленген. Ер

- тоқымның алдыңғы қасығұсас фантастикалық аңның кескіні ойылған бөлшектер тізбектеліп ілінген. Сақ шеберлері ер - тоқымды безендіруге грифтер мен бұғы кескіні ағаштан ойылған салпыншақтарды айналдыра іліп, әшекей ретінде көп қолданған. Сәнді жасалған бұл бөлшектерде тайпаның тотемдері өте ұтымды, талғаммен салынған. Сақ (скиф) шеберлері жасаған ер-тұрмандар бір - бірін қайталамайды.

Сақтар (скиф) аттың жүгенін жасауда да өзіндік технология қолданған. Егер аттың жағына S тәрізді лотос гүліне ұқсас ағаштан жасалған сулықты тақса, аттың өмілдірігіне былғарыдан үш қабаттап жасалған төс айыл тағылған. Аттың ноқтасы мен төс айылына тізбектеліп “мүйіз” оюларының жай элементтері қайыс жіппен тігілген. С.И.Руденко Пазырық обаларынан табылған аттың жүгені туралы мынандай сипаттама береді “S - аттың псалдырының ұштары лотос элемент-терімен әшекейленген. Кейінгі жаңа түрінде аттың жүгендерінің төс айылдары мен жүгеннің тартпалары үш қабатты былғарыдан ойылып жасалған тауешкінің басымен безендірілген. Мұндай аттың жүгені Пазырық қорғандарында кездеспейді” - дейді. Ғалымның қанаты жайылған грифон құсы деген элементі, көшпелілердің таңбасына, жазуына яғни, пиктографиясына айналған мүйіз элементі. Көшпелілердің бейнелеу өнерінде бұл элемент сақ кезеңінен қолданып қазірде пішінін өзгерткен жоқ.

Сақтар сол кездің өзінде жай мүйіз элементінің стилизацияланған түрін немесе “үшжапырақ” өсімдік типтес ою-өрнектерді қолөнердің барлық салаларында қолданған. Қазірде қазақ оюларының ішінде “мүйіз” өрнектің екі қанаты жайылған түрін “құсқанаты” ою-өрнегі деп жүрміз.

Орта Азия, Сібір азшылық халықтарында бүгінгі күнге дейін стилизацияланған “бұғымүйіз” қолөнердің барлық саласында қолданады. С.И.Руденканың қанаты жайылған грифон элементтері - “бұғымүйіз” ою-өрнегінің стилизацияланған түрлері. Бұғы мүйіз нұсқасында жасалған салпыншақтар аттың өмілдірігіне қалың былғарыдан ойылып, тізбектеліп ілінген. Көп елдердің бейнелеу өнерінде кездесетін “үшжапырақты” ою-өрнектер сақтардың (скиф) лотос тәрізді элементінен бастау алады деп тұжырымдауға болады. Сақтарда ғана кездесетін атқа тағылатын псалдар бөлшегі лотос гүлінің пішінінде ағаштан ойылып жасалған. С.И.Руденканың пікірінше “Жай үшжапырақты және үтір элементтерін псалдырдың ұшында бейнеленген мысық тектес аңның ауызынан көруге болады” - дейді. С.И.Руденко өз зерттеулерінде мысық тектес аңның ауызында бейнеленген “үшжапырақты” жай элементті немесе тамшыны түспалдайтын “қайнар”

ою-өрнегін грек терден көруге болады деп жазады. “Үшжапырақты” және “қайнар” ою-өрнегі көшпелілердің ою элементтерінің негізін құрайтын ежелгі элементтер. I,II,V Пазырық және II Башадыр обаларында “толқын” ою-өрнек элементімен әшкелейленген заттар көп табылған. Сақтар(скиф) аттың ноқтасындағы ауыздығының екі жағына S тәрізді сән үшін псалдыр таққан.

Таулы Алтайлықтар ер - тұрманның әр бөлшегін салтанатты түрде көркемдеген. Салтанатты безендірілген ер - тоқымдарды мейрамдар мен жерлеу рәсімдерінде арнайы қолданған. Атқа тағылатын салпыншақтар қайың ағаштарынан ойылып жасалған. Қайың қабығының бірінші қабатын сыдырып алып тастап, екінші қабатына түрлі кескінде жыртықш аңдар мен жануарларды бейнелеген. Ағаштан жасалған салпыншақтарды, түймелерді өрлеу үшін алтынмен қаптаған. Ер-тұрманның безендіру бөлшектері қола мен мыстан да жасалған. Ондай безендіргіш бөлшектер ер-тоқымға ерекше салтанатты түр береді. Безендіруге арналған салпыншақтарды тігіп, ілуге қолайлы болу үшін оларды қалың былғарыдан да ойып жасаған. Күннің орам жасаған стилизацияланған түрі “төртқұлақ” оюының әрбір ұшы жапырақша түрінде былғарыдан ойылған. Күннің сол бағытқа қарай орам жасаған нұсқасында күн сәулелері тұспалданып берілген. Осындай мәнерде ұшына гриф бастары орналасқан “төртқұлақ” ою-өрнегінің тармақтары сол жаққа орам жасаған түрі Тұяқты обасынан табылды. Ал, былғарыдан ойылған мүйізді жолбарыстың мүйізі едеттегідей тік емес, құйрығына дейін S және айшық оюларымен тармақталып ұзынан-ұзақ ойылған. Бұл фантастикалық аңның әрбір қимылы өте нәзік, талғаммен берілген. Былғарыдан жасалған төс айыл, шап айыл, тартпаларды безендіруге арналған ою-өрнектердің сегіз түрі I Туяқты қорғанынан табылған. Бұл ою-өрнек элементтері қазіргі қазақ ою-өрнегінде кездесетін “жапырақ”, “бүршік”, “айшық”, “төртқұлақ”(крест), “қайнар” тәрізді элементтер.

Сақ шеберлері былғарыдан ойылып жасалған стилизацияланған өшекей бөлшектермен ат - әбзелдердің айылдарына тізбектеп ілген. “ Олар ат-әбзелдердерді былғарының түрлі қалыңдықтан, ал оған тағылған салпыншақтарды көбінесе қайың қабығынан ойып жасаған. Ондай безендіргіш бөлшектер ер-тоқымға ерекше көрік береді. III Пазырық обасынан табылған ер-тоқымның қосымша бөлшектерінде “бұғымүйіз” өрнегі ағаштан ойылған. Сондай - ақ сақтар (скиф) ер-тоқымның алдыңғы, артқы қасына тағылған салпыншақтарға геометриялық спираль, розетка, пальметка элементтерін ілген. Көркемделіп жасалған салтанатты ер - тұрмандар жерлеу рәсіміне



13. Грифонның
аузында
бейнеленген құс

қатысты ғана емес бір жылда бір тойланатын наурыз мейрамдарына да қолданған. Ассириялықтар тастағы барельефке сақтардың салатантты ер - тұрмандарын бейнелемеген. Мұндай әшекей заттармен безендірілген ер-тұрмандар тек Таулы- Алтай өңіріндегі обалардан табылған. Ал, жерлеу рәсімінде мәйітпен бірге аттарды салу, тек Сібір мен Таулы Алтайлықтарда ғана кездесетін ғұрып. Ассириялықтардың бедер суретінде жүгеннен басқа, аттың тізгіні де анық ойылып салынған. М.П.Грязновтың пікірінше “пазырықта табылған аттың жүгені асау аттарды ауыздықтайтын қазіргі жүгенге ұқсамайтын алғашқы ат- өбзелдерінің үлгісі болып табылады”- дейді. Аттың ауызынан өткізілген айыл ежелде тұрмақ қазірде

кездеспейді, өйткені аттың ауызынан арқан немесе былғары өткізсе ат шайнап қырқып түсіреді. Мұндай тізгіннің тағы бір түрі Күл - Обада табылды, оны сүйекке салынған көріністен көруге болады. Бұл композицияда аттың үстінен құлаған сақты (скиф) сүйретіп шауып келе жатқан ат бейнеленген. Мұндағы атты тоқтату үшін жасалған тізгін оның қолында анық көрсетілген. Аттың жүгені негізінен ноқта, ауыздық, тізгін шылбыр сияқты төрт бөлімнен тұрады. Сақтардың ер-тұрмандарына үзеңгі қолданбаған.

Сақтар (скиф) жүгеннен басқа ер - тұрманның алдыңғы қасы мен өмілдірігін, құйысқанын ерекше мәнерде өрнектеген. Олар ер - тоқым аттың мойнына сырғып түсіп кетпеу үшін құйысқан таққан. Қазіргі шеберлер құйысқанды қайыстан немесе былғарыдан өрнектеп бетіне күміс, алтын түрлі-түсті тастардан көз салады. Ал, сақ шеберлері құйысқанды былғарыдан жасап, оған стилизацияланған ою-өрнек түрлерін салған. Құйысқанның екі ұшына алтын қаңылтырды қаптап, құйрықтың дәл астына бекітеді. I Пазырық обасынан табылған құйысқандардың бейнелеу мәнерінің түрлі екенін байқауға болады. Жіңішке жолақ тәрізді жасалған айылдарда “төртқұлақ” ішіне айдың қосарланған түрі, “қосалқа” оюы, өсімдік типтес, “мүйіз” оюлардың түрлері бейнеленген. Аттың құйрығына кигізетін қап (футляр) тек сақтарда кездеседі. Былғарыдан жасалған қапқа S тәрізді элемент ақ, қара фонға шахмат түзепі бейнеленген. Сол сияқты қос айылдың бір-біріне қарама-қарсы бейнесі ақ пен қара түстермен бунақталып салынған.

Аттардың ат-өбзелдері мен ер-тұрмандарын безендіруге арнайы жасалатын салпыншақтардан басқа оларға маскі кигізілген. Бұл маскілер киізден, былғарыдан жасалған. Маскінің құлақтары әдеттен үлкен жасалып, төбесіне құстың мамықтары тағылған. Маскіні атқа тұтастай кигізгенде оның көзі, мұрны және астыңғы жағы ашық қалады. Аттың әшекей бас киімінің түрі I Тұяқты қорғанынан табылды. Бұл бас киім ағаштан дөңгелек ойылып, үстіне былғары мүйіз қадалған, сондай - ақ I Тұяқтыдан аттың төбесіне тағатын таутекенің мүйіздері де табылған. Сақтар (скиф) мұндай бұйымдарды салтанатты рәсімдерде пайдаланған.

Ер - тұрманның тағы бір қосымша бөлігі - тоқымды сақтар (скиф) киізден немесе былғарыдан жасаған. Этнограф Х.Аргынбаев ежелгі тоқым жасау технологиясы туралы: "тоқымды ылғи тұтас және қалың былғарымен тыстайтындықтан, олардың бетіне бедерлі ою - өрнектер жүргізу тәсілі жиі қолданған. Бедерлі ою-өрнекті көбіне арнаулы ағаш қалыптар арқылы түсіреді. Бұл үшін бедерлі ою - өрнегі бар ағаш қалыптасып дегдігенше, қозғамай қоя тұрады. Бұдан соң тоқымға түскен бедерлі ою-өрнектердің айнала жиектерін пышақ төрізденген мүйіз аспаппен сызып, айқындай түседі. Кейде өрнек айналасын тарамыспен қайып тігеді. Мұндай бедерлі ою-өрнек келе - келе жойылып кетпес үшін, былғарының теріс жағынан ойыстарына толтыра желім құйып кептіреді де, киізбен астарлап тігіп тастайды" - дейді. Ежелгі сақ шеберлері жасаған тоқымдар орта ғасырда кеңінен қолданса, қазір киізден және барқыттан тігеді. Х.Аргынбаев тоқымдарды: "сырма тоқым", "көмкерілген тоқым" деп бөледі. "Көмкерілген тоқымдар" әйелдердің қолынан шығады да, ал былғары тоқымды шебер ершілер ғана жасайды. Әйелдерге арналғаны көлемді болып ою-өрнектермен жақсы көркемделеді, ал ерлерге арналғаны ықшамдау болып жасалады. Қазіргі тоқымдарға күрделі ою - өрнектер салынады. Ал, сақ шеберлерінің тоқымдарында "аң стилі" және сол сақ өнеріне ғана тән үтір элементтері бастырма (апликация) тәсілімен тігілген. Сақтар (скиф) былғары, киізден жасалған тоқымдарға аң мен жануарлардың арпалысқан көрінісін салуды түрлі композицияда көп қолданған:

1. Тоқымға жолбарыстың ауызы арандай ашылып көзі дөңгеленіп, шынайы бейнеленген. Жолбарыстың тісінің үстіңгі және астыңғы жағы S төрізді оюланып, ішке қайырылған. Мойнындағы жүні алты жуан ішке қайырылған "үтір" оюымен төменнен жоғарыжаққа қайырылып тұр;

2. Тоқымда бұғының дене мүшелері шартты түрде бейнеленіп,

басы артқа қайырылған. Бұғыға атылып иығынан тістеген жолбарыстың көрінісі берілген. Жолбарыстың денесі шартты түрде салынып, сары түске боялған. Ал оның кейбір тұстарына ғана қоңыр жолақтар жүргізілген. Бұғының денесіне жапсырылған алтын пластиналар тоқымға ерекше сән береді;

3.1. Пазырық тоқымында ешкі құлақты, тұмсығы ішке қайырылған бүркіт грифоны бейнеленген. Бүркіт грифтерінің тауешкіге атылған көрінісі берілген. Тауешкінің бұлшық еттеріне космогониялық (ай, күн, қайнар) таңбалар салынған.

Таулы Алтайлықтарда мүйізді және қанатты грифтердің алдыңғы, артқы аяқтарына жолбарыстардың дене мүшелерін салу сақ (скиф) мәнерінде ежелден қалыптасқан. Фантастикалық аңдардың жануарлармен арпалысу сәтін бейнелеу сақтардың сол кезеңдегі дәстүрлі мәнері. Аң арпалысы ежелгі адамдардың дүниетанымында “адамгершілік” пен “зұлымдықтың” арпалысын тұспалдайды.

Археологиялық қазба жұмыстары кезінде қорғандардан табылған тоқымның көптеген түріндегі сюжеттер бірі-бірін қайталамайды. Оларға көркемделіп салынған “аң стиліндегі” суреттерді қазір жоғарғы деңгейдегі өнер туындысы деп бағалауға болады. Тоқымнан басқа ер-тұрманның алдыңғы қасы артқы қасы, екі қаптал ағашы, белдік ағашы (бел ағаш) деген бөлшектері бар. Сол ер-тоқымның алдыңғы қасы артқы қасынан гөрі биік, алқымы көтеріңкі, беті әрленген. Ер-тұрманның алдыңғы қасын өшекейлеуде сақ шеберлері былғарыдан, алтын қаңылтырдан ойып жасалған өрнектермен қаптаған. Ер-тоқымның алдыңғы қасын “аң стилінде” көп қолданатын S (жабайы сиыр турдың мүйізі), “үтір”, “үшжапырақты” ою-өрнектер және оттың жалынын тұспалдайтын элементтер салынған. Сақтар ер-тоқымның алдыңғы қасын ағаштан, былғарыдан ойылған өшекейлермен безендірсе, кейіннен қазақтар ер-тұрман берік болу үшін ат-өбзелдің көп бөлшегін алтынмен, күміспен қаптаған. Мұндай ер-тұрмандар сән-салатант үшін ауқатты адамдар, батырлар мінген.

Ер-тұрман жасауда сақ шеберлерінің әдіс-тәсілдері, көркемдік талғамы өте жоғары болған. Ер-тоқым қосу өнерін ұста меңгергенімен, былғары, алтын мен күміске “аң стилінде” кескіндер салу сурешілік өнерді қажет етеді. Сақ (скиф) шеберлері тоқымдарға “аң стиліндегі” мифтік құстардың арпалысын жоғары деңгейдегі көркемөнер туынды ретінде салған. Сақ шеберлері ұста, зергерлік мамандығы мен қатар сұңғат өнерін жоғарғы деңгейде меңгерген олардың жасаған бұйымдарынан көреміз.

Ер-тұрманды салт-ат мінген барлық халықтар пайдаланады.

Сондай-ақ ер - тоқым жасауда әр халықтың өзіндік стильдік ерекшеліктері сақталған. Қазақ ер жасау саласында аймақтық ерекшеліктер кездеседі. Ғасырдан - ғасырға ұрпаққа мұра болып келе жатқан ер-тұрманда сақ (скиф) шеберлерінің негізгі мәнері сақталған. Тоқымды былғарыдан жасап, оның өрнегін ағаш қалыппен салса, киізден жасалған тоқымдарға бастырма (апликация) тәсілімен “аң стиліндегі” сюжеттер мен ою-өрнектердің стилизацияланған түрлері бейнелеген. Аттың құйысқаны мен өмілдірігіне әшекей ретінде күміс түймелер қадаса, сақтар ат-әбзелдерге былғарыдан, ағаштан алтынмен қапталып жасалған салпыншақтарды тізбектеп ілген. Егер әшекейлеу мәнері уақыт өте қолданыстан шығып қалса, ал ер - тұрманның негізгі бөлшектері: жүген, өмілдірік, ердің алдыңғы және артқы қасы, құйысқан төрізді бөлшектері сол қалпында сақталған. Тек сақтардың (скиф) қазір аттың құйрығына кигізетін өрнектелген қап (футляр) қолданбайды.

Сақтар (скиф) қолданған геометриялық, “айшық” ою-өрнектер қазіргі ер - тоқымда кеңінен қолданады. Бүгінгі күннің шеберлері сүйектен жасаған әшекейлер немесе күміс, алтын, шегелер болсын осы элементтеді ер-тоқымның алдыңғы артқы қасына орналастырғанда симметриялық заңдылықтарды берік сақтайды. Әшекейге қолданған материалдар мен ою-өрнектер бір тұтас композиция жасап, әсем көрініс береді.

2.3. САҚТАРДЫҢ КИІЗ БҰЙЫМДАРЫ

Ғасырлар бойы мал шарушылығымен немесе жартылай отырықшылық, егіншілікпен айналысқан көшпелілердің тұрмысына қажетті киізден жасалған бұйымдар сан алуан. Қой жүнінен иленген ақ және қара түсті киіздер, стилизацияланған ою-өрнектер немесе “аң стиліндегі” күрделі композициялар салынған тұскиіздер, сәнді тоқымдар сақ бастау алады. Көшпелілердің бұл дәстүрлі өнерінің ұрпақтан-ұрпаққа сабақтасып отырғанын қазақ халқының қолөнерінен көруге болады. Қ.Мұқановтың пікірінше “адамдар қола дәуірінде тас үйлерін тастап, көшпелі өмір жағдайына көшкен тұста киіздің алғашқы нұсқалары дүниеге келген. Сондықтан қола дәуіріндегі тас үйлердің нұсқасы қазіргі киіз үйлердің сыртқы пішіні секілді дөңгелек, күмбезді, жарық төбесінен түсетіндей етіп жасалған”- дейді.

Ежелгі сақтар үйге әр беретін текемет, сырмақтар ғана жасап қоймай, олар киізді жұқа қылып илеп, түрлі киім үлгілерін тіккен.

Киіз басудың әдіс - тәсілдері ғасырлар бойы өзгеріске ұшырамаған. Сақтардың киіз бұйымдарының қазіргі киіз, сырмақ, текеметтен басты

айырмашылығы, тек оның бейнелеу мәнерінде. Қ.Мұқанов көшпелілердің киіз басу технологиясын былай түсіндіреді: "қойдың күзем жүнін бірыңғай алып, тулаққа салып сабайды да, шиге шабақтап тартады. Үстіне суық су бүркіп шиді орап, арқанмен шандап буады, қырлап, тағыда ыстық су құйылады" - дейді. Киіз басушылар шидің ортасына бостау арқан салып, артынан ілескен адамдар киізді теуіп домалатады. Шиден алынған киізді он шақты әйел білекпен илеп болған соң, киізді кептіреді. Киіздің екі бетін киіздің асты мен үсті немесе киіздің өңі мен теріскейі" - дейді. Дайын киізден туырлық, үздік, түндік, текемет, сырмақ жасалады. Еліміздің барлық аймағында киіз басу өнері осындай қарапайым жолмен іске асады. Көшпелілер көктем келіп, ауа райы жылынғанда "қой қырқу", "жүн сабау", "киіз басу" жұмыстарына кіріседі. Киіз басуға қойдың қырқылған жүнін бірден қолданбайды. Алдымен дайын жүнді сабынмен жуып, күнге кептіреді. Содан соң туырлыққа салған жүнді сабаумен сабап, шаң-тозаңынан тазартады. Тазарған жүннің ұйысқанын жазу үшін түтеді. Киіз басуға жүннің бір түсті табиғи түсін ғана қолданады. Ал, текемет, сырмақтардың бетіне салынатын оюлардың жүнін түрлі-түске бояйды. Үй жабдықтарының ішіндегі көркемделген киіз бұйымдарының бірі - тұскиіз, текемет, сырмақ. Этнограф - Садық Қасимановтың пікірінше "қазақ ғұрыпында киіз басу бір ауылға түгел ортақ, көпшіліктің ісі болып саналған. Сондықтан киіз тебушілер домалатқан киіздерін қадірлес атаулардың сыртына апарып "қой басты, қой басты- деп өзілдейді. Ал үй иесі қой сойып, не қымыз сапырып, не болмаса құрт-май алып шығып, киіз тебушілерді қонақ етеді" - дейді.

Кеңес үкіметі орнағанға дейін қазақ даласында өрмек тоқымаған, іс тікпеген қыздар мен әйелдер кемде - кем болған. Қазақ өнерін зерттеген ғалым М.Красовский 1968 жылы осындай тұжырым айтады. Киіз басу жұмысында қазақтардың шеберлігі жоғары дәрежеде болатынын зерттеушілер ерте кезден жазып келеді. И.Я Соловцев бұл туралы: "Қазақтар киізді тамаша тапқырлықпен өте тез және сапалы етіп басады. Бұл жөнінен орыстың киіз басушылары олармен жарысқа түсе алмайды"- деген. С.М.Дудин алпыс беттік (57x73) альбомға акварельмен кілем, киіз, ағаштан жасалған бұйымдардың суретін салған. Ғалымның суреттегі ел арасынан жинаған бұл кілемдердің түрлері қазір кездеспейді. Бұл суреттер Өнер академиясының ғылыми институтында сақталған.

Көшпелілер киіз басу технологиясын ғасырлар бойы жетік меңгерген, сондай - ақ олар киіз басу тәсілдерін ең қарапайым жолдармен тез іске асырған. Алтай өңірін зерттеген С.И.Руденко "сырмақ жасау

өнері Шығыс Қазақстандықтарға мейлінше кең тараған”- деп жазады.

Сырмақ еліміздің әр аймақтарында әр түрлі болып дайындалады. Ақмоланың кейбір өңірінде сырмақты “оюлы текемет” деп атайды. Заманымызға қарай сырмақ жасау тәсілі өзгеріп, қазір екі түсті матаны киоластырып салынған оюды ашық түсті жолақтармен жиектеп тігеді. Мұндай сырмақ киізден дайындалған сырмаққа қарағанда тез тозады. Масаты (ыраң барқыт), пүліштен сырмақ тігу мәнері кеңестік кезеңде пайда болды. Сырмақтың киізін басу үшін жүнді жуу, тазалау, сабау, бояу керек, содан соң бірнеше адамның көмегімен оны илеу керек. Сырмақты дайындау үшін бірнеше адамның көмегі қажет болады. Ал, матадан жасалатын сырмақты жалғыз әйел өзі тіге береді. Сырмақ жасау технологиясы ежелден өзгеріске ұшырамаған десек те болады. Киіздің ою-өрнек салынған түрі текемет, сырмақ, түскііз деп аталады. Сырмақ, текеметтің астыңғы беті ақ не қара жүннен дайындалады. Текемет, сырмақ ою-өрнекпен нақышталғанымен қолдану аясында айырмашылық бар. Сырмақ киіздің, текеметтің үстінен салынатын төсеніш . Сырмақтың киізі жұқа болып басылып, оған ою-өрнектер шетіне жиектеліп, бастырма (апликация) тәсілімен тігіледі. Қазақ арсында сырмақтардың бірнеше түрлері кездеседі. Олар: “көш сырмақ”, “төсеніш сырмақ”, “төр сырмақ”, “төсек алды сырмағы”, “бір кісілік сырмақ” бұлар көлемі жағынан ажыратылып айтылады. Ал, түр жағынан ажыратылып айтылатын сырмақтар: “ақ сырмақ”, “қарала сырмақ”, “жиекті сырмақ”, “дебіске сырмақ”. Әр сырмақтың атауы оның жасалу тәсілін анықтап айтып тұр. С. Қасимановтың пікірінше “ақ сырмақты” қазақтың ескі ғұрыпында көбінесе күйеуі бұрын келмеген оң жақтағы қыздың астына немесе қара жамылып жоқтау айтып отырған жесірдің астына төсейтін. Ал “дебіске сырмақты” төсек үстіне, төсек алдына, жас келіншектер мен күйеу жігіттерге төсейтін, ондай сырмақты түскііздің орнына да қолданған - дейді.

Текемет жасау мәнерінде қазақ даласында аймаққа қарай өзіндік ерекшеліктері болған. Мысалы, Оңтүстікте текеметтің ортаңғы бөлігін шымқай қызыл түске бояп, үстіне тұр салады, ал Батыс Қазақстан жерінде ақ текеметтің бетіне жіңішкеlep, жиектеп “талдырма ою” салып, ортаңғы бөлігін ромбы бұрыштарына бөледі. “Талдырма салу” әдісі Жетісуда да кездеседі, Оның Батыс Қазақстандықтардан айырмашылығы талдырмада ойылған оюлар жіңішке емес, жалпақ, сырмақ оюлары секілді болып келеді. Кейбір жерлерде текеметтің екі бетіне де ою салады. Қ.Мұқанов текеметке салатын ою-өрнек түрін былай топтастырады:

1. Жан-жануарлар дүниесін білдіретін ою-өрнектер: “қошқармүйіз”, “қосмүйіз”, “сыңармүйіз”, “сынықмүйіз”, “тармақ-мүйіз”, “қырықмүйіз”, “кілтмүйіз”, “арқармүйіз”, “бұғымүйіз”, “марал-мүйіз”, “түйетабан”, “итқұйрық”, “құсқанат”, “жарқанат”, “қарғатұяқ”;

2. Өсімдік төрізді ою-өрнектер. Олар: “гүл”, “жапырақ”, “бадам”, “анар”, “шырмауық”, “қияқ” т.б;

3. Геометриялық ою-өрнектер: “ирек”, “су”, “қолтықша”.

4. Аспан әлемін, жер, дүние сырын суреттейтін ою-өрнектер: күн, шеңбер, жұлдыз т.б.

Киіз бұйымдарының ішіндегі қарапайымы “от киіз”. Бұл киіз ошаққа жақын төселетіндіктен - “от киіз” деп аталып кеткен. Киіз басу, сырмақ сыру, түкті кілем және алаша тоқу бұл өнердің барлығы сақ (скиф) дәуірінен бастау алады. Жүннен басылып, тоқылатын заттардың жасалу технологиясы ғасырлар бойы өзгеріске ұшырамайбүгінгі күні көшпелілердің дәстүрлі өнеріне айналған. Ірі өндірістерде дайындалған кілем, алашалардан гөрі шеберлердің қолымен жасалған қолөнер бұйымдары әлде қайда көркемдік, талғамдық жағынан жоғары бағаланады. Қазіргі шеберлер киіз бұйымдарына стилизацияланған ою-өрнек қолданады. Сақ кезеңінде киіз бұйымдары мен түкті кілемдерге аң, жануарлар, мифтік образдағы құстар “аң стилінде” бейнеленген. Сақ шеберлері өз өнер туындыларына құс, аң мен жан-жануарлардың бастарын кішірейтіп немесе өдеттен тыс үлкейтіп стилизацияланған нұсқасын түрлі композицияда берген. Сақ шеберлерінің мұндай мәнері “аң стилі” немесе “зоомрфтық стиль”- деп аталады. Геродоттың деректері бойынша “Сақтар (скиф) моншаларының сыртын киізбен жабатын”- дейді. Геродоттың тарихи деректерінен көшпелілер монша жасауда да киізді қолданғанын көреміз.

Киіздің өшекейлеген түрі тұскиізді қабырғаға ілген. Сақ шеберлері стилизацияланған ою-өрнек қана емес, олар сюжеттерінде адамдарды, аң, құс, жануарлардың қимыл-әрекеттерін тұскиіздерге бейнелеген. Мұндай тұскиіздер сақтардың дүниетанымы мен рухани өмірінен көп ақпарат береді. Киіз бұйымдары мен кілемдерде сақ (скиф) шеберлері өз кезеңдерінің көріністерін бейнелеген. Құдайға сыйынып тұрған төрт әйелдің көрінісі симметриялық принциппен қарама - қарсы қайталанып матаға салынған. Таулы Алтай мәнеріндегі сюжетте адам суреті берілген діни мазмұндағы композицияның бірі. Құдайға сыйынған әйелдер отқа арнайы құрбандық шалып тұр. Алдыңғы қатарда тұрған екі әйелдің оң қолдары жоғары бағытталып, сол қолдарына гүл ұстаған. Бойы ұзындау бұл әйелдердің төжіне шеті үшбұрыш геометриялық

оюлармен жиектелген мата тағылған. Олардың үстіндегі ақ түсті көйлегі мен жеңінің жиегіне үшбұрышты, дөңгелек геометриялық ою - өрнектер салынған. Екінші қатарда иіліп, қолдарына баторамал ұстаған екі әйел үстіне қоңырқай көйлек, ал басына төж киген. Ғалымдардың пайымдауынша ақ көйлекті, қолдарына гүл ұстаған әйел сол дәуірдің ханшалары да, ал артында иіліп тұрған әйелдер сарай қызметкерлерінің бірі болу керек. Бұл адам суреті бейнеленген матамен тоқымның шетін көмкеріп тіккен. Матаның “шетоюлары” мен әйелдердің үстіндегі “үшбұрыш” геометриялық ою-өрнек тұмарды тұспалдайды. Тұмардың түрлі нұсқаларын көшпелілер сиқырлы әсері бар деп тағып жүрген. Олардың пішіні үшбұрышты болып келеді. Симметриялы түрде берілген төрт әйелдің суреті төртбұрыштың ішіне келтіріліп, матаның барлық жазықтығына қайталанып бейнеленген.

III Пазырық қорғанында б.з.б. V ғ.ғ. жасалған жібек мата табылған жібек мата қытайдан мәдени экономикалық байланыстардың арқасында келген. Жібек жапқышта мифтік бейнедегі феникс пен ағаш жалырақтары кестеленіп тігілген. Оның шетіне үш тісті геометриялық өрнек айналдыра салынған. Қауызы ашылған гүлден басқа, сегізбұрышты жұлдыздың ішіне үш шеңбер салынып, соңғы дөңгелек бөлініп айды тұспалдаған. Мұндай таңбалар алтайлықтардың барлық киіз бұйымдарында кездеседі. Солардың ішінде V Пазырық қорғанынан табылған дүние жүзіне белгілі бастырма(апликация) төсілімен жасалған сырмақ пен тұскиізді атап өтуге болады. Тұскиіз, сырмақтың жанынан шатрды көтеріп тұратын төрт діңгек және ақ киізден тігілген төрт аққу табылған. Аққу құсы діңгектің төбесіне қондыру үшін арнайы дайындалған. Кейінгі қорғандарда мұндай киізден тігілген құстардың мүсіні кездеспейді. Ғалымдардың пайымдауынша шамандар бұл киізден жасалған шатырды рәсімдер өткізуде қолданған. Өйткені құс көшпелілердің дүниетанымында өлі адамның жанын аспанға жеткізуші рөлін атқарады деп ұққан. Бұл тұскиіздің жолақтарында “төртбұрыштар” мен “төртқұлақ” оюлары аралас кезекпен кезек берілген. Төртбұрыштың ішіне ассиметриялы “мүйіз” ою-өрнегі салынып, “төртқұлақ” оюының әр тармағына мүйіз қондырылған. Тұскиіздің дәл ортасына оюланған қолына ағаш ұстаған “құдай әйел” мен шашы бұйраланған салт-атты бейнеленген. Әйелдің сол жаққа шалғай жамылған бешпентінің жиегіне салынған төртбұрыш элементтер, матаға бейнеленген құдайға табынған әйелдердің көйлегіндегі ою-өрнекке ұқсас. Ал, “құдай әйелдің” бас киіміндегі “үшбұрышты” ою-өрнек элементі, әйелдер бейнеленген матаның жиегіне шетою жасап орналасқан. Үшбұрыш, пирамида элементтерінің нышандық белгісі- билік.



15-сурет. Түскиіз

көргенде қоршаған табиғатты бір сәт елестетеміз. Түскиізде тау жолдары, бұлақ сулары, даланың хош иісті гүлдері, ағаш жапырақтарының стилизацияланған түрлері берілген. Түскиіздегі жалпы көрінісі сәнді көрінеді. Табиғаттағы ұшқан құс, жүгірген аң, өзеннің ағысы құстың әні мен бұлақтың сылдыры адамға ләззәт, эмоциялық шабыт береді. Ал, сақтар түскиізді, тоқымды аң, құс, жан-жануарлардың фантастикалық, шынайы бейнелі түрлі композициялар салған. Сақ шеберлері аң мен жануардың арпалсын, аңның жеміне атылу сәтін ерекше мәнермен нәзік бере білген. Түскиізде діни мағыналық таңбалар мен сюжеттер бейнеленген. V Пазырық матасында әйелдер құдайға сыйынып тұрса, ал түскиізде қолына ағаш ұстаған “құдай әйел” мифтік образда берілген. Екі көрініске ортақ діни мазмұн “құдайға табыну”, “құдай бейнедегі” әйелдің бейнеленуі. Ал “аң образды адам” бейнеленген түскиіздегі рәміздік ұғым “зұлымдық” пен “адамгершіліктің” арпалысы. Мұндай мәнердегі “аң адам” ежелгі гректердің бейнелеу өнерінде де кеңінен қолданған. Олардың “аң адамы” кеудеге дейін адам, төменгі жағы на аттың денесі салынған (кентавр). Ал, Пазырық қорғанынан табылған түскиіздегі “аң адамның” образы грек, парсы мәнерінен өзгеше стилизацияланған бұғымүйізді “аң адам” мифтік образдарда ғана кездеседі. М. Артомонов: “Батыста кездесетін аң адамның рәміздік ұғымы, табиғаттың өсіп-өнуіне, адамзаттың жаңару үрдісіне қамқорлық жасайтын киелі ағаш ұғымындағы қорғаушы” - дейді. Ғалым алтайлықтардың “аң адамы” Шығыс Азиялықтарда

кездесетін “аң адамның” рәміздік мазмұнымен мәндес - дейді. “Аң адамның” құбыжық құспен арпалысында, құстың қауырсындары жұлынып, жан-жаққа шашыраған. Бұл сюжетте “аң адам” адамгершіліктің, ал құбыжық құс - зұлымдықтың нышанын тұспалдайды. “Аң адамның” мүйізі, қанаты, алақаны, құйрығы күрделі ою-өрнекпен стилизацияланған. Мұндай ою - өрнекті “құдай өйелдің” қолына ұстаған тармақталып оюланған ағаштан көреміз. Ежелгі сақтардың пұтка табынғанын түскиіз-дегі көріністер дәлелдейді. “Құдай өйел” қолындағы оюланған “өмір ағашын” биік көтеріп бейнеленсе, екінші суретте “аң адамның” “өмір ағашын” зұлымдықтан қорғап, арпалысқан композициясы берілген.

Кііз бұйымдарынан басқа V Пазырық обасынан түкті кілем табылған. Бұл кілемде адамның фантастикалық шартты бейнесі салынған. Мифтік образдағы салт- атты мен алма- кезек атты жетектеген жаяу жолаушы бейнеленген элементтер кілемді айналдыра 28 рет қайталанып берілген. Адам қырынан салынып, көзі дөңгелектеніп сақ (скиф) шеберлерінің мәнерінде бейнеленген. Аттың үстіндегі тоқым шеңбер, төртбұрыш және жолақ геометриялық ою - өрнектермен нақышталған. Тоқымның дәл ортасына “мүйіз” ою-өрнегі орналастырылған. Кілемдегі сюжет өмірдің үнемі қозғалыста болатынын тұспалдайды. Адам мен бұғы элементтерін бөліп тұратын жолақтар “төрткұлақ” ою-өрнегімен тізбектеліп бейнеленген.

Сақ(скиф) кілемдерінің қазіргі кілемдерден айырмашылығы адам көрінісінен мазмұнды суреттердің бейнеленуі. Қазақ шеберлері “аң стилін” өте сирек қолданған. Орта ғасырдан бастап көшпелілердің бейнелеу өнерінде ою-өрнектің тек стилизацияланған түрі дамыды. Ө.Жәнібеков “Маңғыстаудағы қолөнер шеберлері “өткізбе”, “үзілмес” ою-өрнек мәнерін қалыптастырып, сабағы ұзынша келген мүйіз ою-өрнегін өсімдік типтес үшжапырақты мәнерге айналдырды” - дейді. Стилизацияланған ою-өрнек элементтерін бөліп тұратын “қоршау”, “қорғау”, “су” ою- өрнегінің жолақтары сақтардан (скиф) қалған мәнер. Қазақ кілемдерінің ортасына салынған ою-өрнектер: “шұғыла”, “тұл”, “күмбез”, “торкөз”, “қошқарата”, “өрмекші”. Кілемдердің жасалу мәнерлеріне қарай ғалым Ө.Жәнібеков: “Жетісу түрі”, “Торғай түрі”, “Қоңырат кілем”, “Адай кілем”, “Керей үлгісі”, “Найма” нұсқасы - деп бөледі. Қазақ кілемдерінде космогониялық, геометриялық ою-өрнек элементтері қолданса, сақ мәнерінде аң, жан-жануар, құстардың шынайы және мифтік бейнелері салынған.

V Пазырық обасынан табылған кілемде жолбарыс бірнеше рет қайталанып бейнеленген. Мифтік образдағы адам бейнеленген кілемдегі

6. III Пазырық қорғаны. Бүркіт пішіндес грифонның тауешкіге атылған сәті. Бастырма (апликация);

7. I Пазырық қорғаны. Жолбарыстың басы жеке тізбектеліп бейнеленген тұскиіз. Бастырма (апликация).

Пазырық және Ноин-Ула қорғанынан табылған аңдардың жан-жануарлармен арпалысын бейнелеген бастырма(апликация) тәсілімен жасалған сырмақтардың нышандық мазмұны “адамгершілік” пен “зұлымдықтың”, қыс пен көктемнің алмасуын тұспалдайды. Сақ (скиф) шеберлері лотос гүлін, стилизацияланған мүйіздерді түрлі композицияда ұтымды берген .

1. II Пазырық қорғаны. Тұскиіздің шетіне салынған лотос гүлінің элементтері. Бастырма(апликация);

2. II. Пазырық қорғаны. Өсімдік типтес ою-өрнек тұскиізде шет ою жасап тұр. Бастырма (апликация);

3. V Пазырық қорғаны. Стилизацияланған ою элементтері салынған өрнек. Бастырма (апликация);

4. V Пазырық қорғаны. Бұғының мүйізі стилизацияланған тұскиіз. Бастырма (апликация);

5. Пазырық қорғаны. Стилизацияланған бұғы мүйіз элементі бейнеленген тұскиіз. Бастырма (апликация).

Сақтардың тұскиізде бейнелеген стилизацияланған ою элементтері қазір кездеспейді. Стилизацияланған бес элементтен құралған күрделі композиция жасап, тоқылған түкті кілем Пазырық обасынан табылды. Кілемнің шеті S элементімен айнала бейнеленіп, S - тің екі ұшына үтір таңбасы салынған. Оның жалғасқан тұсына қосарланған үш гүл, үш дөңгелек салынып, тұскиіздің барлық жазықтығына он сегіз рет ромб бұрышы қайталанып берілген. Екінші стилизацияланған ою-өрнекпен нақышталған тұскиізде доға ішіне стилизацияланған бұғының мүйізі орналастырылған. Сақ киіз бұйымдарының классификациясын үш топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Адам бейнелері салынған киіз бұйымдар;

2. Құс, аң, жан - жануарлардың шынай және мифтік бейнелері салынған киіз бұйымдар;

3. Стилизацияланған және геометриялық ою өрнектер салынған киіз бұйымдар.

Көшпелілер діни дүниетанымдарын тұрмыста қолданған барлық заттарға космогониялық таңбалар арқылы беру дәстүрге айналған. Сақ киіз бұйымдары бүгінгі күнде өзектілігін жоғалтпай, бұл өнердің жаңа үрдісте дамуына ықпал етті десек болады. Сақ(скиф) өнері қазақ өнерімен тарихи сабақтасып, мәдени шежіремізге айналыш отыр.

6. III Пазырық қорғаны. Бүркіт пішіндес грифонның тауешкіге атылған сәті. Бастырма (апликация);

7. I Пазырық қорғаны. Жолбарыстың басы жеке тізбектеліп бейнеленген тұскиіз. Бастырма (апликация).

Пазырық және Ноин-Ула қорғанынан табылған аңдардың жан-жануарлармен арпалысын бейнелеген бастырма(апликация) тәсілімен жасалған сырмақтардың нышандық мазмұны “адамгершілік” пен “зұлымдықтың”, қыс пен көктемнің алмасуын тұспалдайды. Сақ (скиф) шеберлері лотос гүлін, стилизацияланған мүйіздерді түрлі композицияда ұтымды берген .

1. II Пазырық қорғаны. Тұскиіздің шетіне салынған лотос гүлінің элементтері. Бастырма(апликация);

2. II. Пазырық қорғаны. Өсімдік типтес ою-өрнек тұскиізде шет ою жасап тұр. Бастырма (апликация);

3. V Пазырық қорғаны. Стилизацияланған ою элементтері салынған өрнек. Бастырма (апликация);

4. V Пазырық қорғаны. Бұғының мүйізі стилизацияланған тұскиіз. Бастырма (апликация);

5. Пазырық қорғаны. Стилизацияланған бұғы мүйіз элементі бейнеленген тұскиіз. Бастырма (апликация).

Сақтардың тұскиізде бейнелеген стилизацияланған ою элементтері қазір кездеспейді. Стилизацияланған бес элементтен құралған күрделі композиция жасап, тоқылған түкті кілем Пазырық обасынан табылды. Кілемнің шеті S элементімен айнала бейнеленіп, S - тің екі ұшына үтір таңбасы салынған. Оның жалғасқан тұсына қосарланған үш гүл, үш дөңгелек салынып, тұскиіздің барлық жазықтығына он сегіз рет ромб бұрышы қайталанып берілген. Екінші стилизацияланған ою-өрнекпен нақышталған тұскиізде доға ішіне стилизацияланған бұғының мүйізі орналастырылған. Сақ киіз бұйымдарының классификациясын үш топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Адам бейнелері салынған киіз бұйымдар;

2. Құс, аң, жан - жануарлардың шынай және мифтік бейнелері салынған киіз бұйымдар;

3. Стилизацияланған және геометриялық ою өрнектер салынған киіз бұйымдар.

Көшпелілер діни дүниетанымдарын тұрмыста қолданған барлық заттарға космогониялық таңбалар арқылы беру дәстүрге айналған. Сақ киіз бұйымдары бүгінгі күнде өзектілігін жоғалтпай, бұл өнердің жаңа үрдісте дамуына ықпал етті десек болады. Сақ(скиф) өнері қазақ өнерімен тарихи сабақтасып, мәдени шежіремізге айналып отыр.

жазулар (зат мазмұнындағы жазулар) әр кезеңде белгілі бір шағын топтың ақпарат алмасуына септігін тигізді.

Еуразия аймағында көшпелі немесе жартылай отырықшы өмір сүрген сақ (скиф) тайпаларының жазу тарихы бүгінгі күні скифологтардың басты мәселесіне айналып отыр. Скиф тілінде - сақтар (скиф) сөйлеген. Тарихшы Ө. Хасеновтің пікірінше: "көне түрік жазуың, сақтар (скиф) қолданған. Оған ғұндардың әміршісі Баудұн Шаньюдің қытай императорына жазған хаттары дәлел болады" - дейді. Бір ғасырдан астам көне түркі руникалық жазбаларын зерттеген ғалымдардың болжамдары қазір өз өзектілігін жоғалтты. Олардың ғылыми тұжырымдамаларынан кейін сақтардың (скиф) жазуларына қатысты деректер көп табылды. Олар: Ертіс жазба ескерткіші; Енесей сына жазуы; Талас жазулары.

Буржуазиялық шығыстану ғалымдары көшпелілердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын сараптап, олардың тұрмысы төменгі сатыда болған деп бағалады. Оған қоса көшпелілер туралы "еуроорталық" көзқарасты қалыптастырып кеткен А. Тойнбидің "көшпелілердің тарихы жоқ" деген қағидасы, жазу тарихын зерттеуге кедергілер келтірді. Көшпелілерді б.з. XVIII- XIX ғасырларда зерттеген ғалымдар олардың тілімен, салт - дәстүрі, қолөнері, бейнелеу өнері және сәулет өнерімен таныс болмады. Сондықтан олар көшпелілердің мәдени - тарихи мәселелеріне әділ баға бере алмады. Олардың зерттеулері феодализм мен капитализм кезеңдерімен шектелді. Көшпелілердің ғасырлар бойы қалыптасқан сақ (скиф) материалдық және рухани мәдениеті назардан тыс қылды. Сондықтан дүние жүзі ежелгі өркениетті мәдениеттердің қатарына кірген жоқ. Мұндай тұжырымдардың қалыптасуына негіз болған:

1. Жазба ескерткіштер кешігіңкіреп табылып, оның мазмұны бүгінгі күнге дейін оқылмағаны;

2. Дүние жүзін тамсандырған көне ескерткіштердің бейнелеу өнері "аң стилінің" рәміздік мазмұнының талданбауы;

3. Көшпелілердің қорғандары мен күмбездерді арнайы сәулет өнері ретінде қарастырылмауы.

Бұл археолог К. Ақышев: "Батыс тарихшылары мен социологтарының ғылыми еңбектерінде Орта Азия мен Қазақстанда өмір сүрген көшпелілер туралы ғылымға жат пайымдаулар кездеседі. Олардың пікірінше көшпелілер мәдени құндылықтарды жасаушы емес, тек құртушы варварлар деп қарастырылған. Буржуазиялық шығыстану ғалымдары дүние жүзін нәсілдік топтарға бөліп, ең төменгі сатыға моңғол нәсілін қойды. Сондай - ақ тарихы жоқ,

мәдениеті төмен елдердің жазу тарихын немесе олардың болғанын зерттеуге талпыныс білдірмеді.

Орта Азияда археологиялық қазба жұмысы кезінде табылған көне ескерткіштердегі бейнелеу, қолөнердің жасалу мәнері Иран, Парсы, Византия мәнері деген көзқарастар барлық скифологтардың ғылыми еңбектерінде кездеседі. Көшпелілердің бейнелеу мәнерін Иран, Грек, Вавилондықтарға жатқызса, ал Орта Азиядағы өркениетті мемлекеттің мәдениетін қалыптас-тырған үндіран, үндіарий “құпия тайпалар”. Орта Азия, Сібір, Қара теңізді б.з.б. VIII-I ғ.ғ. мекендеген көшпелі тайпалардың этникалық одағы сақ (скиф) атауымен темір дәуірі аталған.

Антикалық кезеңде ежелгі өркениетті мемлекеттермен мәдени - экономикалық байланыста болған сақтардың (скиф) ежелгі жазуларын ғана оқуға мүмкіндік болмай отыр. Қалған ежелгі өркениетті Грек, Қытай, Шумер, Парсылықтардың жазу тарихы бүгінгі күнге дейін сақталып, олардың ежелгі тарихынан көптеген ақпарат беруде. Ресей, Еуропа ғалымдарының зерттеулерінде көшпелілердің жазба тарихы орта ғасырдан басталады. Қазақстан территориясына ислам діні кең тарап, медреселер ашылып, халықты төтенше араб алфавитіне оқытты. Орта ғасырға дейінгі көне түркі руникалық жазулары, тас жазба ескерткіштерін оқитын адамдар болмаған. Бұдан шығатын қорытынды көне рун жазуларының өзі түркі тайпадарының арасында кең тарамғанын көрсетеді. Ежелгі жазуларға Енесей, Талас, көне түркі руникалық жазулар жатады. Енисей және Талас жазуларымен жазылған көне ескерткіштерді мамандар бүгінге дейін оқи алмай келеді.

Сақ (скиф) тайпаларының таңбалық жүйесі орта ғасырда б.з. өмір сүрген түркілердің орхон - енесей жазуларымен генетикалық байланысы қарастырылмаған. Мұндай принципті Ресей, Еуропа ғалымдары ұстанған. Көне түркі руникалық жазуларының түптамыры сақ (скиф) таңбалық жүйесімен байланысы бар болғанымен, ол ғылыми түрде дәлелденбеген. Бүгінгі күнге дейін Енисей, Талас жазуы жазылған 200 дей ескерткіштердің мазмұны белгісіз. Бұл жазба ескерткіштердің мазмұны оқылатын болса, көшпелілердің ежелгі тарихы туралы құнды мағлұматтар алынар еді. Ежелгі жазу тарихы бар өркениетті елдермен қатар өмір сүріп, мәдени ауыс-түйісте болған сақтардың (скиф) ғана жазу тарихы анықталмай отыр. Сонымен сақ (скиф) өркениетті мемлекетінде жазу болған ба, ол әріп таңба жүйесінің даму тарихы қандай? көне түркі руникалық жазуларының даму тарихының түптамыры қандай жазу жүйесінен бастау алады? - деген сұрақтарға нақты жауап жоқ.

“Сақ (скиф) тайпалары өркениетті мемлекет болып қана қоймай,

олардың ықпалынан Батыс Еуропа, Орта Азия, Оңтүстік Сібірде мәдени даму процесі жүрді” - дейді А.П.Смирнов. Сондай - ақ ол сақ (скиф) тайпаларын көшпелілерден бөлек кезең, бөлек мәдениет етіп қарастырады. Сақ (скиф) кезеңдері ежелгі антикалық мәдениеттердің өмір сүру кезеңдерімен сәйкес келеді.

Антикалық кезеңде өмір сүрген ежелгі өркениеттердің жазу жүйесі ежелден қалыптасқын. Сақ (скиф) жазу таңбалары туралы эпиграфиялық зат 1968 жылы Жетісудағы Қаратома қорғанында табылды. Күміс ыдыстың түбіне төрт таңба салынған, сондай - ақ , 1963 жылы Ақтас қорғанында б.з.б. IV-VI ғ.ғ. отыздай таңба салынған тас табылған. Тастағы жазудың әрбір жолындағы таңба қайталанып қолданады. Сақтарға (скиф) қатысты жазба ескерткіші Есік обасынан табылды. Оған 28 таңба екі қатар болып түсірілген. Қаратома, Ақтас, Есік ежелгі таңба жазулар қандай мазмұнды береді? не болмаса бұл жазу ежелгі адамдардың жерлеу ғұрыпына қатысты қолданған “құрбандық жазуыма”, бұл мәселелер әлі де түпкілікті зерттеулерді қажет етеді. Шақырылған беделді лингвистер мен тюркологтардың тұжырымдары көңілге қонымды болмады. Сақтардың (скиф) бітімгершілік туралы ғұрыпты Геродот жазған болатын. Ол деректерді растайтын алтын, күмістен ыдыстар бай қорғандардан табылды. Есік күміс ыдысын сақтар (скиф) өзара келісім шарт жасау рәсімінде қолдануы мүмкін. Бұл сақ (скиф) тайпаларының бөріне ортақ дәстүр. Олар бұл рәсімге күмістен жасалған арнайы ритон, кесе пішіндегі ыдыстар қолданған. Сақтар келісім шарттарды өзара бекіту үшін ыдысқа қатысушылардың қаны араластырылған шарап құяды. Рәсімге қатысушылар садақтың оғын, қылышын, найзаның ұшын ыдысқа батырып, ұзақ бата оқиды. Соңынан қатысушылар мен сол тайпаның беделді адамдары осы ыдыстан ұрттап ішеді. Бұл сақтардың (скиф) ырымы “қандас” болуды білдіреді. Мұндай дәстүр сақ (скиф) тайпаларының арасында кең тараған.

Күл - оба күміс құмырасы мен күмістен жасалған ритондарда және екі скифтің кішкентай мүсінінде бір ритоннан ішіп тұрған кескіні берілген. Бұл Геродоттың жазба деректерінде келтірілген сақтардың (скиф) бітімгершілік, қандас болу рәсімі бейнеленген. Есік қорғанынан табылған күміс ыдыс та сол рәсімге арналған деп болжауға болады. Сақтар (скиф) өзара келісім шарт рәсімін жасасқанда күміс ыдысқа өздерінің таңбаларын түсіруі мүмкін. Есік обасынан табылған күміс ыдысқа сызып түсірілген таңбалар жазудан гөрі, рулық тайпа таңбаларына сәйкес келеді. Күміс ыдысқа түсірілген рулық таңбалар жерленген көсемге қарасты тайпалардың белгілері болуы мүмкін. Ал, Таулы Алтай көсемдерінің қарамағында болған тайпалардың санын

жерленген жылқылардың ені арқылы анықтауға болады. Аттың құлағындағы ендер әркімнің меншігінде болғанын көрсетеді. Күміс ыдыстағы жазуды оқуға белгілі тюрколог А. Аманжолов пен А. Махмудов шақырылған. Олар 28 таңбаның төртеуін ғана “азук” деп оқыған. Олардың бұл өріп таңбаларының “алтай тіліне” немесе көне түрік өріп таңбаларына келеді деген болжамы сақтардың ежелгі жазу тарихына жақындата түседі. Ал, Ресей шығыстану институтының ғалымдары И.М.Дьякова, В.А.Лившиц” бейнеленген екі жолдағы таңбаларды жазу деп айту үшін арасында пунктуациялық белгілер қойылу тиіс, сондай-ақ 25-26 таңбаның тек 16-17 анық оқылады” - дейді. Бұл жазудағы өріп таңбаларын олар арамейлік таңбаларға жатқызады. Бұл лингвист ғалымдарының тұжырымдары осыдан бір ғасыр бұрын айтылған Томсеннің пайымдауларымен сәйкес келеді. Ол көне түркі орхон - енесей жазуларына қатысты айтқан пікірі еді. Есік күміс ыдысында жазылған екі жол жазуды оқуға еліміздің белгілі тюркологтары мен Ресей ғалымдары қызығушылық танытқанымен одан белгілі бір нәтиже шығара алмады. Есік күміс ыдысының екі қатар жазылған 28 таңбасының әр бір таңбасы екі - үш реттен қайталанып келеді. Сыртқы нұсқасына қарай топтастырғанда 11 таңба Талас, Енисей , көне түркі руникалық өріп таңбасымен ортақ болып шықты. Сондай - ақ этрустық, арамей, финикия таңбаларына ортақ бір екі таңба кездеседі. Бұдан шығатын қорытынды көне түркі руникалық жазу тарихы ежелгі сақ кезеңдерінен бастау алады деп болжауға болады. Есік күміс ыдысындағы кейбір таңбалар көне рун ескерткіштері мен Таулы Алтай өңірінде табылған сақ қолөнерінде бейнеленген таңбаларды қайталайды. Олар: жақша, дөңгелек, қос дөңгелек, үшбұрыш.

Сақ (скиф) таңбалары ежелгі адамдардың арасында бөріне түсінікті болғаны оның қолдану аясынан көруге болады. Таңбалар сол сияқты белгілі бір рәміздік ұғымды білдірген. Мұндай таңбалар ежелгі сақтардың тотемдік қызметін атқарса, кейінгі қазақ руларында таңбалар рулық белгіні білдірген. Көшпелілердің таңбаларымен таныс емес ғалым, олардың жазу тарихына түсініктеме бере алмайды. Бұл жерде рулық таңбалар ежелден сақ жәдігерлерінде бейнеленген, ал рулық таңбаларға қоса ежелгі адамдардың діни ұғымын білдіретін космогониялық элементтер жазу тарихының негізін қалады десек болады.

Минусинскіде сақтардың (скиф) космогониялық таңбалары бейнеленген қоладан жасалған айна табылды. Қола айнаны сақтар бал ашу үшін қолданса, ал арнайы рәсімдер өткізуде бұл айна шамандардың сиқырлы құралы болған. Сондай- ақ қола айналар сақ қорғандарының барлығында, әсіресе әйелдер жерленген обаларда

кездеседі. Қола айналар ежелгі адамдардың түсінігінде магиялық әсері бар сиқырлы құрал. Минусинскіде табылған қола айнаның бетіне симметриялы түрде көне түркі руника жазуының таңбалары және сақ (скиф) діни дүниетанымында көп қолданатын космогониялық ай, крест таңбалары мен ирек сызықтар салынған. В.С.Стариков: "Бронзовое зеркало с неизвестными иероглифическими письмами из минусинской котловины" - деген ғылыми мақаласында сақ (скиф) таңбаларын қытай иероглифтері ретінде қарастырып, ашқан ғылыми жаңалығын оқыту үшін қытай мамандарын шақыртады. Оның бұл гипотезалары нәтиже берген жоқ. Сақ(скиф) қола айнасындағы таңбалар қытай көне қытай иероглифтері деген болжау сол күйінде қалып қойды. Ежелгі б.з.б. ғасырда өмір сүрген адамдардың дүниетанымынан ақпарат алу үшін, жазба туралы тарихи деректерді зерттеу мәселесін синхрондық этнографиялық дәлдікпен анықтау қажет, сонда ғана тарихи шындыққа сай деректерді алуға болады.

Ежелгі жазба әдебиетінің жазу жүйесін анықтау үшін, олардың барлық кезеңіндегі таңбаларды салыстырмалы түрде зерттеуді мақсат етіп алған дұрыс. Ежелгі мәдени мұралардың бәрін белгілі бір дәстүрмен және рәсімдерге қатысты қарастырамыз. Есік күміс ыдысына сызу әдісімен түсірілген таңбаларды, И.М.Дьяков пен В.А.Лившиц сызықты ("продорпанный") стилімен түсірілген деген. Ф. де Соссюрдің пікірінше мұндай "сызықты" таңбалар жасау тәсілін ежелгі Харапптарда қолданған. Олар: ай, балық ағаш жапырақты пішіндегі тастар мен ағаш тақтайшаларына сызықты тәсілмен таңбалар түсірген. Олар бұл жазуларды құрбандық жазулары деп атаған. Харапп мәдениетінің жазу тарихы осы сызықты таңбалардан бастау алады дейді ғалым. Сақ (скиф) өркениетті мемлекет тайпаларының жазу тарихы туралы деректер бірізділікке қойылмағандықтан, біз көршілес елдердің жазу тарихымен салыстырмалы түрде зерттейміз. Есік обасынан табылған күміс ыдысқа түсірілген рулық таңбалар сызықты тәсілімен түсірілген. Қытай мемлекетінің жазу тарихы бамбук тақтайшаларына, жібек маталарға, ал соңында қаразға жазылды.

Қытайлықтар сақ (скиф) тайпаларымен барлық кезеңдерде бірге өмір сүріп, мәдени-экономикалық байланыста болған елдердің бірі. Оларға хун-ну, юе-чжи, үйсін, қаңлы, динлин, массагет тайпаларымен таныс болған. Бұл тайпалар туралы тарихи деректерді жазба түрінде қалдырып кетті. Қытай империясының әр кезеңдерінде сақ (скиф) көсемдерінің аттары, тайпалар атаулары мен мекен-жайлары картаға түсірілген.

Сақтар (скиф) жақын араласқан ежелгі өркениетті мемлекеттердің

бірі микен кезеңінде өмір сүрген ежелгі гректер. Ежелгі гректердің жазу өріп таңбаларының тұптамасы финикиялықтардан бастау алады. Олардың алфавиті 24 өріп таңбасынан тұрады. Бұл өріптің әрбір таңбасы фонетикалық заңдылықтарын қатаң сақтаған. Антикалық кезеңде өмір сүрген ежелгі грек қоғамында жазу кең тарамаған. Бұл өнерді санаулы ғана адамдар, оның ішінде білікті летописецтер ғана меңгерген. Олар есеп - қисаптар мен діни текстерді жазып отырған. Бұл міндетті б.з. атқарған (орта ғасырда) адамдар тарихи деректер мен кезеңдердегі оқиғаларды жазып отырған. Ал, көшпелілер секілді үнділіктерде ауыз әдебиеті жақсы дамыған. Олар ауыз әдебиетін вийский, эпический, классикалық, санскриттік деп төрт кезеңге бөлді. Грек пен Үнділердің жазу тарихы бөріне үлгі болды деп айта алмаймыз. Жазу тарихының негізі Шумер мемлекеттерінен басталады. Ежелгі өркениетті елдердің жазу жүйесінің дамуына ықпал еткен ғалымдардың пайымдауына ша шумер жазулары тарихының алғашқы өріп таңбалары суреттен басталған. Салынған бір сурет бір сөздің мағынасын береді. Шумерліктер туылған баланың күнін жазу үшін, олар құс пен жұмыртқаның суретін салған. Салынған суреттен баланың туылған күні екенін ұғуға болады. Олардың жазуларында бірте - бірте ойды жеткізетін таңбалар көбейе бастады. Шумерліктерде бұқаның басының суреті - бұқа деген сөздің толық мазмұнын береді. Кейін таңбалар шартты белгілерге айналып көбейе түсті. Шумерліктердің жазу тарихы осылай басталды десек болады. Олар алғашқы жазу текстерін саз балшықтардан жасалған кесек қыштарға жазып отырған. Археологтар қазба жұмысы кезінде клинопись жазуларымен жазылған мыңдаған тақтайшалар тапты. Шумерліктердің жазу жүйесі Урарту, Сирия, Финикия Грек елдерінің негізін құрайды. Шумерлер сияқты суретті жазуларды көшпелілерде кеңінен қолданған. Ежелгі көшпелілердің дүниетанымында ою-өрнектің магиялық қасиеті болған, сондай-ақ ол белгілі бір рәміздік ұғымды тұспалдаған. Шумерліктер бұқа деген сөзді жазу үшін оның басының суретін салса, көшпелілердеің аң, құс, жануарлар мен жәндіктердің стилизацияланған түрі, бір сөздің мағынасын береді. Бұл “заттық жазулар” қазақ бейнелеу өнерінде қазірде сақталды. С.Қасиманов көне ою-өрнектердің 200-дейін, сол атаулардың 50 шақты мазмұнын ел арасынан жинап, қағазға түсірген.

Кеңес үкіметіне дейін қазақтар қырғыз атанып, түбі бір қырғыз елімен қолөнері ортақ болғандықтан, екі елдің арасында айырмашылықтан гөрі ұқсастық көп. Сондықтан М.В. Рядин жинаған ою-өрнек элементтері қазақтікі, қырғыздікі деп қарастырып, оның атауларының этимологиясын зерттеген жоқ. Сондықтан суретші М.В.

Рындиннің этнографиялық материалдарын екі елдің мәдени мұрасы ретінде қабылдауымыз керек. Оның рәміздік ұғымды білдіретін ою-өрнек элементтері аралас қолданған. Бұл элементтердің ішінен сақ мәнерінде қолданған ою - өрнектермен, ежелгі таңбалар көп кездеседі. Бір айта кететін жайт түркі тілдес халықтардың ішінде ежелгі сақ “аң стилін” сақтап қалған елдердің бірі қырғыздар. Шумерліктердің суретті жазуларына қарағанда көшпелілердің таңбалық жазуы түрлі тәсілде беріледі. М.В. Рындиннің еңбегінде бірнеше элементтер араласып, бір рәміздік ұғымды берсе, қазақ ою - өрнектеріне тән қасиет “жыланбас”, “қазтабан”, “қошқармүйіз” “бөрікұлақ” ою-өрнегі сол аңның, жануардың, жәндіктің атауымен қатар, рәміздік ұғымды білдіреді. Ою-өрнектің ирек сызығы жылан деген сөзді білдіреді. “Қошқармүйіз” ою-өрнегі қой, қошқар деген бір сөздің мағынасын бір элементпен ғана бейнелейді. Сондай - ақ “қошқармүйіз” деген ою-өрнектің ежелден келе

8.



Жаңа туған сәбиді тіл-көзден сақтап, бақыт әкелетін тұмар.

Негізгі элемент



тұмар



ай



а с п а н д а
ұшып жүре-
тін мифтік
ұғымдағы
әйел бейнесі

9.



Қайнардың жағасындағы жапырақтардың астына жасырылған екі жылан.

Негізгі элемент



жапырақ



қайнар




жылан

жатқан рәміздік мағынасы бақыт - береке дегенді білдіреді. Ежелгі сақтарда (скиф) аң, жануар мен құстарды тұспалдап бейнелеу шумерліктердің суретті жазулары секілді жақсы дамыған.

Ежелгі сақтар (скиф) суретті таңбалардан графикалық таңбалар жиынтығы пайда болды. Ондай таңбалар сақ (скиф) одақтарының, кейіннен қазақтардың ру таңбаларына айналды. Ру таңбаларының нұсқасы туралы деректер жазба түрінде сақталған. Ежелгі рун жазуларының негізіне рулық таңбалар кірді. Космого-ниялық, рулық таңбалардан басқа протоүнділердің ежелгі жазуларында кездесетін таңбалар Ертістің жоғарғы ағысындағы тастан табылды. Бұл таңбалар протоүнділердің ежелгі жазу тарихындағы әріп таңбаларына ұқсас. Орта Азия мәдениетін үндіран, үндіарий тайпалары жасаған деген ғалымдардың пайымдауларына В. Бартольд "бұл тайпалар Орта Азияда кірме тайпа болған ба? әлде жергілікті жерде өмір сүрген туралы тарихи деректер сақталмаған"- дейді. Бұдан шығатын қорытынды ежелгі Еуразияға үндіарий, үндіран тайпаларының кіші - кірім тайпа жергілікті халықпен ассимиляцияға түсіп, жергілікті тұрғынға айналуы мүмкін.

Ертістің жоғарғы ағысындағы тасқа түсірілген таңбалар солардың белгісі іспеттес. Жартасқа қашалып салынған таңбалардың ішінде көшпелілердің бір - екі рулық таңбасы ғана кездеседі. Г.Е.Спаский тарих пен философиядағы шешілмей жатқан ұлы мәселелерді шешу үшін ежелгі жазулар оқылу керектігін айта отырып, ол сондай - ақ Ертіс бойындағы тастардағы жазуға өзінше этноинтерпретация береді. Оның пікірінше суретте адамдар, жануарлар тұрмыста қолданған садақ пен қалқандар деп талдай келе "көшпелілердің тұрмысын салған тастағы суреттер сауатсыз адамдардың қиялынан туған бейнелер"- дейді. Сондай - ақ олардың алдында өмір сүрген адамдардың деңгейі бұлардан жоғары болған деп болжам айтып, оған тарихи деректер келтіре қоймайды. Протоүнділердің ежелгі жазу тарихында көп қолданытын төркөзді төртбұрыштар Ертістің тастарында суреті әр түрлі болып салынған. Бұл таңбалар көшпелілердің көне ескерткіштерінде немесе рулық таңбаларда кездеспейді. Шырша ағашының графикалық суреттері - протоүнділіктерде "мәңгілік" мағынасын білдіреді. Сол сияқты кісінің графикалық бейнесі протоүнділердің тектінде жиі қолданады. Төртбұрыштардың 14, 6 бөлікке бөлінуі протоүнділіктерде сандық мағынаны білдіреді, ал дөңгелектің төртке бөлінуі уақытты көрсетеді. Ал, 32,9 қысқа сызықшалар санның көптік мағынасын көрсетеді. Сонымен Ертістің жоғарғы ағысында тастарға салынған суретті Г.И.Спаскийдің "надан көшпелілерді" салған суреті деген болжамдары, протоүнділердің жазу текстеріне келеді.

Ежелгі б.з.б. ғасырда пайда болған көшпелілердің зерттелмей, оқылмай жатқан жазба ескерткіштері көп. С.Е.Маловтің пікірінше: "Моңғолияда, Сібірде, Жетісуда 200 - ден астам оқылмай жатқан жазба ескерткіштері сақталған" - дейді. Балық пішіндес тастарға жазылған б.з.б. VII-IV ғ.ғ. Енисей жазулары мен таяқшаларға жазылған Талас жазулары ежелгі Харапш стиліне ұқсас болып келеді. Грек әріп таңбасы секілді түркі көне жазу әрпі таңбалары 24 әріптен тұрады. Грек жазу тарихы финикиялықтардан басталатыны тарихта белгілі. Көне руникалық таңбалар ежелгі жазу тарихы Енисей мен Талас жазуларынан бастау алады. Оған Есік қорғанынан табылған күміс ыдыстағы 11 ортақ таңба дәлел болады. Көне руникалық әріп таңбасы рулық таңбалардан құралғанын В.Томсен бір ғасыр бұрын зертеу жұмыстарында жазған. Оның пайымдауларында түркі орхон-енесей жазуларының шығу тарихы мен түп тамыры белгісіз деп жазады. Оның гипотезасы бойынша көне түркі руникалық жазулар "арамей - пехлеван" немесе "арамей соғадий" стиліне келеді делінген. Бір ғасыр бұрын айтылған бұл гипотезалар қазір өзектілігін жоғалтты. Бір ғасырдың ішінде сақ (скиф) кезеңдеріне қатысты көптеген көне ескерткіштер табылды.



17-сурет. Сақтар

Сақ (скиф) өркениетті мемлекеттің жазу тарихы әр кезеңде түрлі мәнберде қолданған. Алғашқы қауымда пиктограммалар (суретті таңбалар) мен пиктография (суретті жазулар) арқылы ақпарат алмастырылып отырса, Сақ(скиф) кезеңдерінде идеографиялық (заттық мазмұндағы жазулар) және сақ(скиф) жоғарғы тап өкілдерінің арасында ежелгі рун жазулары қолданған. Көшпелілер жазуларын қайың қабығына, таяқшаларға, сондай-ақ Сібір азшылық елдері ХІХ ғасырға дейін қолданған былғары құрақтарына жазуы мүмкін. Ондай жазу жазылған материалдар ұзақ сақталмайды. Ежелгі өркениетті гректердің микен кезеңінде қоғамда жазуды барлығы меңгермеген. Оқиғалар мен құжаттарды жазып отыратын арнайы адамдары болған. Сақтардың (скиф) жоғарғы тап өкілдерінің қарамағында да жазуды қағазға түсіріп отыратын адамдардың болуы мүмкін. Ежелгі сақ (скиф) қоғамында жазу жүйесін кең қолданбағаны мен таңбалық белгілерді қолөнерде, бейнелеу өнерінде қарапайым халық түрлі мәнберде бейнелеген. Бұл таңбалардың рәміздік мағынасы барлық аймақтарда өмір сүрген сақтарға түсінікті болған. Сақ (скиф)көсемдері мемлекетаралық хаттарын Талас жазулары сияқты таяқшалар мен қайың қабықтарына, былғарыға жазуы мүмкін, сондықтан ондай жазулар ұзақ сақталмаған.

Бүгінгі күні көне түркі руникалық жазудың сақ (скиф)таңбалық жүйесімен генетикалық байланысы мен түркі эпиграфикасы туралы мәселелер тұр. Бұл көне жазулар оқылса бізге белгісіз көптеген көшпелілер тарихының мәселесін шешуіміз ықтимал.

* * *

МАЗМҰНЫ

Кіріспе....	3
I. САҚ ӨНЕРІ-ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ АРХЕТИПИ	
1.1 Сақ дәстүріндегі рәміздік ұғымдар	5
1.2. Сақтардың бейнелеу өнері	47
Сақ төніндегі әшекей (татуировка)	66
II. САҚТАРДЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІ.....	70
2.1. Сақтардың киім үлгілері.	70
2.2. Сақтардың ер-тұрман жасау тәсілдері	82
2.3. Сақтардың киіз бұйымдары.	91
III. САҚТАРДЫҢ (СКИФ) ЕЖЕЛГІ ЖАЗУ ТАРИХЫ ...	101

Маргарита Шаяқықызы
Өмірбекова

САҚ (СКИФ) ТАРИХЫ МЕН МӘДЕНИЕТІ *Оқу құралы*

Жауапты редактор *Өмірбекова М.*
Көркемдеуші редактор *Кенжалиева Д.*
Суретті салған *Әбішева Р.*
Техникалық редактор *Шаяхмет Г.*

Басуға 12. 08. 2004 ж. қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Офсетті басылыс. Шартты баспа табағы 6,75 б. т. Есепті
баспа табағы 5,5 б. т. Таралымы 2000 дана.
Тапсырыс 25.

“Зият Пресс” баспасы
тел. 8 300 338 65 83